

«Абылай хан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері
университеті» АҚ

УДК 373.3.016:811.111:004

Қолжазба құқығында

ТУЛЕКЕНОВА ДИНАРА ТОЛЕУБЕКОВНА

**Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ
бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-
коммуникативтік компетенциясын қалыптастырудың
тұжырымдамалық негіздері**

6D011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекшісі
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор Кульгильдинова Т.А.

Шетелдік кеңесшісі
профессор Стоянова М.А.
(Бургас қ., Болгария)

Қазақстан Республикасы
Алматы 2023

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	4
ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР.....	5
КІРІСПЕ.....	6
1 АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР	14
АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ МЕКТЕП ШЕТЕЛ ТІЛІ	
МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ	
КОММУНИКАТИВТІК	
КАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	
1.1 Бастауыш мектепте шеттілдік білім беруді дамытудың үрдістері мен мәселелері.....	14
1.2 Кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенция құрылымы мен мәні.....	23
1.3 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар - болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастырудың құралы.....	35
Бірінші тарау қорытындысы.....	45
2 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ МЕКТЕП ШЕТЕЛ ТІЛІ	47
МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ	
КОММУНИКАТИВТІК КОМПЕТЕНЦИЯСЫН АҚПАРАТТЫҚ-	
КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ	
КАЛЫПТАСТЫРУ МАЗМҰНЫ.....	
2.1 Болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын ақпараттық - коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптастыру моделі.....	47
2.2 Болашақ бастауыш мектеп шетел тілін мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын ақпараттық - коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптастыру профконцептісі.....	66
2.3 Болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыруға бағытталған интегративті-интерактивті жаттығулар жүйесі.....	79
Екінші тарау қорытындысы.....	89
3 АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР	90
АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ МЕКТЕП ШЕТЕЛ ТІЛІ	
МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ	
КОММУНИКАТИВТІК	
КАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ТӘЖІРИБЕЛІК ЭКСПЕРИМЕНТ	
ЖҰМЫСЫ.....	
3.1 Болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптасу деңгейлерін	91

диагностикалық бағалау.....	
3.2 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру әдістемесі.....	101
3.3 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастырудың тәжірибелік-эксперименттік нәтижесін талдау.....	114
Үшінші тарау қорытындысы.....	124
ҚОРЫТЫНДЫ	127
ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	132
ҚОСЫМША А - Студенттердің/болашақ бастауыш шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени субкомпетенциясы деңгейлерін бағалайтын №1 сауалнама.....	143
ҚОСЫМША Ә - Студенттердің/болашақ бастауыш шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-ақпараттық субкомпетенциясы деңгейлерін бағалау сауалнамасы.....	145
ҚОСЫМША Б - Студенттердің/болашақ бастауыш шетел тілі мұғалімдерінің лингводидактикалық субкомпетенциясы деңгейлерін бағалау сауалнамасы.....	146
ҚОСЫМША В - Онлайн ойындарын құру үшін тиімді веб-сайттар.....	148
ҚОСЫМША Г - Ағылшын тіліндегі аутентті мәтіндері бар веб-сайттар, журналдар, газеттер.....	149
ҚОСЫМША Ғ – Ертегілер тізімі (Fairy Tales).....	150
ҚОСЫМША Д – Цифырлық әңгімелеу құралдары.....	151
ҚОСЫМША Е – Тәжірибелік эксперимент барысындағы студенттердің жұмыстары.....	152

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі стандарттарға және нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылды:

«100 нақты қадам» Ұлт жоспарының қадамдарын және Білім мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатындағы жаңартылған білім беру мазмұны

Педагогтың кәсіби стандарты, Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі, 2022 жыл

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту. Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 521 Жарлығы.

ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР

ҚР	– Қазақстан Республикасы
АКТ	– ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
ШТ	– шетел тілі
ОӘК	– оқу әдістемелік кешен
ҰБШ	– ұлттық біліктілік шеңбері
ЭББР	– электрондық білім беру ресурстары
ЦББР	– цифырлық білім беру ресурстары
КЛК	– когнитивті-лингвомәдени кешен
ҚазХҚжӘТУ	– Абылай хан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті
TPR	– (Total Physical Response) толық физикалық жауап қайтару әдісі
ЖЖОКБҰ	– жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары
ЭТ	– эксперименталды топ
БТ	– бақылау тобы

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасында саяси, экономикалық және мәдени қарым-қатынастардың дамуы мен нығаюы еліміздің халықаралық қоғамдастыққа енуімен сипатталады. Бұл өзге тілдерге деген қажеттілікті туғызып, тіларалық байланыстармен мәдениетаралық қарым-қатынастарды орнатудың негізі болып отыр.

2023-2029 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың басым бағдарламаларының бірі [1] және «Педагог» стандартына [2, б. 1] сәйкес бастауыш мектепте шетел тілін оқытатын болашақ мұғалімдерді даярлауды талап етеді.

Жоғары оқу орнында шеттілдік білім беру тиімділігін арттыру үдерісі базалық шетел тілін оқыту мен шеттілдік білім беру курсына болашақ мұғалімдердің кәсіби компетенциясын қалыптастырудың сапасына байланысты, ал шеттілдік даярлықтың соңғы нәтижесі болып кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясы қалыптасқан мәдениетаралық коммуникацияның субъектісі ретінде тұлға саналады. Кәсіби дағдылардың шетел тілін ерте жастан оқытуға даярлығы бар мұғалімнің мамандығын ескерумен қалыптасуы бастауыш мектепте тілдерді оқыту әдістемесінің лингводидактикалық мәнін түсінуде нәтижелерге жетуді қамтамасыздандырады.

Бұл жұмыста бастауыш мектептегі болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастырудың лингводидактикалық аспектілерін теориялық және практикалық тұрғыда түсіну жүзеге асырылады.

Соңғы онжылдықта шетел тілдері мұғалімдерінің кәсіби даярлығын жетілдіруде, оның мазмұны мен жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде шеттілдік білім беруде лингводидактикалық материалды жүзеге асыру мүмкіндіктеріне бағытталған зерттеулер жүргізілді.

Кәсіби компетенцияларды қалыптастыру проблемаларымен қатар білім берудегі құзырлылық тәсілге байланысты мәселелер келесі еңбектерде көрсетілген: С.С.Құнанбаева, С.Г. Молчанов, Р.П. Мильруд, И.А.Зимняя, О.А.Сальникова, Е.И. Емельянова, О.М. Бобиенко, А.В.Хуторской, А.Н.Хомский, Ж.Н. Бисенбаева және т.б.

Бірқатар ғалымдар бастауыш білім берудегі тілдік әдістемені зерттеген: И.А.Кониная, И. А. Зимняя, К.Э. Безукладников, Н.Д. Гальскова, Ю.И. Сизова, Н.А. Апарина, А.Е. Мамонтова, Т.А. Кульгильдинова, А.Е. Стамбекова.

Шетел тілін оқыту проблемасының негізгі психологиялық-педагогикалық қағидалары: Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев, П.Я.Гальперин, А.А. Леонтьев, И.А. Зимняя, Жан Пиаже, Дж.Брунер, А.Н.Хомский, Б. Блум, Г.С. Кушукова, В.В. Давыдов, Д.Б.Эльконин, Н.Ф.Талызина, Р.Х. Гильмеева, Дж.Келли, Л.В. Щерба сынды ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады.

Шетел тілін оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша да зерттеулер баршылық (М.Н.Евстигнеев, Т.Г. Головкин, А.А. Витухновская, В.В. Мендель, С.Н.Женетль, А.Н. Щукин, А.И.Башмачников, Г.К.Нургалиева, Д.М. Джусубалиева, А.Т.Чакликова, К.Э.Безукладников, В.Н. Иванченко).

Сонымен ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге талдау жасаған бастауыш мектеп болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру проблемасының әлі де болса, жеткілікті зерттелмей отырғанын дәлелдейді.

Демек, бастауыш мектепте шетел тілін оқыту әдістемесін жетілдіру мақсатында қазіргі қоғамның бастауыш мектептегі шетел тілі мұғаліміне қойылатын талаптары мен бастауыш мектепте шетел тілін оқытудың теориялық және лингвистикалық аспектілерінің жеткіліксіз дамуы арасында; тілдік жоғары оқу орындарында бастауыш мектеп болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастырудың лингводидактикалық мазмұнын дамыту қажеттілігі мен ғылыми-практикалық базасының әдістемелік қамтамасыз етілу жағдайы мен оны жүзеге асыру арасында қарама-қайшылықтың бар екендігі анық байқалады. Осы қарама-қайшылықтың шешімін іздестіру бізге зерттеу проблемамызды анықтауға және тақырыпты «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастырудың тұжырымдамалық негіздері» деп таңдауымызға негіз болды.

Зерттеудің нысаны. Жоғары оқу орындарында шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлаудың педагогикалық үдерісі.

Зерттеудің пәні. Болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптастыру әдістемесі.

Зерттеудің мақсаты – Жоғары оқу орындарының оқу үдерісінде болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру моделін және оны ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде жүзеге асыру технологиясын әзірлеуде теориялық тұрғыдан негіздеу және эксперименталды түрде тексеру.

Зерттеудің ғылыми болжамы. Болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру үдерісі тиімді болады *егер*:

- ақпараттық-коммуникациялық технологиялары қолдану арқылы жүзеге асырылатын когнитивтік-іс-әрекет, ақпараттық-интерактивті және селективті-коммуникативтік ұстанымдары тұжырымдамалық негізі ретінде айқындалса,
- лингвомәдени, кәсіби-ақпараттық және лингводидактикалық субкомпетенциялар негізінде оқу үдерісін ұйымдастыру үшін бастауыш

мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру моделінің бағалау критерийлері анықталса;

- болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру әдістемесі әзірленсе және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы бастауыш мектепте ағылшын тілін оқытудың лингводидактикалық негіздемесі берілсе;

- бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетінің моделі негізінде интерактивті және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы интегративті-интерактивті жаттығулардың жүйесі жүзеге асырылса,

онда бастауыш мектеп шетел тілдері мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясы мақсатты қалыптасуы қамтамасыз етіледі, *себебі* когнитивті-лингвомәдени, құзырлық, интерактивті-дидактикалық тәсілдері жүзеге асырылатын болады.

Зерттеудің міндеттері:

1. Болашақ бастауыш мектеп шетел (ағылшын) тілі мұғалімдерін даярлау үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып «кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенция» ұғымының мәнін, құрылымын және оның мазмұнын негіздеу;

2. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастырудағы әлеуетін айқындау және болашақ бастауыш сынып шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыруға бағытталған кәсіби тұжырымдамасын анықтау;

3. Болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру моделін құру және лингводидактикалық шарттарын анықтау;

4. Интегративті-интерактивті жаттығулар жүйесін әзірлеу және олар арқылы болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру әдістемесін жүзеге асыру;

5. Болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптастыруға ұсынылған модель тиімділігін тәжірибелік эксперимент жүзінде тексеру.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі:

– ерте жастан шеттілдік білім берудің психологиясы негіздемесі және бастауыш мектепте шетел тілдерін оқытудың психолингвистикалық негіздерінің теориялары (А.А.Леонтьев, П.Я. Гальперин, Д.Б. Эльконин, А.А.Леонтьев, И.А. Зимняя);

– тілді оқытудағы когнитивті-коммуникативтік тәсілдің теориялары (Ж.Пиаже, Л. С. Выготский, Дж. Брунер, А.Н.Хомский, Б. Блум, Т.А.Кульгильдинова, М.А. Касымбекова);

– ақыл-ой әрекеттердің біртіндеп қалыптасу теориялары (А.Н.Леонтьев, С.Л. Рубинштейн, Л.С. Выготский, П.Я. Гальперин, В.В.Давыдов, Д. Б. Эльконин, Н. Ф. Талызина);

– болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру әдістемесінің лингвомәдени құрамдас бөліктерін жүзеге асыру тұжырымдамасы (С.С.Кунанбаева, В.В.Воробьев, Г.А. Кажигалиева, А.А.Головчун, Э.Р. Герфанова);

– мәдениетаралық қатысым теориялары (А.П. Садохин, Е.Т. Холл, А.Т.Чакликова, Д.Б. Шаяхметова, П.К. Елубаева);

– құзырлық тәсіл (С.С. Кунанбаева, С.Г. Молчанов, Р.П. Мильруд, О.А.Сальникова, Е.И. Емельянова, О.М. Бобиенко, А.В. Хуторской, А.Н.Хомский, Р.Х. Гильмеева, К.Н. Булатбаева, К.У. Кунакова А.Н.Жорабекова);

– тілді оқытудағы интерактивтік-лингводидактикалық тәсіл (Г.Шутова, Н.М. Шанский, Е. М. Немчинова, Е.К. Шамсутдинова, Д.Ф.Хакимзянова, О.К. Мельникова Г.Б. Жумабекова, С.А. Нуржанова, Н.А.Тойбазарова, У.К.Орынбаева) және шетел тілдерін оқытудың әдістемелік аспектілері (Н.Ф. Коряковцева, С.Г. Тер-Минасова, М.К.Ахметова, С.А.Узакбаева);

– шеттілдік білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану (М.Н. Евстигнеев, Т.Г. Головкин, А. А.Витухновская, В.В. Мендель, С. Н. Женетль, А.Н. Щукин, А.И. Башмачников, Г.К.Нургалиева, Д.М.Джусубалиева, А.Т.Чакликова, К.Э. Безукладников, В.Н.Иванченко).

Зерттеу әдістері:

– теориялық (ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді сын көзбен оқу және талдау, жалпылау, аналогия, жүйелеу, моделдеу);

– эмпирикалық («Педагог» стандартының нормативтік құжаттарын талдау, бақылау, сауалнама, студенттердің шығармашылық және рефлексивті әрекеттерінің өнімдерін талдау, тәжірибелік-эксперимент);

– статистикалық (критерийлер бойынша эксперименттік мәліметтерді өңдеу).

Зерттеу базасы:

Тәжірибелік эксперимент жұмысы 2017-2020 жылдары Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері Университетінің Шетел тілдері педагогикалық факультетінің 5В011900-«Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының, қазақ бөліміндегі 2 және 3 курс студенттерінің қатысуымен өткізілді. Тәжірибеге 80 адам ағылшын тілі бойынша оқитын студенттер қатысты.

Зерттеу кезендері.

Бірінші кезеңде (2017-2018 жж.) бастауыш мектеп болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенцияны қалыптастыру мәселесі бойынша эмпирикалық материал жинақталды, категориялық аппарат пен негізгі теориялық қағидалар құрастырылды.

Екінші кезеңде (2018-2019 жж.) тәжірибелік эксперимент жұмысы жүзеге асырылды: бастауыш мектеп болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі құрылды; бастауыш мектеп болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенция құрылымы анықталды; зерттеу және қалыптастыру эксперименттерін жүргізу үдерісінің тиімділігін қамтамасыз ететін интегративті-интерактивті жаттығулар жүйесі әзірленді.

Үшінші кезеңде (2019-2020 жж.) – тәжірибелік эксперименттік жұмыс барысында алынған нәтижелер жүйеленіп, өңделді және қорытындыланды, бастауыш мектеп болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын зерттеудің перспективалық бағыттары анықталды, ұсыныстар әзірленді, оқу құралдары басылым көрді әдебиеттер жүйеге келтіріліп, диссертация талапқа сай рәсімделді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәні.

1. Болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясының мәні негізделді және оның лингвомәдени, кәсіби-ақпараттық, лингводидактикалық субкомпетенциялардан тұратын құрылымы анықталды;

2. Болашақ мұғалімдерді даярлауда өзара байланысты технологияларды (ойын, интерактивті, кейстерді) кіріктіретін кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясының әдістемелік моделі әзірленді және бастауыш мектеп болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлаудың лингводидактикалық шарттары (болашақ мұғалімдерге шетел тілін оқытудың мақсаты мен міндеттерінде кәсіби даярлау сапасын арттыруға бағыттау; болашақ мұғалімдерді шетел тіліндегі коммуникативтік-когнитивтік іс-әрекетке баулу; ақпарттық-коммуникациялық технологиялары негізінде оқу үдерісін шығармашылық бағыттау) анықталды.

3. Когнитивті-лингвомәдени, құзырлық, интерактивті-дидактикалық тәсілдер жиынтығынан қамтыған және когнитивтік-іс-әрекет, ақпараттық-интерактивті және селективті-коммуникативтік ғылыми ұстанымдарымен байланыстағы бастауыш мектеп болашақ ағылшын тілі мұғалімдерін даярлаудың кәсіби тұжырымдамасы анықталып, сипаттама берілді.

4. Бастауыш мектепте шетел тілдерін оқытуға дайындықты үйлестіруге мүмкіндік беретін субкомпетенциялар құрылымына сәйкес ақпарттық-коммуникациялық технологияларын қолдану арқылы интегративті-интерактивті жаттығулар жүйесі әзірленді.

5. Құрастырылған модульдік бағдарлама негізінде ақпарттық-коммуникациялық технологияларын қолдана отырып, болашақ бастауыш мектеп мұғалімдеріне шетел тілін оқытудың интегративті әдістемесі әзірленді және оның бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастырудағы тиімділігі тәжірибелік эксперимент жүзінде дәлелденді.

Зерттеудің практикалық маңызы:

- бастауыш мектепте шетел тілдерін тәжірибелі-бағдарлы оқытуға және оқу жоспарларын құру үшін жаңа интегративті-интерактивті жаттығулар жүйесі ұсынылды;

- электронды құралда ұсынылған ақпараттық технологияларды қолдана отырып, мұғалімдерге арналған электронды оқу-әдістемелік құралы дайындалды;

- «Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерін оқыту әдістемесі» атты оқу құралы әзірленіп, оқу үрдісіне енгізілді.

Қорғауға мынандай қағидалар ұсынылады:

1. Болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясы келесі лингвомәдени, кәсіби-ақпараттық және лингводидактикалық субкомпетенциялардан құралады және көп қырлы құбылыс болып табылады.

2. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастырудың әдістемелік моделі кезең-кезеңімен ұйымдастырылған төрт компоненттен тұрады: мақсатты, концептуалды, процессуалды және бағалау-нәтижелі.

3. Лингводидактикалық шарттар жиынтығы болашақ мұғалімдерге шетел тілін оқытудың мақсаты мен міндеттерін олардың кәсіби дайындығының сапасын арттыруға бағыттау; болашақ мұғалімдерді шетел тіліндегі коммуникативтік-танымдық іс-әрекетке тарту және оқу процесінің шығармашылық бағытталуы) болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерінің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыруды қамтамасыздандырады.

4. Бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімін даярлаудың кәсіби тұжырымдамасы кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыруға бағытталған пәндік мазмұн бірлігі ретінде когнитивті-лингвомәдени, құзырлы, және интерактивті-дидактикалық тәсілдерге негізделген АКТ концептуалды құрамы мен модульдегі жаттығуларды біріктіру болып табылады.

5. Модульдік бағдарлама негізінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолдану бойынша субкомпетенцияларды қалыптастыру критерийлері негізінде және тәжірибелі-эксеримент жүзінде тексерілген, болашақ бастауыш мектеп мұғалімдеріне арналған шетел тілін оқытудың интегративті әдістемесі мұғалімнің жүйелі біліктілігін қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл мұғалімнің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды мақсатты пайдалануында, диалог жүргізу арқылы шетел тілінде тиімді коммуникацияға түсуінен және бастауыш мектеп оқушыларына шетел тілін оқыту әдістемесін еркін меңгеруінен байқалады.

Зерттеу нәтижелерін бекіту және жариялау.

Диссертациялық жұмыстың қорытындылары мен нәтижелері автордың 12 ғылыми мақалалары мен баяндамаларында баспа түрінде жарияланды, оның ішінде:

1. Олардың біреуі Scopus деректер базасына енгізілген журналдарда жарияланған: Formation of professional cognitive and communicative competency of future primary school foreign language teachers through information-communicative technologies. *XLinguae* 16(2), 264-285 DOI: 10.18355/XL.2023.16.02.20. Мақалада субкомпетенциялардың құрамына қатысты мәселелер ашылған, ізденушінің үлесі 95% құрайды.

2. Төртеуі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда:

1) Шеттілін ерте жастан оқытатын мұғалімдердің кәсіптік даярлаудың шетелдік тәжірибесі. Ғылыми журнал « ПГУ Хабаршысы» №4 Педагогика сериясы, Павлодар, 2018, 363-370; Мақалада бастауыш мектептердегі шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлаудағы шетелдік тәжірибесі қарастырылған, ізденушінің үлесі 85% құрайды.

2) Бастауыш мектептегі болашақ шетел тілі мұғалімінің тұжырымдамалық профилін даярлау ерекшеліктері. Абай ат. ҚазҰПУ Хабаршысы. №4 «Педагогика ғылымдары» сериясы, Алматы №1(61), 2019 ж. Алматы, 221-225 б.; Мақалада бастауыш мектеп болашақ шетел тілі мұғалімінің кәсіби тұжырымдамасының мазмұны ашылған, ізденуші үлесі 85% құрайды.

3) Бастауыш мектептегі шетел тілі мұғалімнің кәсіби-анықтайтын компетенциясының құрылымы мен мазмұны. Қаз.ҰҚПУ-нің Хабаршысы, «Педагогика» сериясы, Алматы №3 (79) 2019, 216-221 б.; Мақалада субкомпетенциялардың құрылымына қатысты мәселелер ашылған, ізденушінің үлесі 95% құрайды.

4) Бастауыш мектепте болашақ шетел тілі мұғалімінің ағылшын тілі сабағында интерактивті learningapps.org мультимедиялық бағдарламасын қолдану біліктілігін қалыптастыру. «Абылай хан ат. ҚазХҚжәнеӨТУ Хабаршысы» журналы, «Педагогика ғылымдары» сериясы, ISSN 2412-2149 Print, Том 69 № 2 (2023), DOI: <https://doi.org/10.48371/PEDS.2023.69.2> Опубликовано: 2023-06-27. С. 213-219. Мақалада интерактивті технологиялар талқыланды, ізденушінің үлесі 95% құрайды.

3. РФДИ (РИНЦ) негізіндегі бір мақала: Digital Storytelling as Means of Formation of Professional Cognitive-Communicative Competence of Future Primary School Foreign Language Teacher. Цифровизация и формирование цифровой культуры: социальный и образовательный аспекты. Международная электронная научно-практическая конференция, 30 октября 2019 / Под науч. ред. И.В. Кучерук. – Астрахань: Изд-во ООО ПКФ «Триада», 2019. – 221-227 с. Мақалада шетел тілі сабақтарына арналған цифрлық технологиялардың сипаттамасы берілген, ізденушінің үлесі 95% құрайды.

4. Шетелдік және халықаралық конференциялар материалдарындағы алты мақала:

1) Әлемдік қоғамдастықтағы шетел тілдерін ерте жастан оқытудың салыстырмалы сипаттамасы. V ғылыми-тәжірибелік конференция «Шеттілдік білім беру: озық тәжірибелер, жаңашылдығы мен болашағы», Абылай хан ат. ҚХКжәнеӨТУ, 12-13 қараша 2018 ж. 223-227 б.; Мақалада әлемдік қоғамдастықтағы ерте шетел тілдерін оқытудың сипаттамалары қамтылған, ізденушінің үлесі 85% құрайды.

2) Бастауыш мектептегі болашақ шетел тілі мұғалімінің концепциясы. Материалы Международной научно-практической конференции «Современная наука: проблемы, идеи, тенденции (Modern science: problems, ideas, trends)», 11 февраля 2019 года (г. Прага, Чехия), 485-490 с. Мақала бастауыш мектеп болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби тұжырымдамасын әзірлеуге арналған, ізденушінің үлесі 95% құрайды.

3) Бастауыш мектепте болашақ шетел тілі мұғалімдердің кәсіби-анықтайтын компетенциясын қалыптастыратын моделі. IV Международная научно-практическая конференция «Интеграция научного сообщества перед глобальными проблемами современности» в г. Саппоро (Япония) 13-15 февраля 2019 г.; Мақала бастауыш мектеп болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау үлгісін әзірлеуге арналған, ізденушінің үлесі 95% құрайды.

4) The Formation of Professional-Cognitive Competencies of a Future Primary School Foreign Language Teacher. 9th International Conference on FL Teaching and Applied Linguistics, Journal of Foreign Language Teaching and Applied Linguistics, Tashkent. 6(1) – 2019, p.43-49; Мақалада кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенцияны қалыптастыру мәселелері ашылған, ізденушінің үлесі 95% құрайды.

5) The Conceptual Basis for Forming Professional-Cognitive-Communicative Competency in Future Teachers of Primary School Based on Information-Communicative Technologies. Journal of Talent Development and Excellence, Issue Vol. 12 No. 1 (2020): Issue 2020/1, <http://iratde.com/index.php/jtde/article/view/1679> 6054-6064 p.; Мақалада кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенцияны қалыптастыруға арналған жаттығулар кешені қарастырылған, ізденушінің үлесі 85% құрайды.

6) Суретті кітаптар оқылым дағдыларын дамытуға арналған ақпарат құралы ретінде. МНПК, КазУМОиМЯ им. Абылай хана. 30 апреля 2021 г., стр. 55-60. Мақалада бастауыш мектеп болашақ шетел тілі мұғалімдеріне арналған лингводидактикалық материалдар қарастырылған, ізденушінің үлесі 85% құрайды.

Осылайша жұмыс мазмұны 12 мақалаларда жарияланды, оның ішінде SCOPUS деректер базасына енгізілген журналда – 1, ҚР БҒСБК ұсынған басылымдарда – 4, РИНЦ-қа кіретін басылымда – 1, шетелдік және халықаралық конференциялар материалдарында – 6.

Зерттеу жұмысының құрылымы кіріспеден, үш негізгі тараудан, қорытындыдан, қолданылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

1 АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ МЕКТЕП ШЕТЕЛ ТІЛ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ-КОГНИТИВТІ-КОММУНИКАТИВТІК КОМПЕТЕНЦИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Бастауыш мектепте шеттілдік білім беруді дамытудың үдерісі мен мәселелері.

Бұл диссертациялық тарауда екі мәселе қарастырылады: 1) қай жастан бастап ШТ оқыту тиімді? 2) бастауыш мектеп ШТ мұғалімдерін даярлау қалай жүзеге асып жатыр?

Осыған байланысты ең бірінші бастауыш мектепте шетел тілі оқу үдерісінде қай жастан бастап оқыту тиімділігін анықтау қажет.

Балалардың ерте жастан оқуға деген психологиялық дайындығы мәселесі әрқашан өзекті болып келеді, өйткені балалардың болашақ білім алуы мен дамуының табыстылығы оны шешу жолдарына байланысты. Өйткені, баланың оқудағы жетістігі оның мектеп бағдарламасын меңгеру үшін қажетті физиологиялық, психологиялық, эмоционалдық, ерікті және ой-өріс даму деңгейіне тікелей байланысты. Осыған орай, болашақ бастауыш ШТ мұғалімі оқушылардың психологиялық және психофизиологиялық ерекшеліктерін білу тиіс.

Ол үшін атақты психолог ғалымдардың еңбектеріне талдау жасайық. Психологтар Н.И. Жинкин Л.С. Выготский А.А. Леонтьев, Н.Д. Гальскова, З.Н. Никитенко, Д.Б. Эльконин, Ж.Пиаже және т.б. ғалымдар шетел тілін ерте жастан меңгеру қолайлы екенін атап көрсеткен. Себебі оқушылардың миы ересек адамдарға қарағанда тілді оңай меңгереді. Бастауыш мектеп оқушылары (әсіресе мектепке дейінгі оқушылар) тілдік материалды тез қабылдайды және оларда басқа тілде қатысым жасау қорқынышы болмайды.

Н.И. Жинкин еңбегінде «сөйлеуді дамыту бір жарым жастан бастап, мектепке дейінгі және мектеп кезінде жалғасуы керек. Сонымен қатар, есту-қозғалыс анализаторы қалыптасып жатқан кезде уақытылы көңіл бөлінбесе, оны қалпына келтіру көп уақытты қажет етеді» және «Сөйлеудің дамуы тек интеллектуалды ғана емес, жалпы тұлғаның үйлесімді дамуының шарты екенін балабақшалар, балалар үйлері мен мектептердің мұғалімдері мен тәрбиешілері жақсы түсінуі керек. Бұл мәселені шешу педагогикалық ұжымның қолында» - дейді [3].

Жан Пиаже баланың сөйлеуі мен ойлауын және логикасы мен дүниетанымы туралы дамуын зерттеген тұңғыш зерттеуші ғалым болды.

Ж. Пиаже ойлау психологиясында ойлау дамуының заңдылықтарын, қызмет етуін және ойлауды зерттеудің жаңа әдісін ұсынған. Ол бала мен ересектің ойлау деңгейлерін зерттеп, жас ерекшелікке байланысты ойлаудың деңгейлі процесін ашады. Өңгімелесу әдісін қолдана отырып, Ж. Пиаже ересектің сұрақтары баланың ойлау деңгейіне тиіс болу керектігін айтады.

Жан Пиаже адам бірнеше негізгі кезеңдерді басынан өткеретін когнитивтік даму теориясын ұсынды.

Сенсомоторлық интеллект кезеңі (туған кезден бастап екі жасқа дейін). Бұл жаста баланың айналасымен қозғалыс және перцептивтік тұрғыдағы әрекеттестігі дамиды. Бұл кезеңде оның қабылеті заттармен тікелей қарым-қатынасқа түсуге ғана жетеді және символдармен немесе ішкі ойымен әрекеттесе алмайды.

Операционалдыға дейінгі елестету кезеңі (екі жастан жеті жасқа дейін). Бұл сенсомоторлық функциялардан елестету жұмысына өту. Бала белгіленетін заттан белгілеуді айыруды біледі және бұны пайдалана алады.

Бұл жаста балалардың эгоцентризмі дамып кетеді. Олар өз пікіріне сырттан көз сала алмайды, пайымдарын дәйектеуге, кереғарлықты іздеп, оларды жоюға тырыспайды. Бұл жастағы балалардың рефлексияға бейімділігі жоқ және өз ойлары жайында ойланып жатпайды.

Сонымен қатар, осы жастағы балалар мінезіне центрация, яғни заттың ең көрнекті бір белгісіне мән салып, басқа белгілерін елемей қою тән.

Нақты операциялар кезеңі (жеті жастан он бір жасқа дейін). Бала кейбір елестету әрекеттерін атқара алады, бірақ тек осы жаста оларды біріктіре, өзара үйлестіре, жүйелерді құра бастайды. Бұл жай ғана ассоциативтік тұрғыда байланыстырудан гөрі көбірек мүмкіндіктер ашатын жаңа деңгей.

Бұл жастағы бала заттарды бірнеше белгісі бойынша топтастыруды және жіктемеуді үйренеді.

Формалды операциялар кезеңі (он бір жастан он бес жасқа дейін). Бұл жастың негізгі ерекшелігі баланың гипотетикалық тұрғыда ойлап үйренетіндігінде. Бала гипотетикалық-дедуктивтік тұрғыда ойлай бастайды. Басқаша айтқанда, ол бірқатар гипотезаларды тұжырымдап, алынған кері байланыс негізінде қалыптасып отырған шынайы жағдай туралы ой түйеді [4].

Ж. Пиаже теориясы басқа ғалымдардан бірнеше жолмен ерекшеленеді:

- Бұл барлық оқушыларға емес, тек балаларға қатысты болды.
- Ол оқуға, ақпаратты немесе белгілі бір мінез-құлықты үйретуге емес, тек тұлғалық дамуға назар аударады.
- Мінез-құлық, түсінік, идея және т.б. санының біртіндеп артуына емес, сапалық айырмашылықтармен дамудың кезеңдерін ұсынды.

Осылайша, Ж. Пиаже интеллектуалдық тұрғыда, яғни баланың өсу кезіндегі даму кезеңдері мен олардың өсу ерекшеліктеріне мән берді.

Л.С. Выготский ерте жастан шетел тілін үйренудің тиімділігі туралы айтты, сонымен қатар шетел тілін ерте жастан үйрену ең қолайлы кезең деп атап өтті [5, б.143]. Ғалым егер бала өз ана тілін бейсаналы түрде меңгерсе, шетел тілін – саналы түрде меңгереді деген. Оның пікірінше, сөйлеу ең маңызды психологиялық құралдардың бірі және сөйлеудің дамуы баланың ойлау қабілетінің, оның интеллектуалдық, танымдық белсенділігінің дамуына тікелей байланысты. Сонымен қатар, Л. С. Выготский Ж. Пиаженің жұмысын психология ғылымының дамуындағы үлкен үлес қосты деп санай отырып, оның әлеуметтік және мәдени ортаны ескерусіз, абстрактылы жоғары

психикалық функциялардың дамуын талдады деп айыптап, өз теориясын ұсынды [5, б. 86]. Оның теориясы бойынша баланың білім алу мен дамуының екі деңгейі бар: біріншісі баланың жеке іс-әрекеті арқылы әлемді танып, білім алса, екіншісі - жақын арадағы даму аймағы (ағыл. *Zone of proximal development*)» теориясы бойынша басқа адамдармен (ата-ана, мұғалім, өзімен жасты балалардан) ынтымақтастықта білім алып, дамиды [6].

Шетел тілдерін ерте жастан оқыту мәселесін барлық мемлекеттер қарастырмайды. Адайда, келесідей бірқатар мемлекеттер қарастырған.

Шет елдерде шетел тілдерін ерте жасатан оқытуды талдайтын болсақ, әр елде әр түрлі. Мысалы, Финляндия екі мемлекеттік тілден - фин және швед тілдерінен құралады, фин тілін швед балаларына оқытса, швед тілін фин балаларына оқытады. Алайда, бұл тілдер кең таралмағандықтан барлық білім беру деңгейлерінде қазіргі қолданыстағы шетел тілін меңгеруге көп көңіл бөледі. Яғни, бірінші тіл ол –ана тілі, ал екінші тіл тандау бойынша – ағылшын, француз, орыс немесе неміс тілдері.

Финляндияның базалық білім беруінде шетел тілін оқытудың төрт түрлі силлабус бар, А1 силлабусы міндетті түрде 3-ші сыныпта басталады, ал тандау тілі әдетте ағылшын тілі (швед тілінде сөйлейтін финдер үшін фин). А2 силлабусы - 4-5 сыныптарда басталып, қосымша тіл болып табылады және әдетте француз, неміс немесе орыс тілдері (швед тілінде сөйлейтін финдерге арналған ағылшын). В1 силлабусы - міндетті басқа тілдік силлабус және ол 6-сыныпта басталады. Бұл әдетте ұлттық екінші шетел тілі, швед немесе фин тілі, егер оқушы А1 немесе А2 силлабусында екінші ұлттық тілін оқымыса, ал В2 - 7-9 сыныптардан басталатын қосымша шетел тілі болып табылады. Осы деңгейлерді біздің елімізде де қолдану керек деп ойлаймыз.

Жапонияда ағылшын тілін оқыту тек қана орта мектеп (12 жастан 5-6 сынып) деңгейінен бастап оқытылады. Бесінші және алтыншы сыныптардан бастап ағылшын тілі оқытылса да, бастауыш мектептер біртіндеп ағылшын тілін үйренуге кірісті. Жақында Жапонияның мемлекеттік мектептері бастауыш мектеп деңгейінде ағылшын тілін үйренуге міндетті басқа елдердің қатарына кірді. Бастауыш мектептердің санының көбеюіне байланысты 2002 жылы білім берудің бөлігі ретінде кешенді оқыту сабақтары енгізіліп, ағылшын тілінде белсенді іс-әрекеттер: ойындар, әндер және әңгіме арқылы сабақ жүргізіле бастады. Басқаша айтқанда, бастауыш мектептің негізгі идеясы ағылшын тілін «тілдік білім» ретінде емес, «оқу іс-әрекеті» түрінде көрсету болып табылады. Яғни дістемелік тұрғыдан грамматикаға, оқуға және жазуға назар аудармайды, керісінше тыңдау және сөйлеу арқылы интеграцияланған оқу іс-әрекеттеріне ерекше назар аударады. Бұл дегеніміз, тілді еркін меңгеруге деген мүмкіндік береді. Бір оқу жылында интеграцияланған оқуды әрбір сынып 35 сағат көлемінде оқиды.

Қазір Жапонияда шет елден келген ағылшындар, америкалықтар, канадалықтар, австралиялықтар және Жаңа Зеландия мұғалімдері оқытатын көп деңгейлі, жан-жақты және белсенді тілдік оқытуды ұсынатын көптеген жеке меншік ағылшын мектептері ашылды. Алайда мұнда жапондық жалпы

білім беру мектептеріндегі шетел тілдерін оқыту жүйесінен түбегейлі айырмашылығы бар.

Басқада Азия елдерінде: Тайвань (2005), Оңтүстік Корея (1997), Вьетнам (1996) шетел тілдерін 3 жастан бастап оқытса, Индонезияда 4 сыныптан бастап оқытады екен.

Еуропаның көптеген елдерінде бүгінгі таңда жүргізіліп жатқан реформалар алғашқы шетел тілін ерте міндетті түрде оқытуды талап етеді. Испанияда ол - 3 жастан бастап, Мальтада - 5 жастан бастап, Францияда, Швецияда және Польшада - 7 жастан, Литвада - 8 жастан, Исландияда - 9 жастан бастап оқытылады [7].

Ирландия және Великобритания (Шотландия) бастауыш мектептерінде бір шетел тілін міндетті оқыту туралы үкім шыққан. Бельгияда шетел тілін міндетті оқыту 8-10 жастан енгізіле бастаған.

Соңғы он жылда итальяндық бастауыш мектептері елеулі өзгерістерге ұшырады. 1985 жылы Жаңа ұлттық бағдарламасында шетел тілдерді оқытуды енгізу туралы ұсынылған. Ағылшын тілі бастауыш мектеп ең жиі қолданылатын тіл; ал басқа тілдерге: француз, неміс және испан тілдері жатады. Бастауыш мектептердің жалпы білім беру мақсаты - баланың танымдық дамуы және әлеуметтенуі.

Италиядағы жаңа ұлттық бағдарламаның негізгі мақсаттары келесідей көрсетілген:

1. Коммуникативтік компетенциясын дамыту;
2. Мәдениетаралық және адамзаттық даму;
3. Танымдық дамуды жетілдіру.

Осы бағдарлама бойынша бастауыш мектептің соңында бала:

- күнделікті өмірдегі қарапайым оқиғаларды, үзінділерді оқып, түсінеді;
- оңай әңгімелеседі;
- қарапайым хабарламаларды тыңдап, түсінеді.

Ал, өз еліміздің ерте жастан шеттілдік білім беруіне келетін болсақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 3 сәуір №115 қаулысына сәйкес ағылшын тілі 1-сыныптан (6-7 жастан) бастап оқытылып келді. Ағылшын тілін ерте жастан оқыту келесі мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған болатын:

– бастауыш мектеп оқушыларының жеке тұлғасын қалыптастыру және жан-жақты дамыту;


– сөйлеу барысындағы тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу дағдыларын қалыптастыру;

– бастауыш мектеп оқушыларын шетелдік өз қатарластарының әлемін таңып білуге, тілдерге деген қызығушылығын қалыптастыруға ықпал ету;

– сөйлеу барысындағы оқушының сезімтал, шығармашыл, танымдық және тілдік қабілеттерін дамыту. Алайда, қазіргі таңда Қазақстан Республикасының білім берудегі алға қойған саясатының негізгі мақсаты - білім беру жүйесін өзгермелі жаңа экономикалық ортаға бейімдеу. Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін білім беру жүйесін жетілдіру ең маңызды рөл

атқарады. Дамыған елдер қатарына ену үшін болашақта заман талабына сай жаңартылған білім беру қажет болды.

Сондықтан, «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының қадамдарын және Білім мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатындағы жаңартылған білім мазмұны бойынша ағылшын тілін оқыту кезең-кезеңмен көшірілді (сурет 1) [8].



Сурет 1 – ҚР-ның мектептерінде жаңартылған білім беру мазмұнына кезең-кезеңмен көшу

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша ағылшын тілін оқыту 1, 2, 5, 7-сыныптардан бастап, 2018 жылдың оқу жылында жаңа бағдарламаға тағы да 3, 6, 8, 10 - сыныптар көшті, 2019 жылы оған 4, 9, 11-сыныптар қосылды. 2020 жылға осылайша ағылшын тіліне жаңа бағдарлама мазмұны кезең-кезеңмен сатылап енгізілді. Содан кейін 2020 жылы 11-12 сыныптардағы ағылшын тіліне жаңа білім беру бағдарламасы енгізілді.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ең негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-амалдары мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыру. Орта білім мазмұнын жаңартудың көптеген құрылымдары мен мазмұны, соның ішінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы осы мақсатқа бағытталған болатын.

Бағдарлама барысында күтілетін негізгі нәтижелер:

- шығармашылықпен және сыни тұрғысынан ойлайтын болады;
- сөйлеу әрекеті дағдыларын (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) дамытады;
- коммуникативтік қатысымға түсе алады;
- базалық ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана біледі;
- жеке, жұппен және топта бірлесе жұмыс жасай біледі;

Жаңартылған білім беру жүйесі сапаға және құзыреттілікке бағытталған бағдарлама болды. Оның маңыздылығы – оқушыға қолайлы білім беру ортасын құру.

Алайда, бұл бағдарлама бойынша бастауыш сынып оқушыларына қиын болғандықтан, алдыңғы Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов бастауыш сыныптардағы үштілділік мәселесі бойынша сұхбатында «Осы тақырып бойынша зерттеулер мен талдаулар жүргізгеннен кейін біз бірінші сынып оқушысы үшін бірден 3 тілді меңгеру қиынға соғатынына көз жеткіздік – бұл тиімсіз. Мәселе дидактика мен физиологияда. Біз бұл мәселе бойынша шешім қабылдадық және бірінші сыныпта қазақ тілінде оқытатын мектептерде бала бір ғана тілді – қазақ тілін меңгеруі, яғни алдымен өз ана тілінде оқу мен жазуды меңгеруі үшін жұмыс істеп жатырмыз. Екінші сыныпта бағдарламаға орыс тілі, үшінші сыныпта ағылшын тілі қосылады» және «Әдістемелік жағынан кішкентай балалар тілді тез үйреніп кетеді. Ал нейрондық байланыстардың қалыптасуы жағынан олар шатасып кетуі мүмкін. Сондықтан 1-5 сыныптардың, кемінде 1-3 сынып аралығында бір тілді үйренген абзал», – деді министр өз сөзінде [9].

Бастауыш мектеп ШТ мұғалімдерін даярлау қалай жүзеге асып жатыр? және қандай талаптар қойылған? бойынша екінші мәселеміз де қарастырылды.

Ең алдымен шет елдік бастауыш мектеп ШТ мұғалімдерін даярлау мәселесін талдайық.

Еуропаның (Германия, Италия, Финляндия, Эстония) шетел тілдері мұғалімдерін ерте жастан оқушыларды оқытуға қабылдамастан бұрын, мұғалімдердің кәсби біліміне, дағдыларына және іскерліктеріне мән береді.

Финляндиядағы бастауыш мектепте шетел тілі мұғалімдерін даярлауда, мұғалім көп деңгейлі білім беру жүйесінде оқу бағдарламаларын құрастыруға, біліктілігіне қойылатын жоғары талаптарға, жұмыс тәжірибесіне және бастауыш мектепте шеттілдік білім беруге сай болу керек.

Эстониядағы шетел тілдерін ерте оқытудың профильдік бағдарламасы, бастауыш сынып мұғалімдерін және мектепке дейінгі білім берудің мұғалімдерін даярлау шеңберінде жүзеге асырылады. Гуманитарлық пәндер циклінен студенттер «Бастауыш мектеп ағылшын тілі мұғалімі» немесе «Мектепке дейінгі мекемедегі ағылшын тілі мұғалімі» саласы бойынша негізгі мамандықтарына байланысты таңдайды.

Әлемдегі дамыған елдер сияқты Қазақстан Республикасында білім беру жүйесі сапасын жетілдіру ең негізгі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Осыған орай, білім беру жүйесінде жас ұрпаққа сапалы білім беріп, олардың дамуы мен тұлға ретінде қалыптасуында ұстаздың кәсіби дайындығы болу керек.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіне назар аудара отырып, ондағы нормативтік құжаттамамен («Педагог» стандарты және компетенциялары білім беру жүйесін «өмір бойы білім алу» деңгейіне ауыстыратын оқу үдерісіне қойылатын талаптарға, содан кейін ол үздіксіз болады) байланысты ұлттық құрамдас бөлікті бөліп көрсету қажет. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығымен "Педагог" кәсіби стандарты бекітілді [2, б. 2].

"Педагог" кәсіби стандарты Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді барлық деңгейлеріндегі педагогтар мен мұғалімдердің білім беру біліктілік деңгейіне, дағдысына, іскерлігіне құзырлығы мен пән мазмұнын білу, және еңбек жағдайларына қойылатын талаптарға сай болуын айқындайды.

Кәсіби стандартты әзірлеудің мақсаты: кәсіби педагогикалық қызметтің мазмұны мен сапасына бірыңғай талаптарды белгілеу, педагогтердің біліктілік деңгейін бағалау, аттестаттауды жүргізу, лауазымдық нұсқаулықтарды қалыптастыру, біліктілікті сертификаттау және растау, кадрлар даярлау.

Стандарт педагогті даярлаудың, біліктілігін арттырудың және үздіксіз кәсіби оқыту мүмкіндіктерінде білім беру бағдарламаларының негізін, қызметтің басқа салаларындағы мамандарды қайта даярлаудағы басымдықтарды айқындайды, педагогті оқыту және білім беру/тәрбиелеу тәжірибесін, қоғамның сенімі мен құрметін, педагогтің кәсіби адалдығын қолдауға, кәсіби қоғамдастықта білім беру/оқыту және тәрбиелеуде педагогтің көшбасшылығын дамытуға ықпал етеді.

Стандарт біздің зерттеуімізге қажетті сипаттамаларды анықтайды:

1) педагогикалық қызметтің мазмұнын, оның даярлық деңгейіне қойылатын талаптарды сипаттайды;

2) педагогтерді даярлау мен біліктілігін арттырудың, басқа қызмет салаларындағы мамандарды қайта даярлаудың білім беру бағдарламаларын әзірлеу үшін негіз болып табылады;

3) кәсіби өрлеу құзыреттілігін мамандыққа дайындалудан және оған кірісуден бастап педагогикалық шеберлікке дейін сипаттайды [2, б. 1].

«Педагог» стандартының талаптары ақпарат ағынында бағдарлау, алған білімдерін тереңдету және оны күнделікті қатысымда қолдана білуден көрінеді. Бұл құжаттың білім беру мен іс-әрекеттің пәндік мазмұнын белгілі бір ақпарат минимумымен тіркейтін ақпараттық функциясын және интеграциялық функциясын атап өтеміз, ол тек оқу процесінде ғана емес, сонымен бірге алынған білімді кәсіби коммуникацияда біртұтас тұтастай меңгеруге көмектеседі.

Қазақстан Республикасында ерте жастан шетел тілін оқытатын болашақ мұғалімдерді даярлау бағдарламалары енді ғана енгізіліп жатыр. Бірақ, соның өзінде бірнеше анықталған түзетулерді қажет етеді.

Мысалы: Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университет сайтындағы реестрінде бастауыш мектепке арналған оқу бағдарламасы берілген. Сонымен қатар, оларда келесідей білім беру бағдарламалары бар: «Бастауыш білім ағылшын тілінде», «Бастауыш білім көптілділікпен» және «Бастауыш білім ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен».

Бірінші «Бастауыш білім ағылшын тілінде» білім беру бағдарламасының мақсаты - интеграцияланған пәндік-тілдік оқыту технологиясына сәйкес үштілділік жағдайында кәсіби қызметті жүзеге асыруға және оңтайландыруға қабілетті білім берудің бастауыш сатысы үшін педагогтарды ағылшын тілінде оқытумен даярлау .

Осы университет бойынша екінші білім беру бағдарламасы бастауыш мектепте көптілділік білім беруге бағытталған [10]. Көптілділік білім берудің мақсаты - интеграцияланған пәндік - тілдік оқыту технологиясына сәйкес үш тілділік жағдайында кәсіби қызметін жүзеге асыруға және оңтайландыруға қабілетті педагог кадрларды білім берудің бастауыш сатысы үшін көптілді оқытумен даярлау [11, 12, 13].

Екі бастауыш мектептегі тілдік білім беру бағдарламасындағы оқу нәтижелері бір-біріне ұқсас екенін көреміз. Мысалы, екі бағдарламада берілген екінші оқыту нәтижесі бойынша болашақ бастауыш мұғалімдері:

- пәндік-тілдік оқыту технологиясын қолдануды ескере отырып, базалық пәндерді ағылшын тілінде оқытумен оқу үдерісін ұйымдастырудың ерекшеліктерін түсінеді;

- ғылыми-әдістемелік стилінде жазбаша мәтіндерді үш тілде құрай алады;

- қазіргі лингвистика саласындағы теориялық негіздер мен ережелерді практикада қолданады;

- мақсатты тілдерде: қазақша Т1, орысша Т2, ағылшынша Т3 қарым-қатынас жасауды, тілдік мәдениетті, академиялық салада, сонымен бірге мәдениетаралық өзара әрекеттесу жағдайында жазбаша және ауызша қарым-қатынас жанрларын меңгереді [14].

Үшінші бастауыш білім беру бағдарламасы ақпараттық-коммуникациялық технологияларға негізделген. «Бастауыш білім ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен» білім беру бағдарламасының мақсаты - білім беру қызметін жүзеге асыруда психологиялық және ақпараттық қауіпсіздік талаптарын ескере отырып, өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін негізгі құзіреттіліктерді меңгерген білім берудің бастауыш деңгейі үшін педагогикалық кадрларды даярлау.

Бұл бағдарлама бойынша тек екінші оқыту нәтижесі - қазіргі заманғы лингвистика саласындағы теориялық негіздері мен ережелері туралы білімдерін тәжірибеде қолданады, мақсатты тілдерде: қазақша Т1, орысша Т2, ағылшынша Т3 тілдік мәдени қарым-қатынас жасайды [15].

Біздің ойымызша, осы үш білім беру бағдарлама бойынша бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерін даярлау үшін тек екінші оқу нәтижелері қажет. Бірақ бұл оқу нәтижесі бастауыш мектеп ШТ мұғалімдерінің тек лингвомәдени және когнитивтік тұрғысынан қарап, мәдениетаралық коммуникативтік компетенциясын жеткілікті қалыптастырмайды.

Осыған байланысты, біздің зерттеу жұмысымызда бастауыш мектеп ШТ мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру құрылымы мен мазмұның анықтауымыз керек.

Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӨТУ-де «Теориялық және практикалық курстар бағдарламасы» бойынша ерте шеттілдік білім беруді «Шеттілдік білім беру әдістемесі» кафедрасындағы «Ерте жастан шеттілдік білім берудің әдістемесі мен технологиясы» атты пәнге енгізу бойынша бірқатар іс-шаралар қабылданды [16]. Бірақ, бұл курста сағат саны аз

болғандықтан, бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдері қандай болу керектігі, оның шеттілдік білім беру процесіндегі рөлі қандай болу керектігі жеткілікті қарастырылмаған.

Сонымен қатар, болашақта бастауыш мектепте шетел тілін оқытатын студенттерді даярлау үшін оқу-әдістемелік оқулықтар әзірленді. Бірақ, болашақ бастауыш мектеп ШТ мұғалімдерінің кәсіби компетенцияларын қалыптастыру нәтижесі анық берілмеген.

Шетел тілін оқыту теориясының құрамдас бөлігі ретінде «Ерте жастан шеттілдік білім берудің әдістемесі мен технологиясы» курсы болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерін заманауи әдістемелік-технологиялар арқылы жоғары кәсіби деңгейде даярлауды қамтамасыз етуге бағытталған. «Ерте жастан шеттілдік білім берудің әдістемесі мен технологиясы» курсының мақсаты: еңбек нарығының сұранысына сай келетін жалпы білім беретін мектептің бастауыш мектебінде шеттілдік білім беруді жүзеге асыруға дайын және қабілетті болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау. Осы курстың ең маңызды жақтары:

1. Студенттерді қазіргі кезеңдегі шетел тілін ерте оқытудың жетекші амалдарымен және негізгі тенденцияларымен таныстыру;

2. Студенттерді бастауыш мектеп ағылшын тілі пәнінің мазмұны мен оқыту мақсаттарын, ұстанымдарын, әдіс-тәсілдерін және оқу-құралдарымен таныстыру;

3. Бастауыш оқушыларын оқытудың нақты шарттарына байланысты прогрессивті технологиялар мен оқу процесін ұйымдастырудың жаңа формаларын шығармашылықпен пайдалана білу дағдыларын қалыптастыру;

4. Сабақты жоспарлауды және бағалауды үйрету.

Студенттер осы курста алған теориялық білімдерін оқу-таныстыру практикасын өту кезінде сабақты талдауға қолдана алады. Оқу-таныстыру практикасының міндеттері:

1. студентті қазіргі заманғы шетел тілі сабағын және шетел тілінде сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру мен өткізуге қойылатын негізгі талаптармен таныстыру;

2. студенттердің шетел тілі сабағын және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруда мұғалімнің жоспарлау әрекетін анықтау қабілетін дамыту;

3. студенттерді шетел тілі сабағында және сабақтан тыс жұмыстарда қолданылатын интерактивті ойын технологияларын пайдалануға дайындау;

4. мұғалімнің өз функцияларын орындауы үшін қажетті кәсіби білімдерін, іскерліктерін және дағдыларын студенттер бойына бекіту және тереңдету;

5. нақты оқушының жеке ерекшеліктеріне сәйкес келетін педагогикалық әдістер мен технологияларды таңдау қабілетін дамыту».

Осы курс мазмұны бойынша ерте жастан оқушыларды шетел тіліне оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер, білім беру технологиялары, көрнекі-құралдар туралы жалпы теориялық білім берілген. Бірақ, заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану мақсаты мен әдістері толық ашылмаған.

Сондай-ақ, Абай атындағы ҚазҰПУ-і ұсынған үш бағдарламасындағы «білім беру үдерісінде жас ерекшеліктеріне сәйкес әр түрлі іс-әрекеттерді, заманауи цифырлық, ақпараттық және коммуникациялық технологияларды ұйымдастыру амалдарын қолданады» оқыту нәтижесі бойынша бастауыш мектепте шетел тілін оқытатын тиімді ақпараттық-коммуникациялық технологиялар түрлері анық берілмеген.

Осыған орай, біздің зерттеу жұмысымызда бастауыш мектепте шетел тілі сабағында болашақ ШТ мұғалімдері қолданатын заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың түрлері мен тиімділігін және оларды қолдану әдістемесін анықтау қажет.

Қорыта келгенде бірінші тенденция бойынша психологиялық және психофизиологиялық тұрғыдан тілді ерте жастан үйретуге болады. Бірақ, тәжірибе бойынша саналы білімді 9 жастан бастап оқыту керек. Екінші – бастауыш мектеп үшін ШТ мұғалім жоғары білікті болу керек.

1.2 Кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенция құрылымы мен мәні.

Бұл диссертациялық тарауда біз кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенцияның құрылымы мен мазмұнының ашуды мақсат қоямыз. Ең бірінші болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдердің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру үшін, коммуникативтік, когнитивтік және кәсіби компетенция мәнін анықтау қажет.

Ең алдымен «құзырлы» және «компетенция» ұғымдар арасындағы айырмашылықты талдадық:

Құзырлы – жеке тұлғаның компетенцияларды меңгеру ерекшелігі (ерекшеліктерінің жиынтығы), белгілі бір ауанда тәжірибе жинақтай отырып, оны болашақ кәсіби әрекетінде қолдана алу қабілеті [17, 18, 19, 20].

Американдық тіл маманы Н.Хомский 20 ғасырдың екінші жартысында генеративті грамматика мәселелерін зерттеу кезінде ең алғаш В.Гумбольдтке сілтеме жасай отырып, «компетенция» (латын тілінен *competere* - бір нәрсеге қабілетті болу) терминін қолданған. Бастапқыда бұл ұғым ана тілінде белгілі бір тілдік әрекеттерді орындауға қажетті қабілеттілік деп анықталды [21].

Компетенция – құзырлықтың берілген мазмұны, ал құзырлы болу үшін оны меңгеру керек. Құзырлы жеке тұлғаның саналы түрде осы компетенцияларды қолдана отырып меңгерген білімі, іскерліктері, құндылықтары аталады [17, б. 98].

Еуропа Кеңесі жас еуропалықтар білуге тиісті қабылданған бес негізгі компетенцияларды анықтады:

1. Саяси және әлеуметтік компетенциялар, өзіне жауапкершілікті қабылдау қабілеттілігі, топтық болып шешім қабылдауға қатысу, кикілжіңді күштеусіз шешу, демократиялық институттарды қолдауға және дамытуға қатысу.

2. Көпмәдениетті қоғамдағы өмірмен байланысты компетенциялар, немесе мәдениетаралық компетенциялар - төзімділік, адамдар арасындағы айырмашылықтарды қабылдау, басқаларға құрмет, өзге мәдениеттер, тілдер мен дін өкілдерімен өмір сүру қабілеті.

3. Әлеуметтік тіршілік пен қызметке өте қажетті ауызша және жазбаша коммуникацияны игеруге байланысты компетенция. Оларды игермеген адамдарға әлеуметтік шеттету қаупі бар (осы контексте бір ғана емес бірнеше тілді меңгеру ерекше маңызға ие).

4. Қоғамдағы ақпараттандырылудың өсуімен байланысты компетенция, - ақпараттық технологияларды игеру, оларды қолдануды түсіну, бұқаралық ақпарат құралдары мен жарнама тарататын ақпаратқа сыни түрде бағалай білу.

5. Үздіксіз білім алу негізі ретінде өмір бойы жеке тұлғалық кәсіби және әлеуметтік өмір контекст тұрғысынан білім алуға қабілеттілік [22].

Әдістемелік әдебиеттерде компетенциялардың көптеген түрлері сипатталған. Шетел тілін оқытудың заманауи әдістерінің жетекші компетенциясының бірі коммуникативтік компетенция болып табылады, оның құрамына: лингвистикалық (лингвистикалық), сөйлеу (әлеуметтік лингвистикалық), дискурсивті, стратегиялық (компенсаторлық), әлеуметтік (прагматикалық), әлеуметтік-мәдени компетенциялар жатады.

Коммуникативтік компетенция лингвистикалық компетенцияны қарастырады. Тілдің ең маңызды функциясы - коммуникативтік. Коммуникативтік – қатысым жасау, ақпарат алмасу дегенді білдіреді [23].

Коммуникативтік компетенцияны талдаған ғалымдар: Н.Хомский, С.Л. Рубинштейн, П.Я.Гальперин, А.В. Хуторской, Т.А. Кульгильдинова, М.А. Касымбекова және т.б. болды.

Американдық лингвист Н.Хомский тіл білімін когнитивтік психологияның бір бөлімі деп қарастырды. Н.Хомскийдің теориясы бойынша тілді игеру - тілді меңгеру механизмі (Language Acquisition Device – LAD (тіл меңгеру құрылғысы)) арқылы анықталады. LAD - бұл балаларға тез тіл үйренуге және түсінуге көмектесетін миға бағдарламалап қойылған гипотетикалық құрал деп түсіндерді. Басқаша айтқанда, Н.Хомскийдің пікірінше, балада тілдік қабілеттің туа біткенде пайда болатының және ми сөздерді және сөйлеудің грамматикалық құрылымын ажыратуға көмектесетін «тілдік орган» деп түсіндіреді [24, б. 56].

«Коммуникативтік компетенция» термині Н.Хомскийдің лингвистикалық (тілдік компетенция) туралы идеясының негізінде пайда болды [24, б. 4]. Коммуникативтік компетенция – бұл шетел тілінде еркін қатысым жасау мүмкіндігін қамтамасыз ететін білім деңгейі. Ал, «мәдениетаралық коммуникативтік компетенция» термині шеттілдік қатысымды оқыту процесінің екі маңызды құрамдас бөлігін біріктіреді: коммуникативтік және мәдениетаралық компетенцияны. Ондағы мәдениетаралық компетенциясы - студенттің өз мәдениетін мен оқытылып жатқан тіл елінің мәдениетімен байланыстырып, қатысым жасауға мүмкіндік беретін компетенция. Сонымен қатар, осы компетенция арқылы студент мәдениеттер арасындағы ұқсастықтар

мен айырмашылықтарды, ұлттық стереотиптерді, бір-біріне қатысты идеяларды білу керек және мәдениетаралық айырмашылықтардан туындаған жағдаяттарды қатысым кезінде шешуі тиіс.

И. А. Зимняя коммуникативтік компетенцияны нәтиже ретінде де, оқу мақсаты ретінде де түсіндіреді. Коммуникативтік компетенция, И.А. Зимняя бойынша «адамның коммуникативтік қатысым әрекетінің субъектісі ретінде қалыптасқан қабілеті». Осылайша, И.А. Зимняя коммуникативтік компетенцияны қабілет ретінде тек қана қалыптасып, дамып, диагностикалануы мүмкін деп есептейді. Ал, шетел тілінде қатысымға түсу үшін тек үйретуге болады деп ойлайды [25].

Зерттеуші Т.А. Баева шеттілдік коммуникативтік құзырлығын тұлғалық-бағытталған тәсіл тұрғысынан қарастырады [26].

А.В. Хуторской коммуникативтік компетенцияны – «тілдерді білу, адамдармен және оқиғалармен әрекеттесу тәсілдері; топта, ұжымда жұмыс істеу дағдылары, әртүрлі әлеуметтік рөлдерді меңгеру» – деп анықтады [27, б. 87].

Еуропа Кеңесінің құжатында ұсынылған модельге сәйкес коммуникативтік компетенция үш құрамдас бөліктен тұрады: лингвистикалық (фонологиялық, лексикалық, грамматикалық білім мен дағдыларды қамтиды), әлеуметтіклингвистикалық (тілді қолданудың әлеуметтік-мәдени шарттарымен анықталатын, коммуникативті және басқа компетенциялар арасындағы байланыс) және прагматикалық (жалпы компетенциялардан басқа, қатысымды қамтамасыз ететін экстралингвистикалық элементтерді қамтиды (мимика, ым-ишара және т.б.) [28].

Н.Д. Гальскова және Н.И. Гез коммуникативті компетенцияның келесі құрамдас бөліктерін қарастырды:

1) оқытылатын тіл жүйесі туралы білу және тілдік қатысым құралдарын пайдалану;

2) лингвистикалық білім мен тілдік дағдылар негізінде қалыптасқан шетел тіліндегі айтылымдарды түсіну, оларды белгілі бір қатысым жағдаятында біріктіре білу;

3) оқытылатын тіл елінің әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін білу, сондай-ақ осы тілде сөйлейтін адамдармен вербалды және вербалды емес қатысым жасауға мүмкіндік беретін дағдылар мен іскерліктер [29].

Ю.В. Еремин көзқарасы бойынша болашақ шетел тілі мұғалімдерінің коммуникативтік компетенциясы келесі негізгі талаптарға сай болу керек:

- оқытылатын тілдің лексикалық және стилистикалық нормаларына сәйкес күнделікті, қоғамдық және ғылыми-педагогикалық тақырыптар бойынша өз ойларын диалогтік және монологтық сөйлеуде ауызша (адресатты ескере отырып) қалыпты қарқынмен жеткізе білу;

- түпнұскалық әдеби-көркем мәтіндерді, сонымен қатар қазіргі қоғамдық-саяси әдебиеттерді түсіну;

- шетел тілінде әртүрлі стильдегі және жанрдағы мәтіндерді мәнерлеп оқи білу;

- графикалық, орфографиялық және стильдік тұрғыдан өз ойын жазбаша түрде дұрыс жеткізе білу;
- мәтіндерге реферат және аннотация жасай білу;
- көркем, публицистикалық және басқа да мәтіндерге лингвистикалық талдау жасай білу;
- шетел тілінен ана тіліне және ана тілінен шетел тіліне оқу жазбаша және ауызша аударма жасау [30].

Ю.И. Апарина бойынша бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімінің сапалы коммуникативті сөйлеуіне келесі компоненттер жатады: [31, б. 14]

- Мұғалімнің адаптивті сөйлеу мүмкіндігі белгілі бір баланың қабылдау жүйесінің (көрнекі, есту немесе кинестетикалық) қайсысын қалайтынын ұғыну және осыған орай өзінің сөз сөйлеуін икемдеу. Мұғалімнің адаптивті сөйлеуінің коннотациясы - синонимнің коннотативті (қосымша) мағынасын білуді болжайды, өйткені дидактикалық айтылымның эмоционалды реңкі осыған байланысты. Адаптивті сөйлеудің сауаттылығы мұғалімнің өз пәнін оқытудың заманауи әдістерін, сонымен қатар оқушылардың жас және жеке ерекшеліктерін білуді болжайды. Сонымен қатар ол сауаттылықты мұғалімнің өз қызметіне тән психологиялық кедергілерді жеңуі деп түсінеді. Аутенттілік— дидактикалық сөйлеудің сипаттамасы, сондай-ақ сөйлеу барысында әр түрлі тілдік құрылымдарды мақсатты қолдануға бағытталған. Бұл дегеніміз мұғалімнің ана тілі мен шетел тілінің нормалары мен қолданылу ерекшеліктерін білу арқылы сөйлеу шеберлігі. Мұғалімнің сөйлеу мәнерінің өзгермелілігі - мұғалім әрқашан өз оқушыларының лингвистикалық деңгейлерін анық түсінуі керек, ал оның сөйлеуі әрдайым осы лингвистикалық деңгейге, балалардың психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес келуі керек, сонымен қатар олардың дамуының сапалы жаңа деңгейіне өтуіне ықпал ету. Мұғалім лингвистикалық және стилистикалық нормаларды жетік білуі керек және сөздік қоры болуы керек, сонымен бірге икемді сөйлей білуі, синонимдік тілдік құралдарды қолдана отырып, бір ойды әртүрлі амалдармен жеткізе білуі керек. Мұғалімнің сөйлеу мәнерінің аттрактивтілігі немесе тартымдылығы бастауыш сынып оқушысы үшін өте маңызды, өйткені бұл жастағы балалар өзін қоршаған барлық жағымды және жағымсыз нәрсені эмоционалды қабылдауға бейім.

С.С. Құнанбаеваның пікірінше, болашақ мұғалімнің кәсіби-коммуникативтік компетенциясы құрылымы мыналарды қамтуы керек: шеттілдік білім беру саласындағы базалық білімдер жиынтығы; педагогикалық қызметтің барлық салаларындағы коммуникативтік процестің ерекшеліктерін түсіну; мұғалімнің коммуникативтік субмәдениетін және шетел тілін оқыту әдістемесін білуі; коммуникативтік іскерліктер мен дағдылар; шетел тілін оқыту әдістемесін жетілдіруге бағытталған мұғалімнің жеке қасиеттерін. Коммуникативтік компетенция құрылымын талдау барысында біздің зерттеу аспектіміз бойынша коммуникативтік компетенцияның келесідей иерархиялық құрылымдалғанын бекітуге негіз береді:

- 1) B2-C1 деңгейінде шетел тілдерін білу;
- 2) болашақ мұғалімнің кәсіби және мамандандырылған педагогикалық қызметтің барлық салаларындағы коммуникация ерекшеліктерін түсіну;
- 3) сөйлеу әрекеті саласындағы білімді адекватты жетілдірудің коммуникативтік лингводидактикалық құраушы [17, б. 136]. Мұғалімнің кәсіби коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру - коммуниканттар арасында өзара түсіністік мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, ол қатысатын коммуникация деңгейіне сапалы немесе толыққанды «мәдениетаралық коммуникация субъектісіне» жетуін талап етеді.

С.С. Құнанбаева бойынша мәдениетаралық қатысым субъектісі – «өмірлік жағдайлар мен кәсіби әрекетте мәдениетаралық қатысымды жүзеге асыруға қабілетті, оқытылып отырған тіл мен мәдениеттің өкіліне тән қатысымдық мінез құлық мәдениеті мен ұлттық спецификалық менталитеті көрсете алатын тұлғаны қалыптастыру» [17, б. 137].

А.Т. Чакликова [32], П. Садохин [33], Е.Т. Холл [34], Д.Б. Шаяхметова [35], П.К. Елубаева [36] шеттілдік білім беруде «мәдениетаралық қатысым субъектісін» - тұлғаны дамытудағы түпкі мақсат ретінде әр түрлі өмірлік жағдайларда қатысым жасауға дайын және қабілетті, студенттердің мәдениетаралық және коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру деп санайды.

Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі коммуникативтік компетенция ұстанымдары:

- 1) оқушыға эмпатия білдіру және сенімді қарым-қатынас орнату;
- 2) бастауыш сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктерін білу;

Мысалы, М.А. Грязнова бойынша, «шеттілдік кәсіби коммуникативтік компетенциясы шетел тілінде сөйлеу мәдениеті мен қарым-қатынас мәдениетінің жоғары деңгейін, кең дүниетанымын, шығармашылық ойлауды дамытуды және маманның жаһандық ортаға енуіне мүмкіндік беретін, әлемдік ақпараттық кеңістікте және кәсіби-ғылыми іс-әрекетінде ұлтаралық қарым-қатынас процесінде өзін жүзеге асыратын жеке және кәсіби қасиеттердің жиынтығын білдіреді» [37, б. 8].

Коммуникативтік сөйлеу мәнмәтініндегі бұл ұғымды зерттеуші И.Г.Арзуманян «ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетінің негіздері мен сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін меңгеру, тілді әртүрлі салаларда және қарым-қатынас жағдаяттарында қолдану іскерліктері мен дағдылары» ретінде қарастырған. Тілтанушы ғалым коммуникативтік құзыреттілік түрлерін: сапасы бойынша (продуктивтік және репродуктивтік, бастапқы және қосалқы компетенцияларды); кеңдігі бойынша (жалпы және кәсіби компетенцияларды); ерекшелігі бойынша (тыңдау компетенциясы мен әңгімелеу компетенциясы) ажыратады және студенттердің өздеріне бағытталған ауызша және жазбаша сөйлеуді түсінумен диалог арқылы өз ойын, сезімін жеткізе білу қажеттілігін атап көрсетеді [38, б. 7-9].


Шетел тілі мұғалімдерінің коммуникативтік компетенциясының ұғымын қарастыруға арналған бірқатар жұмыстарды талдай келе, болашақ бастауыш

мектеп шетел тілі мұғалімдерінің коммуникативтік компетенциясының мәнін нақтылау қажет деп санаймыз.

Келесі **когнитивтік компетенция** ұғымын талдайық.

Тіл - лингвистика, психоллингвистика және когнитивті психология арқылы меңгеріледі. Лингвистика тіл құрылымын: фонетикалық, семантикалық және грамматикалық аспектілерін зерттейді. Когнитив (лат. - cognitio) - білім, таным ұғымын білдіреді. Дж.Келлидің жеке тұлға туралы танымдық теориясына сәйкес әр адам әр түрлі күрделілік пен мазмұнға ие болатын танымдық «жеке құрылыстар» жүйесін жасайды, оның негізінде ол сыртқы әлемді, басқа адамдарды және өзін бағалайды [39]. Адамның мінез-құлқы оның білімімен, яғни хабардарлығымен анықталады. Білімдер саналы түрде қабылданады, өңделеді (мағыналы), жадыда сақталады және ақпаратты теориялық немесе қолданбалы есептерді шешу үшін қажетті уақытта шығарылады [40, 41, 42, 43].

Дж.Келлидің жеке тұлға туралы танымдық теориясына сүйене отырып, шетел тілі көру және есту мүшелері арқылы қабылданып, ойлау мүшелері арқылы өңделіп, есте сақталады және өзге ұлтпен қатысым барысында сөйлеу арқылы шығарылады (сурет 2).



Сурет 2 - Сөйлеу процесі

Когнитивті механизмдер, ақпаратты өңдеуде белгілі бір схемалары бар, білімді толықтырудың және түрлендірудің, адам санасының жұмысын көрсететін, нақты объектілер мен абстрактілі мәндерді құрылымдау және концептуализациялау әдістері туралы түсінік береді [39, б. 7].

П.К.Бабинскаяның пікірінше, «когнитивтік - жеке тұлғаның санасы мен ойлау процестерін (қабылдау, ойлау, тану, түсіну және түсіндіру) коммуникативтік және танымдық іс-әрекет процесінде қолдануын білдіреді» [44, б. 4].

Отандық шеттілдік білім беру әрқашан психологтардың зерттеулеріне, сонымен қатар ойлау процестерімен айналысқан психологтардың зерттеулеріне сүйенді. Сондықтан шеттілдік білім берудің қалыптасуына Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев ғалымдарының (адам іс-әрекетін реттеудегі сана-сезім механизмін ашатын - іс-әрекет тұжырымдамасы) жұмыстары және П.Я. Гальперин әдіс-амалдарды дамыту теориясымен -

ақыл-ой әрекеттерін кезең-кезеңімен қалыптастыру теориясына ерекше көңіл бөлді [45]. Сонымен қатар, А.А. Леонтьев [46] және И.А. Зимняя [47] шетел тілін оқытудың психолингвистикалық негіздерінің дамуына, атап айтқанда шетел тіліндегі сөйлеу әрекетіне үлкен үлес қосты.

Психология адамның әртүрлі жеке тұлғалық-психологиялық ерекшеліктерін анықтайды. Жеке психологиялық ерекшеліктері мен тұлғалық ерекшеліктеріне қарай тіл үйренушілердің таным процесі кезінде, әлемді тану жолында немесе танымдық стиль арқылы іс-әрекетті орындаудың белгілі бір амалы қалыптасады екен. Осыған орай зерттеушілер когнитивтік стильдердің сан алуан түрлерін анықтайды, олар адамның тұлғалық психологиялық ерекшеліктермен қасиеттерін анықтайды.

Шеттілдік білім беруде негізгі танымдық стильдерді келесідей қарастыруға болады: визуалдық, аудиалдық және кинестетикалық (тактильдық). Тіл үйренушілер осы үш түрлі білім алу стильдері арқылы ақпаратты қабылдайды және есте сақтайды.

Аудиалдық тіл үйренушілер есту мүшелері арқылы ақпаратты мысалы, әңгімелер мен әндерді (қайталамаларды (chant), рифмовкаларды, аудио мәтіндерді) тыңдап тез үйренсе, визуалдық көру мүшелері арқылы ақпаратты жақсы қабылдайды. Олар көбінесе оқығанды және суреттерді (кескіндерді, кестелерді, бейнелерді) көргенді жақсы көреді. Ал, кинестетикалық тіл үйренушілер іс-қимыл, физикалық қозғалыс және тактильдық қолмен ұстап көру және бір нәрсе жасап шығару арқылы ақпаратты өте жақсы қабылдайды. Оқу процесін ұйымдастыруда болашақ бастауыш шетел тілі мұғалімі осы танымдық стильдерді ескеру қажет, себебі, сыныпта оқушылар жаңа материалды әр түрлі жолмен түсінеді және қабылдайды.

Әдетте, адам танымдық стильдердің белгілі бір жиынтығын пайдаланады, егер тіл үйренуші әртүрлі танымдық стильдерді саналы түрде біліп және тиімді қолданса, онда оның шеттілдік білім алуы анағұрлым табысты болады. Нақты тіл үйренушіге тән танымдық стильдер оның білім алу стилін анықтайды және оның білім алу және білім беру стратегиясын таңдауға әсер етеді.

Болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдері әр оқушының танымдық стильдерін біліп, танымдық стильдеріне қарай тілдік оқу материалдарын әзірлеу керек.

Егер кәсіби компетенцияны қарастыратын болсақ, онда біз оның құрамы ретінде педагогикалық компетенцияны қарастырдық.

Педагогикалық компетенция ұғымын анықтаған ғалымдар: И.А. Колесникова, М.В. Тамашевич, Е.П. Глумова, Ю.В. Еремін және т.б. болды.

Зерттеушілер И.А. Колесникова және М.В. Тамашевич шетел тілі мұғалімдерін даярлаудың стратегиялық мақсаты ретінде кәсіби-педагогикалық компетенттілікті қалыптастыруды қарастырды. Олар бұл ұғымды «түлектердің кәсіби қызметке дайындығын және одан әрі кәсіби өсуін қамтамасыз ететін кәсіби-педагогикалық компетенциялар мен кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттердің жиынтығы» деп түсіндірді.

Шетел тілі мұғалімінің кәсіби педагогикалық құзырлығының бөлігі ретінде авторлар келесі негізгі кәсіби педагогикалық компетенцияларды анықтады:

1) жалпы мәдени - шетел тілі мұғалімінің жалпы гуманитарлық дайындығы, оның дүниетанымы, жалпы мәдени және білім деңгейі;

2) коммуникативтік – тіл иесімен шеттілдік тұлғааралық және мәдениетаралық қатысымды жүзеге асыру қабілеті мен дайындығы;

3) жалпы педагогикалық, оның ішінде психологиялық-педагогикалық және әдістемелік компетенциялар [48].

Өзге мәдениет өкілдерімен қатысым жасаудың бүгінгі күннің күн санап артып отырған қажеттілігі шетел тілі мұғалімінің мәдениетаралық қатысым тасымалдаушы ретінде кәсіби дайындығын күшейтуді талап етеді. Осыған байланысты Е.П. Глумова жалпы мәдени компетенциясының құрамдас бөлігі ретінде шетел тілі мұғалімінің кәсіби-педагогикалық құзырлығының құрамына мәдениетаралық компетенцияны қосуды орынды деп есептейді. Оның пікірінше, шетел тілі мұғалімінің мәдениетаралық компетенциясы - «оқушылардың оқытылатын тіл елдерінің өкілдерімен әр түрлі формадағы мәдениетаралық қатысымның толыққанды қатысушысы болу дағдыларын дамытуға бағытталған нақты іс-әрекеттерді жүзеге асыру қабілеті».

Осылайша, Е.П. Глумова коммуникативтік компетенцияны мәдениетаралық компетенцияның құрамдас бөлігі ретінде қарастырады [49].

Ю.В. Еремін көзқарасы бойынша, шетел тілі мұғалімінің кәсіби-педагогикалық қызметі педагогикалық қатысым процесінде көрінеді. Яғни, шетел тілі мұғалімнің осы қызметті меңгеруі орта мектепте тілді оқытудың негізгі мақсатына – оқушылардың коммуникативтік дағдыларын жеткілікті деңгейде меңгеруіне қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, Ю.В. Еремін ойынша, шетел тілі мұғалімі келесі білімдерді меңгеру керек:

- тілдің қоғамдық құбылыс ретіндегі, оны халықтың ойлауымен, мәдениетімен байланысы туралы, тілдің пайда болуы мен дамуы туралы, тілдің дамуы мен қызмет етуіндегі лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың арақатынасы туралы негізгі теориялық қағидаларды білу;

- тілді құрылымына және деңгейіне қарай жүйелі ұйымдастыруды;

- тіл біліміндегі қазіргі тенденцияларды білу және оларды сыни тұрғыдан бағалай білу;

- оқытылатын тілдің даму тарихындағы негізгі кезеңдерді білу;

- оқытылатын тілдің ауызша және жазбаша түрлерінің функционалдық стильдерінің ерекшеліктерін білу;

- оқытылатын тілдің орфоэпиясы мен орфографиясының негізгі қағидаларын білу [50].

Біздің зерттеуіміздің бөлігі ретінде шетел тілі мұғалімдердің *«кәсіби компетенциясы»* ұғымын анықтайық.

Көптеген әдіскерлер, теоретиктер мен практиктер, шетел тілінің қазіргі заманғы мұғаліміне қойылатын талаптарды өзіндік түсіну және жүйелеу арқылы, мұғалімнің «кәсіби құзырлы» ұғымын әр түрлі түсіндіріп, ұсынады.

В.А. Сластенин былай деп жазды: «Мұғалімнің кәсіби құзырлығы» оның педагогикалық қызметін жүзеге асыруда теориялық және практикалық дайындығында» - дейді [51].

Н.Д. Гальскованың ойынша мұғалімнің кәсіби компетенциясы көрсеткіші – ол кәсіби маңызды дағдылары мен білімінің тәжірибеде қолдану, педагогикалық тәжірибесінен, оның шығармашылық және жеке қасиеттерінен тұратын мұғалімнің шеберлігі [52, б. 118].

Н.Д. Гальскова шетел тілі мұғалімі меңгеруге тиіс келесі кәсіби білімдерді атап берді:

- тілдік жүйелер мен негізгі лингвистикалық және лингводидактикалық категориялар, сонымен қатар оқытылатын тіл елінің мәдениетін, оның тарихын, қазіргі даму мәселелерін;

- қоғам дамуының белгілі бір кезеңіндегі жалпы білім беру тұжырымдамасының негізгі ережелерін, мемлекеттік жалпы білім беру саясатын, оның ішінде шеттілдік білім беруді;

- әрбір нақты даму «дәуіріндегі» оқушы тұлғасының психологиясын, білім беру жағдайында шетел тілін меңгеру заңдылықтарын;

- қоғам мен ғылымның мұғалімге қоятын негізгі талаптарын, оның кәсіби шеберлік деңгейі мен тұлғалық қасиеттерін;

- шетел тілін оқытудың негізгі заңдылықтарын, оқу процесінің барлық құрамдас бөліктерін: мақсаттарын, мазмұнын, әдістерін, оқу-әдістемелік құралдарын және олардың тарихи дамуы мен қазіргі жағдайы тұрғысынан мазмұны мен ерекшелігін білу.

Кәсіби маңызды іскерліктер бойынша Н.Д. Гальскова «тұлғаның екінші тілдік қасиеттерін дамыту үшін мұғалімнің кәсіби қызметін педагогикалық, психологиялық және әдістемелік тұрғыдан дұрыс жүзеге асыру қабілеті» деп түсінеді [52, б. 49].

Г.А. Китайгородская шетел тілі мұғалімінің кәсіби компетенциясының құрылымдарын ұсынды:

- әдістемелік компетенция;
- психологиялық-педагогикалық компетенция;
- әлеуметтік-психологиялық компетенция;
- лингво-әлеуметтік-мәдени компетенция;
- педагогикалық шеберлік;
- кәсіби рефлексия [53].

Е.И. Пассов мұғалімнің әдістемелік іскерлігінің алты түрін (жобалау, бейімдеу, ұйымдастырушылық, коммуникативтік, гностикалық және зерттеушілік) және шетел тілі мұғалімінің алты тұлғалық қасиетін (жалпы қасиеттерін, психологиялық тапқырлығы, практикалық-психологиялық интеллекті, психологиялық такты, басқаларға талап қою және сыншылдық) көрсетіп берді.

Е.И. Пассов мұғалімнің әдістемелік іскерлігі мен тұлғалық қасиеттерінің үш деңгейлі кәсіби біліктілікте (әдістемелік сауаттылық деңгейі, әдістемелік біліктілік деңгейі және әдістемелік шеберлік деңгейі) қарастырды [54].

С.Г. Молчанов кәсіби құзырлықты: білім беру, әлеуметтік-кәсіби мәртебесін және кәсіби біліктілігін (кәсіби мәртебесін), сондай-ақ тұлғалық кәсіби-маңызды жағдайын анықтайтын білім беру, кәсіби, әлеуметтік-кәсіби, әлеуметтік және жеке тұлғалық (кәсіби-маңызды) компетенциялар «жиынтығы» мен «жинақталуын» қарастырады.

Кәсіби компетенция - кәсіби әрекет шеңберіндегі тұлғаның тәжірибесі. Кәсіби компетенцияны қалыптастыру жоғарғы оқу орнында оқыту барысында жүзеге асады. Мұнда өзіндік білім алу шеңберінде практикалық және ғылыми әрекеттерде үнемі жаңа білімді, жаңа әдістерді және амалдерді іздеу, жаңа технологияларды сынау және шығармашылық әлеуетті дамыту қажет.

Негізгі және жетекші компетенциялар әрдайым пәндік (немесе арнайы компетенциялар) контекстінде көрініс табады. Әрине, үш түрлі компетенциялар өзара байланысты және бір мезгілде дамытылады. Олар болашақ кәсіби әрекетте жеке тұлғаның стилін қалыптастырады, маманның тұтас бейнесін жасап шығарады, ең соңында «кәсіби даярлығы» қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Жетекші, негізгі және арнайыландырылған компетенциялар бір бірінен өту арқылы, түрлі қиындық деңгейлердегі кәсіби міндеттерді белгілі бір ресурстарды қолдану арқылы шешу үдерісінде көрініс табады [55].

О.А. Сальникова өз еңбегінде компетенцияларды түрлері мен деңгейлері бойынша келесідей жіктейді: жетекші (әмбебап, негізгі, қарапайым), мета-пәндік (жалпы кәсіби, пән алдындағы (надпредметные)) және пәндік (арнайы) компетенциялар [56].

Е.И. Емельянова шетел тілі мұғалімінің кәсіби құзырлығы мынадай негізгі компоненттердің бірлігі ретінде қарастыруға болады деп есептейді: - жетекші құзырлық (кез-келген кәсіби қызметке қажетті әмбебап компетенциялар); - негізгі құзырлық (мұғалімнің педагогикалық қызметте қалыптасуын анықтайтын психологиялық, педагогикалық, әдістемелік дағдылар мен қабілеттер жүйесі); - арнайы құзырлық (тілдік, әлеуметтік-лингвистикалық, мәдени, стратегиялық және дискурстық білімдер мен коммуникативті жағдайларда нақты қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін дағдылар жүйесі) [57].

О.М. Бобиенко бойынша, жетекші компетенциялар студенттердің білім алу және өздігінен білім алу қабілетін қалыптастыру; бітіруші түлектерді болашақ қызметкер ретінде жұмыс берушілермен қарым-қатынаста икемділігін қалыптастыру; өкілеттігін нығайту, бәсекеге қабілетті орталарда табыстылықты (тұрақтылықты) арттыру [58].

Хуторской А.В. негізгі жетекші компетенциялар құрамына: мәдени-сауатты, жалпы мәдени, оқу-танымдық, ақпараттық, коммуникативтік, әлеуметтік-еңбек және жеке тұлғалық компетенцияларды жатқызады [27, 86 б.].

Шетел тілі мұғалімінің кәсіби компетенциясын анықтаған отандық ғалым С.С.Құнанбаева еңбегінде «ЖОО бітіруші түлектің кәсіби даярлығы» («профессиональная готовность выпускника вуза») – құзырлы моделі төрт компетенциялардан құралады: кәсіби бағдарланған компетенция, кәсіби негізделген және кәсіби анықтайтын компетенция, мәдениетаралық және халықаралық кәсіби коммуникативтік компетенция (сурет 3):



Сурет 3 – ЖОО бітіруші түлектің құзырлы моделі

- кәсіби бағдарланған компетенция блогы ақпаратты, коммуникацияны, азаматтық қоғамдағы жеке тұлғаның әлеуметтік және құқықтық мінез-құлығы негіздерін қолдану негізінде кәсіби міндеттерді шешу қабілетін анықтайтын «жетекші компетенциялардан» құралады;

- кәсіби негізделген компетенция блогы белгілі бір кәсіби қызметті (педагогикалық, филологиялық, халықаралық, экономикалық және т.б.) құруға қабілеті мен дайындығы «негізгі компетенциялардан» құралады;

- мәдениетаралық және халықаралық кәсіби коммуникативтік компетенция кәсіби шетел тілі мен халықаралық оқу орындарының ерекшеліктері үшін, міндетті компетенцияның келесі блогы - мәдениетаралық және халықаралық кәсіби қарым-қатынас блогы;

- кәсіби анықтайтын компетенция кәсіби қызметтің нақты пәннің немесе пән саласының ерекшелігін көрсететін «мамандандырылған компетенциялардан» құралады. Мамандандырылған компетенцияларды нақты белгілі бір кәсіби қызмет саласында жетекші және негізгі компетенцияларды іске асыру ретінде қарастыруға болады [59].

Бастауыш мектеп оқушыларымен жұмыс істеуге қажетті шетел тілі мұғалімінің кәсіби дағдыларының тізбесі:

- оқытуды балалардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес құрастыра білу, олардың қажеттіліктеріне, қызығушылықтарына және қабілеттері сәйкес келетін тапсырмалар түрлерін ұсына білу;

- оқыту бағдарламаларын өзгерте алу;

- оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін ынталандыру;

- ата-аналармен кеңесу мүмкіндігі, өйткені бұл баланың ата-аналарымен іс-әрекетін үйлестіру арқылы шетел тілін табысты меңгерту үшін өте маңызды.

Бастауыш жоғары сынып оқушыларымен жұмыс істеуге қажетті шетел тілі мұғалімінің кәсіби дағдыларының тізбесі:

- бастауыш жоғары сынып оқушыларының өзіне деген сенімділігін тудырту үшін, олардың іс-әрекетін бағалау кезінде мейірімділік таныта білу;

- балалардың оқу іс-әрекетінің әдіс-тәсілдерін меңгеруіне және сонымен бірге белгілі бір нәтижелерге қол жеткізуіне жағдай жасау қабілеті;

- балаларға қысым көрсетуден және шығармашылық әрекет процесіне араласудан аулақ болу.

Бастауыш жоғары сынып оқушыларымен жұмыс істеуге қажетті шетел тілі мұғалімінің кәсіби дағдыларының тізбесі:

- балаға таңдау еркіндігін қамтамасыз ету;

- ынта таныту;

- беделді көмек көрсету;

- мүмкін болатын тәртіпсіздікке төзімділікпен қарау;

- бірлескен іс-әрекетке барынша ынталандыру;

- оқушылардың іс-әрекеттер нәтижелерін бекіту;

- оқушыларды мұғалімнің пікірлес адамы екеніне сендіру қабілеті;

- тілде онша күшті емес балалардың әлеуетті мүмкіндіктерін құрметтеу.

Шетел тілі мұғалімінің бастауыш жоғары сынып оқушылармен жұмыс жасау үшін қажетті кәсіби іскерліктерінің тізімі:

1. балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқытуды құра білу қабілеті, оқушыларға олардың қажеттіліктері, қызығушылықтары мен қабілеттеріне жауап беретін осындай тапсырма түрлерін ұсына білу;

2. оқу бағдарламаларын түрлендіру мүмкіндігі;

3. оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін ынталандыру мүмкіндігі;

4 ата-аналарға кеңес беру қабілеті, өйткені олардың әрекеттерін балалардың ата-аналарымен үйлестіру қабілеті шетел тілін ойдағыдай үйрену үшін қажет.

5. кіші жастағы оқушылардың іс-әрекетін бағалау кезінде олардың өзіне деген сенімін дамытуға қажетті ізгілік таныту қабілеті.

6. балалардың оқу іс-әрекетінің техникасын меңгеріп, сонымен бірге белгілі бір нәтижеге жетуіне жағдай жасау мүмкіндігі

7. балаларға қысым жасаудан және шығармашылық жұмыс істеу процесіне араласудан аулақ болу мүмкіндігі [60].

Ғылыми еңбектерден ШТ мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясының ұғымдарын теориялық талдау негізінде, дәл бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясының құрылымы туралы қазіргі уақытта анықтамасы жоқ деген қорытындыға келдік.

1.3 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар - болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастырудың құралы.

Бұл тарауда біз болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыратын субкомпетенциялар мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды талдау арқылы анықтаймыз.

Біріншіден, лингвомәдени субкомпетенция ұғымын анықтайық.

И.А. Бронетко лингвомәдени компетенцияны қазіргі көпмәдениетті әлемде өмір сүруге және өзара әрекеттесуге дайын болу мен қабілеттілік деп анықтама берді [61, б. 26].

Е.А. Морозова өз еңбегінде лингвомәдени компетенция – «шетел тілі мұғалімінің кәсіби компетенциясының құрамдас бөлігі және оның негізгі құрлымы: лингвистикалық, жалпы мәдени, оқу-когнитивтік, әдістемелік компетенция және тұлғаның өзін-өзі жетілдіру компетенциялары болып табылады» - дейді. Сонымен қатар, ол болашақ шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени компетенциясын қалыптастыру, студенттердің екінші тілдік тұлғасын анықтаудың маңызды факторы болып табылады дейді. Оның ойынша лингвомәдени компетенция мәдениетаралық деңгейде шетел тілін меңгеру қабілеттерінің жиынтығы болып табылады және басқа мәдениет өкілдерімен адекватты қарым-қатынасты білдіреді. Педагогикалық жоғары оқу орны студенттерінің лингвомәдени компетенциясын дамытудың негізгі мақсаты – олардың мамандығы бойынша тіл елдерінің табиғаты мен қоғамы туралы білімдер жүйесін құру [62].

Н.А. Мамонтова бойынша, бастауыш мектеп мұғалімінің лингвомәдени компетенциясын қалыптастыру көрсеткіштері ол оның шетел тілі мәдениетін, шеттілдік мінез-құлық мәдениетінің ерекшеліктерін және мәдени танымдық-ізденістік бағытталған іс-әрекеттің нәтижесінде жинаған білімін тәжірибеде қолдана білу. Автор мұғалімнің кәсіби құзырлығының нақты-әдістемелік компонентінің дағдыларын көрсетті, оларға: шетел тілі мәдениетін оқыту мазмұнындағы олқылықтарды анықтау және жою, мәдениеттануда сөздік қор құру және аутенттік мәтіндерінен мәдени ақпараттар алу, мәдени нормалар мен сөйлеушілердің мінез-құлқы мен менталитетін үйрету. Оның ойынша, «мұғалім лингвомәдени білімдерді, іскерліктер мен дағдыларды игере отырып, сонымен қатар өз білімін мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайында өмірлік маңызды білім беру проблемаларын шешуге дайын болуы керек және үнемі өздігінен оқып, өзін-өзі дамытуға үнемі ұмтылуы керек» - деді [63, б. 91].

Енді, лингвомәдени компетенция ұғымына анықтама берейік – бұл дегеніміз мұғалімнің шетелдік мақал-мәтелдерін, фразеологиясын және мәдениетін түсіну және дұрыс қолдану қабілеті.

Кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенция құрылымы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қамтиды.

«Педагогтің ақпараттық құзырлығы» ұғымы ақпаратпен жұмыс істеу барысында заманауи құралдар мен әдістердің әсерінен педагогикалық қызметтегі мазмұн құрлымдарын түрлендіру процесін көрсетеді. Педагогтің ақпараттық құзырлығы – педагогикалық міндеттерді тиімді шешуге мүмкіндік беретін ақпараттық қоғам субъектісінің кәсіби және нақты ақпараттық білімдерін, дағдылары мен сапаларын біріктіру негізінде туындайтын кешенді жеке психологиялық білім. Ол когнитивтік, белсенділік және тұлғалық құрамдас бөліктерді қамтиды. Педагогтың кәсіби қызметте ақпараттық технологияларды пайдаланудағы психологиялық дайындығын сипаттайтын ақпараттық құзырлықтың құрамдас бөлігіне: мотивациялық-қажеттілік, құндылық-мағыналық және рефлексиялық-бағалау аспектілерін қамтиды. Педагогикалық іс-әрекет құрылымында ақпараттық құзырлы нақты функцияларды (бейімделу, интерактивті және нормативтік-бағалау) орындайды, нақты қасиеттерді (көпфункционалдылық, дуализм, салыстырмалылық, таңдамалылық, жинақтау, өзін-өзі ұйымдастыру) көрсетеді және үш деңгейде (негізгі, функционалдық, жүйелі) қызмет атқарады [64].

А.В. Хуторской бойынша ақпараттық компетенциялар – дегеніміз «оқу пәндері мен білім беру салаларындағы, сондай-ақ қоршаған әлемде ақпаратқа қатысты іс-әрекет әдістерін меңгеру; заманауи ақпараттық құралдар мен ақпараттық технологияларды меңгеру; қажетті ақпаратты іздеу, талдау және таңдау, оны түрлендіру, жіберу және сақтау дағдылары» [65, б. 87].

Шетел тілі мұғалімінің ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құзырлығын М.Н. Евстигнеев «оқытылып жатқан шетел тіл елінің тілі мен мәдениетін оқыту кезінде тілдік дағдыларды қалыптастыру және сөйлеу дағдыларын дамыту мақсатында білім беру интернет ресурстарын, Web 2.0 әлеуметтік қызметтерін және басқа да ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану қабілеті» деп анықтады [66].

Сонымен қатар, М.Н. Евстигнеев мұғалімнің АКТ компетенциясы компьютерлік сауаттылығы, ақпараттық компетенциясы мен әдістемелік компетенциясының тоғысу кезінде туындайды дейді. Ол әдістемелік компетенцияны - шетел тілін оқыту әдістемесі саласындағы теориялық білімдер жүйесін және мұғалімнің жоспарлау, ұйымдастыру және бақылау функцияларын жүзеге асырудағы кешенді әдістемелік дағдылар деп түсінеді.

Мұғалімнің АКТ компетенциясы – ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың құралдары мен әдістерін пайдалана отырып, кәсіби міндеттерді шешеді, атап айтқанда:

- а) оқу мақсаты үшін ақпаратты таңдау, бағалау, өңдеу,
- ә) білім беру интернет-ресурстарын құру,

б) оқу үдерісінде АКТ арқылы қатысушылардың өзара әрекетін ұйымдастыру,

в) белгілі бір оқу пәнінің сипаттамаларын көрсететін аспектілерде АКТ құралдарын пайдалана отырып, білім беру (соның ішінде оқыту) қызметін жүзеге асыру [67, б. 93].

Егер Т.Г. Головки педагогтің ақпараттық құзырлығының мазмұндық құрлымын анықтаса, М.Н. Евстигнеев шетел тілі мұғалімінің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану қабілеттігін қарастырады [68].

Сонымен, кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенция үш субкомпетенциялардан: лингвомәдени, кәсіби-ақпараттық және лингводидактикалық құралады. Осы субкомпетенциялардың мәнін ашу үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану тиімділігін талдау керекпіз.

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары бойынша цифырлық құзыреттер барлық кәсіби стандарттардың міндетті элементі болуы тиіс деп талап етілген [69].

Қазіргі қоғамда шетел тілдерінің рөлі маңызды болғандықтан, шетел тілін білу әлемдік мәдениетке қосылуға, Интернет ресурстарының мүмкіндіктерін толық пайдалануға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта жаңа ақпараттық технологиялар өміріміздің барлық салаларында, соның ішінде білім беру процесіне қарқынды енгізілуде. Осыған байланысты шетел тілін оқытуда компьютерлік ақпараттық технологияларды қолдану әдістемесін жасау қажеттілігі туындайды. Сондай-ақ жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялар оқу процесінің құрамдас бөлігі.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) – коммуникацияға түсу үшін, сондай-ақ ақпаратты құру, тарату, сақтау және басқару үшін пайдаланылатын технологиялық құралдар мен ресурстардың жиынтығынан тұрады. АКТ сыныпта компьютерлер мен интернеттен және мобильді телефон технологияларын сияқты барлық құралдарды қамтуы мүмкін [70].

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың классификациялары бастауыш мектеп шеттілдік білім беруде қолданылуына қарай әр түрлі болуы мүмкін. Яғни, оларды оқу үдерісінде қолдану мақсаты мен міндеттеріне қарай жіктеледі. Олардың көп түрлеріне қарай жалпы білім берудегі ең көп енгізілген заманауи электрондық технологияларды бөліп көрсетуге болады, соның ішінде:

- 1) Интернет;
- 2) Мәтіндік құжаттар;
- 3) Графикалық құжаттар;
- 4) Бейне файлдар;
- 5) Электрондық кестелер;
- 6) Презентациялар;
- 7) Web-парақтар;
- 8) Біріктірілген құжаттар [71].

В.В. Мендель АКТ-ны оқу үдерісінде қолданудың келесі аспектілерін анықтады:

Мазмұндық. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қолдануы мүмкін:

- 1) Сабақты белгілі бір салада көрнекі ету үшін. Ол үшін, мысалы: плакаттар, кестелер, презентациялар пайдалануда;
- 2) Әр оқушыға арналған шағын тесттерді құру кезінде;
- 3) Үй тапсырмасын құру кезінде әртүрлі жаттығатын тапсырмалар құруда және т.б.

Мотивациялық. Бұл кезде АКТ қызығушылық пен мотивацияны ояту үшін қолданылады, олар келесідей:

- 1) Оқыту процесі аясында жеке мүмкіндіктер мен қажеттіліктері үшін қолдану;
- 2) Оқыту процесін ұйымдастырудың әдістерін, формаларын, мазмұны мен түрін таңдауды кеңейтеді;
- 3) Оқушылардың қабілеттерін ашуға көбірек мүмкіндіктер жасайды;
- 4) Студенттердің қоғамдағы өзара әрекеттесуі үшін қажетті АКТ-ны қолдану дағдыларын дамытуға жағдай жасайды.

Оқу-әдістемелік. АКТ-ны мұғалім көрнекілігін арттыру және оқушыларға жеткізгісі келетін ақпаратқа қызығушылықты арттыру үшін пайдаланады деген ұстаным. Ол үшін оқу процесінің кез келген кезеңінде әртүрлі АКТ-ны қолдануға болады:

- 1) Сабаққа дайындық кезеңінде. Жоспарлау, көрнекі материал жасау, жоба құру;
- 2) Оқу процесі және бекіту кезеңінде;
- 3) Өзіндік жұмысты ұйымдастыруда;
- 4) Қосымша материал қажет болғанда;
- 5) Білімді бақылау және нәтижелерді тексеру кезінде.

Ұйымдастырушылық. Яғни ақпараттық-коммуникациялық технологиялар:

- 1) Жеке оқыту үшін;
- 2) Немесе топтық форматта сабақ өту үшін.

Бақылау және бағалау. Білімді бақылаудың әртүрлі түрлері, мысалы: тестілеу (білім деңгейін анықтау үшін), аралық және қорытынды бақылау үшін қажет [72].

Аллан Каррингтон Блум таксаномиясының алты деңгейі негізінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың «Педагогикалық шеңберін» құрастырды [73]. Әр деңгей әрекеттер етістігінен, іс-әрекет түрлерінен және ақпараттық-коммуникациялық технологиялардан тұрады (сурет 4).

Осваиваем "сети и облака":
bit.ly/pwblogRUS



С. Н. Женетль мұғалім мен оқушылардың іс-әрекеті арасындағы қарым-қатынас оқу ақпаратын тасымалдаушылардың, яғни, педагогикалық оқыту мазмұны негізделген сөз, слайд, тақтадағы жазба, видео және кинофильм, оқулық, электрондық оқулық, компьютер және басқа да құралдары көмегімен жүзеге асады дейді. Сонмен қатар, автор оқу материалының берік игерілуін қамтамасыз ету үшін оқыту кезіндегі ойлау іс-әрекет процесінің психологиялық ерекшеліктерін ескеру қажет деп санайды [74].

Осы талдаған АКТ-ны оқу үдерісінде қолдану аспектілерінің барлығын өзіміздің жаттығуларымызды әзірлеу кезінде қолдандық.

Щукин А.Н. білім беру технологиясы (немесе педагогикалық технологиялар) терминінің мұғалімдердің жұмыстарын ғылыми ұйымдастыруда сабақты оқыту мақсаты мен нәтижесіне өте тиімді жетуді жүзеге асыруда қолданылатын амалдері жиынтығы деп анықтама берді. Білім беру технологиясы оқу үдерісін жақсарту мен оны ұйымдастыру сапасы мен тиімділігін арттыруға байланысты барлық негізгі дидактикалық мәселелерді қамтыды. Термин 60-70 жылдары кең таралып, XX ғасырда программалық білім беру мен техникалық құралдарды кең қолдана бастады.

Сонымен қатар Щукин А.Н. өз еңбегінде білім беру технологиясының екі анықтамадан құралған: *білім беру технологиялары* (Technology of Teaching) және *білім берудегі технологиялар* (Technology in Teaching) терминдерін берді. Бірінші термин мұғалімдердің жұмыстарын ғылыми ұйымдастыруда сабақ мақсаты мен нәтижесіне өте тиімді жүзеге асыруда қолданылатын амалдер жиынтығы болса, екіншісі оқу үдерісінде қолданылатын оқу техникалық құралдар мағынасын береді. Білім беру технологияларын қолданудың ең басты ерекшелітері ол:

- 1) *нәтижелілік* - қойылған оқу мақсатына жоғары деңгейде жету,
- 2) *үнемділік* – аз уақыт ішінде көп мөлшердегі оқу материалын меңгеру,
- 3) *пәнді оқудағы жоғары мотивация* – сабақты оқуға деген ынтаның арттыруына көмектеседі және оқушының тұлғалық даму сапасын арттырады.

Компьютерлік білім беру – бұл шетел тілін оқыту үшін оқу бағдарламаларын компьютер арқылы құру [75]. Компьютерлік білім беру мәселесі компьютерлік линводидактика атты әдістеменің жеке бөлігінде қарастырылады. Компьютерлік линводидактика тілдік білім беруде компьютердерді қолдану теориясы мен практикасы мәселелерін зерттейді.

Компьютерлік линводидактика пәнаралық білім саласы болып табылады және ақпараттық технологияларды дамытумен өте тығыз байланысты.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар кез келген білім берудің, соның ішінде шетел тілдерін оқытудың негізгі құралына айналууда. Шетел тілдерін оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану – ең тиімді жолдарының бірі.

Ақпараттық технологияның дамуына байланысты білім берудің жаңа түрі – электронды білім беру (e-learning), яғни ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, оқытудың пайда болуына әкелді. Электрондық білім берудің негізін *электрондық білім беру ресурстары* құрайды [76].

«Электрондық білім беру ресурстары» (ЭББР) термині компьютерлік технология негізінде әзірленетін тілдік оқу материалдары. Сондай-ақ «ЦББР» терминін, яғни цифырлық білім беру ресурстарын, цифырлық технологиялар негізінде жасалған және цифырлық құрылғылар арқылы білім беру. Цифырлық білім беру ресурстары (ЦББР) – дегеніміз қолданбалы

компьютерлік бағдарламалар түріндегі мемлекеттік оқу жоспарларына сәйкес пәннің әрбір тақырыбына әзірленген цифырлық форматтағы дидактикалық материалдар. ЦББР электрондық оқу (e-learning) жүйесінде енгізіледі және мұғалімдер мен оқушылар үшін бұл материалдарды тегін пайдалана алады [77]. ЭББР-ды сабақта қолданудың негізгі мақсаты – қазіргі мектеп оқушылары үшін өте қажет білім беру процесін жаңа деңгейге шығару. Біріншіден, электрондық оқыту құралдары кез келген ақпаратты анағұрлым көрнекі түрде ұсынады және аутентикалық мәтіндерді естуге мүмкіндік береді. Екіншіден, олардың мотивациялық әлеуеті зор: студенттер заманауи құрал-жабдықтардың көмегімен оқуды ұнатады, белгілі бір тақырыптарды өз бетінше оқып, өздерін сынап, кері байланыс алады. Дәстүрлі ресурстарға қарағанда ЭББР-ы әлдеқайда көп ақпаратпен қамтамасыз ете алады, бұл ретте барлық мәтіндік, визуалды және дыбыстық ақпарат бір цифырлық құрылғыда жинақы түрде орналастырылады. Электрондық білім беру ресурстарын оқу процесінде пайдалану қазіргі заманғы мұғалім жұмысының міндетті бөлігі болып табылады.

Отандық ғалым Нургалиева Г.К. бағдарламалық құралдарды алты түрге бөледі:

- 1) Бақылау және тестілеу бағдарламалары
- 2) Жаттықтыру бағдарламалары.
- 3) Ақпараттық-анықтамалық жүйелер.
- 4) Модельдеу бағдарламалары
- 5) Электрондық оқулықтар
- 6) Мультимедиялық бағдарламалар [78].

Бүгінгі таңда интернет-технологиялар мұғалімдер мен оқушылардың жалпы ақпараттық мәдениетінің бір бөлігі деп айтуға болады. Интернет-ресурстар балалардың білім алуға деген ынтасын оятады, әр оқушының жеке белсенділік аймағын кеңейтеді, бір сабақтың ішінде сапалы материалды жеткізу жылдамдығын арттырады. Интернетті білімге, атап айтқанда, оны шетел тілдерін оқытуда қолдану мәселесі қазіргі кезде өте өзекті, өйткені Интернетті шетел тілін оқыту құралы ретінде пайдалану кезінде оқыту мен тәрбиелеудің көптеген мақсаттары мен міндеттері өте жақсы жүзеге асырылады.

Жалпы білім беретін мектептерде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану мәселесі соңғы жылдары жиі көтеріліп келеді. Оларға жаңа техникалық құралдар да, оқытудың инновациялық формалары мен әдістері де, оқу процесіне заманауи көзқараста енеді. Шетел тілдерін оқытудың негізгі мақсаты - мектеп оқушыларының коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру және дамыту.

Мұғалімнің міндеті - тілді іс жүзінде қолдануға жағдай жасау, әр оқушыға оны үйретуде белсенділік танытуға мүмкіндік беретін оқытудың тиімді әдістерін таңдау. Бірлескен оқыту, жобалық іс-шаралар, жаңа ақпараттық технологиялар мен Интернет ресурстарын пайдалану сияқты қазіргі заманғы педагогикалық-инновациялық технологиялар оқушылардың оқуға деген

көзқарасын іске асыруға көмектеседі, оқушылардың қабілеттерін, олардың бейімділіктерін, дайындық деңгейлерін және т.б. ескере отырып, оқуды саралау мен жеке тұлғаны қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

К.Э. Безукладников және т.б. авторлар бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімін даярлау білім беруді модернизациялаудың қазіргі заманғы тенденцияларына сәйкес келуі керек дейді. Бастауыш мектеп мұғалімдерінің негізгі кәсіби компетенциялары қалыптасуы керек. Олар мектепте шетел тілін арнайы дайындықтан өткеннен кейін үйрете алады және бастауыш мектеп шетел тілін оқытатын маман:

- бастауыш мектеп жасындағы балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін ескере отырып, сабақты жоспарлау және өткізу;
- білім беру процесінде денсаулық сақтау технологияларын, оқу-әдістемелік құралдарды, дидактикалық материалдар мен арнайы құралдарды қолдану;
- оқытудың заманауи технологияларын қолдану (ойын, деформациялық-коммуникациялық, интегративті, жобалық, дамытушылық, компьютерлік);
- тиімді жоспарлау үшін сабақ жоспарын дұрыс құру (қойылған мақсаттарға жету);
- әр түрлі іс-әрекеттерді қолдана отырып, оқушылардың сабақтағы жұмысын ұйымдастыру;
- сабаққа әр оқушының қатысуын қадағалау;
- оқушылардың жас ерекшеліктеріне және олардың оқу деңгейіне байланысты оқу материалдарын бейімдеу;
- сабақты жобалауға және жеткізуге шығармашылық қабілетін арттыру;
- сабақта оқушылардың жұмысын бақылауды жүйелі ұйымдастыру;
- оқушылардың оқылатын материалға деген қызығушылығын ояту, олардың оқуға деген ынтасын сақтау [79, б. 86].

Қазіргі уақытта біз әртүрлі ресурстардан ақпарат ала аламыз, оны қолдана аламыз және өзіміз жасай аламыз. АКТ-ны кеңінен қолдану болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерге шетел тілін оқытуда жаңа мүмкіндіктер ашады.

Қазіргі балалар компьютерлік ойындарды ойнауға көп уақыт жұмсайды, сондықтан олар АКТ құралдарын қолдана отырып ақпарат алуға жылдам бейімделеді. Сонымен қатар, компьютерлік технология бастауыш шетел тілі мұғалімнің сабаққа материал дайындау мен іздеудегі жұмысын айтарлықтай жеңілдетеді.

Компьютердің оқу құралы ретіндегі ерекшелігі әмбебаптылық, интерактивтілік сияқты сипаттамалармен байланысты. Мультимедиялық бағдарламалар негізінде интерактивті оқыту әдіснамалық, педагогикалық, дидактикалық және психологиялық ұстанымдарының кешенін жүзеге асыруға мүмкіндік береді, оқу процесін қызықты және шығармашылық етеді. Алайда, компьютер сабақта мұғалімнің орнын ауыстыра алмайды. Сабақты компьютермен және оқу процестерімен ұштастыру керек деп санаймыз.

Бүгінгі таңда шетел тілін ерте жастан оқытуда бастауыш сыныптан бастап оқушылардың білім беру және даму процестері заманауи әдістердің негізгі ағымына сәйкес келетінін ескеруіміз керек.

Ерте жастан шетел тілін үйрену бастапқы қабілеттерге қарамастан, барлық балалар үшін пайдалы, өйткені ол баланың ақыл-ой функциясының: зейін, ойлау, есте сақтау, қабылдау, қиялдау сияқты дамуына сөзсіз оң әсер етеді. Бастауыш мектепте шетел тілін ерте жастан оқыту мен оқу сапасын жақсарту тұрғысынан үлкен практиканы қажет етеді.

Бастауыш мектепте ағылшын тілі сабағында АКТ-ны қолданудың негізгі мақсаттары:

- тілді үйренуге деген ынтаны арттырады;
- шетел тіліндегі аутентті мәтіндерді түсінуге;
- лексикалық білімді арттырады;
- мақсатты тілдегі елдің әлеуметтік-мәдени ерекшеліктері туралы білім көлемін кеңейтеді;
- ағылшын тілін өз бетінше оқып үйренуге дайындығы мен қабілетін дамытады.

Бастауыш мектепте ағылшын сабағында АКТ-ны қолдану оқытудың түсіндірмелі-иллюстрациялық әдісінен, баланың оқу әрекетінің белсенді субъектісіне айналатын белсенділікке негізделген әрекетке көшуге мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың білімдерін саналы игеруіне әкеледі. Бастауыш мектепте АКТ қолдану:

- оқушылардың танымдық белсенділігін арттырады;
- сабақты жоғары эстетикалық деңгейде өткізеді (музыка, анимация);
- деңгейлі тапсырмаларды қолдана отырып, оқушыға жеке тұлғалық көзқарыс таңытады.

Біз бастауыш ШТ мұғалімдерге мультимедиялық технологияларды қолдануға мүмкіндік береміз. Тәжірибе көрсеткендей, бастауыш мектепте ағылшын тілі сабақтарындағы мультимедиялық бағдарламаларды ұтымды пайдаланудың көптеген артықшылықтары бар:

- оқуды ынталандырып, мұғалімге жеке тұлғалық амалды қолдануға және әр оқушының психологиялық ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді;
- оқушылардың жас ерекшеліктеріне және дайындық деңгейіне сәйкес жүйелі және шығармашылық ойлауды дамытады, фактілерді талдауға, салыстыруға және жалпылауға үйретеді;
- ағылшын тілін оқыту процесінің барлық қатысушыларына Интернеттегі ақпараттың қол жетімділігін ұсынып, оқушылардың өзіндік дамытуға ықпал етіп, олардың жеке қызығушылығымен тікелей байланысты ақпаратты пайдаланады;
- материалды неғұрлым ақпараттық деңгейде ұсынуға жағдай жасап, білім берудің тиімділігін, нәтижелігі мен сапасын арттырады;
- әр түрлі мәтіндердің болуына байланысты тілдік компетенцияны арттырып, тіл иесімен шынайы қатысымды қамтамасыз етеді;

• лингвоелтанулық аспектілерді зерделеу мүмкіндіктерін кеңейтіп, танымдық белсенділікті және сабаққа деген қызығушылықты арттыратын визуализацияның сапасын жақсартады.

Осыған орай бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімі АКТ оқу процесінде қолдану үшін теориялық білімі мен практикалық іскерлігін дамыту қажет. Шетел тілі мұғалімінің АКТ құзырлығы - «мұғалімнің Интернет-ресурстарды, Web.2.0 әлеуметтік қызметтерін және басқа технологияларды шетел тілін және сол оқып жатқан тіл елінің мәдениетін оқыту барысында тілдік дағдыларды және сөйлеу дағдыларын дамыту мақсатында пайдалану мүмкіндігі».

Интернет-ресурстар қазіргі оқушы үшін негізгі ақпарат көзі бола отырып, оқытушы үшін таусылмайтын материал болып табылады.

Интернет-ресурстарды пайдалану мүмкіндіктері орасан зор. Ғаламдық Интернет жүйесі оқушылар мен мұғалімдерге кез-келген ақпаратты алуға жағдай жасайды: әлемдік жаңалықтар, газет-журналдардағы мақалалар, қажетті әдебиеттер, сөздіктер, бейне-роликтер, аудио жазбалар және т.б. Сонымен қатар оқушылар Интернетте өткізілетін тестілеуге, викториналарға, конкурстарға, олимпиадаларға қатыса алады.

Ғаламдық Интернет жүйесі шетел тілі мұғалімдері үшін көптеген пайдалы ресурстар ұсынады. Бұл шетел тілдерін оқытатын арнайы бағдарламалар, сонымен қатар мұғалім белгілі бір оқу міндеттеріне бейімдей алатын аутентті материалдар.

Компьютерлік технологияларды келесі бағыттарда қолдануға болады:

- сабақты тақырыптық жоспарлауда;
- дидактикалық материалды жинақтауда, тақырып бойынша ақпарат банкін құруда;
- сабақ немесе сабақ элементтерін өткізуде;
- сыныптан тыс іс-шараларды, конкурстарды, викториналарды әзірлеу және өткізуде;
- оқушылардың интернет-олимпиадаларға, тесттерге қатысуында.

Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар

АКТ-ны қолдану білім беруді модернизациялаудың негізгі мақсатына - білім беру сапасын арттыруға, ақпараттық кеңістікте бағдарланған, қазіргі заманғы технологиялардың ақпараттық-коммуникациялық мүмкіндіктеріне байланысты және ақпараттық мәдениетке ие жеке тұлғаның үйлесімді дамуын қамтамасыз етуге, сонымен қатар бар тәжірибені ұсынуға және оның тиімділігін анықтауға ықпал етеді.

Соңғы жылдары білім беруде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану мәселесі жиі көтерілуде. Бұл тек жаңа техникалық құралдар ғана емес, сонымен бірге оқытудың жаңа формалары мен әдістері, оқу процесіне жаңа көзқарас. Педагогикалық процеске АКТ енгізу мұғалімнің ұжымға деген сенімін арттырады, өйткені оқыту заманауи, жоғары деңгейде өткізіледі. Сонымен қатар, кәсіби құзіреттіліктерін дамыта отырып, мұғалімнің өзін-өзі бағалауы артып келеді.

Педагогикалық шеберлік ғылымның, техниканың және олардың өнімі - ақпараттық технологияның қазіргі даму деңгейіне сәйкес келетін білім мен дағдылардың бірлігіне негізделген.

Осыған орай, қазіргі уақытта бастауыш ШТ мұғалімі ақпарат алу, оны пайдалану және құру қажет. АКТ-ны кеңінен қолдану ШТ мұғаліміне оқытуда жаңа мүмкіндіктер ашады, сонымен қатар оның жұмысын едәуір жеңілдетеді, оқытудың тиімділігін арттырады және оқыту сапасын арттырады.

Бірінші тарау қорытындысы

Болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби даярлығының ерекшелігі мұғалімнің жоғары әлеуметтік мәртебесімен байланысты және барынша сұранысқа ие жеке тұлғаны лингвомәдени ұйымдастыруымен анықталады.

Бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерін даярлауда бастауыш сынып оқушыларымен өзара әрекеттесуді қарастырады және шеттілдік білім беру саласындағы зерттеу нәтижелері мен әзірленген жұмыстарды зерделеуді талап етеді. Осының негізінде болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлау үдерісінде олардың кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру ерекше өзектілік пен мәнге ие болады.

Зерттеудің кілттік ұғымы кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенция дегеніміз - кәсіби қызметтің әлеуметтік-рөлдік жағдайларына байланысты ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолданатын лингвомәдени, кәсіби-ақпараттық және лингводидактикалық субкомпетенциялар жиынтығын қамтитын көп өлшемді құбылыс.

Болашақ мұғалімді даярлаудағы коммуникативті, кәсіби және лингвомәдени компоненттің бірлігі ақпараттық-танымдық материал негізінде кәсіби қатысым қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерін даярлау коммуникативті құрамдас бөлігіне назар аударатын кәсіби шеттілдік аспектілерін қамтуы керек және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар кешені арқылы синергетикаға қол жеткізу керек.

Диссертациялық жұмыстың бірінші бөлімінде мұғалім мамандығының мәнін көрсететін және оның негізгі мақсаттары мен мәселелеріне сәйкес теориялық тұжырымдамасы мен нормативтік құжаттарын зерделеу негізінде зерттеу нәтижелері алынды.

Зерттеу жұмысымыздың міндеттеріне сәйкес «Педагог» кәсіби стандартындағы педагогикалық қызметке қойылатын талаптар: компетенциялары, міндеттері, критерийлері және идентификаторлары сараланып, анықталды.

Зерттеу жұмысымызда қолданыстағы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің бастауыш мектептерге арналған «6B01301-Ағылшын тіліндегі бастауыш білім беру» және «6B01303-Ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен бастауыш білім беру» білім беру бағдарламалары мен Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар

және әлем тілдері университетінің «6B01701-Екі шетел тілдері мұғалімдері» майнор-бағдарламасына талдау жасалынды. Өйткені Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ-де бастауыш мектеп үшін арнайы бағдарлама жоқ. Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ-нің қолданыстағы майнор-бағдарламасы бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімін даярлауға қомақты базасы бар, бірақ біздің зерттеуде шетел тілі мұғалімдерін толық даярлау үшін қосымша модульдік бағдарламаны енгіздік. Бұл бағдарламалардың жалпы салыстырмалы талдауы бойынша ЖББП блогынан басқа барлық пәндер ағылшын тілінде оқытылады, бірақ ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану мақсаты мен әдістерінде айырмашылық бар екендігін айқындалды. «Информатика және АКТ» білім беру бағдарламалары үшін оқыту қазақ/орыс тілдерінде жүргізіледі, ал АКТ кәсіби мақсатта қолданылады.

Ғылыми-зерттеу бойынша шетелдік және отандық зерттеушілердің ғылыми-әдістемелік әдебиеттеріне жүргізілген теориялық талдауларда бастауыш оқушыларын 9 жастан бастап оқыту тиімділігі анықталды, сондықтан Қазақстан Республикасының мектептерінде шетел тілін оқыту бірінші сыныптан үшінші сыныпқа көшірілді.

Шетел тілі мұғалімдерін даярлау үшін кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясы ұғымының мәні мен мағынасы ашылды.

Бастауыш мектеп үшін шетел тілі мұғалімдерін даярлайтын Педагог стандарты мен ЖОО-ның білім беру бағдарламаларын талдау негізінде кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенцияны құрайтын құрылымдары: лингвомәдени, кәсіби-ақпараттық және лингводидактикалық субкомпетенциялары анықталды.

Болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру міндеттерін, шетел тілімен және оны оқыту әдістемесін білуді жүзеге асыратын қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қолдану аспектілері айқындалды.

2 АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ МЕКТЕП ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ-КОГНИТИВТІ-КОММУНИКАТИВТІК КОМПЕТЕНЦИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАЗМҰНЫ

Бұл тарауда біз болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыратын моделін құрастырудың әдістемелік-технологиялық негіздерін қарастырдық.

2.1 Болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын ақпараттық - коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптастыру моделі.

Көптеген уақыт бойы отандық ғылымда және тәжірибеде бастауыш мектепте шетел тілін оқытатын мұғалімдерді Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары (ЖЖОКБҰ) жүйесінде даярлау болмады. Қазіргі таңда бұл өзекті мәселелердің бірі.

Педагогикалық тілдік жоғары оқу орындарында шетел тілін бастауыш сыныптан оқытатын болашақ мұғалімдерді даярлауда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру мәселесі бойынша және мұғалім моделінің негізгі субкомпетенцияларын анықтау қажеттілігі қазіргі уақытта жүйелі зерттеу әдістерінің жеткіліксіз болуымен сипатталады.

Сондықтан, ең алдымен «модель» және «модельдеу» терминдерін талдадық.

Н. С. Редькина бойынша «Модель (француз тілінде «modele», латын тілінен «modulus» - «өлшем, үлгі, норма») — дегеніміз объектінің немесе объектілер жүйесінің бейнесі (бейне, диаграмма, сипаттама)» [80].

Ал, педагогикалық модельдеуді О.А. Козырева – «үздіксіз білім беру жүйесінде тұлғаны дамыту мәселелерін қою мен шешуде теориялық және педагогикалық тәжірибе арқылы анықталатын күрделі ғылыми-педагогикалық сипаты» - дейді [81].

О.А. Козыреваның аңқтамасы бойынша ғылыми-педагогикалық негізінде біз өзіміздің моделімізді құрамыз.

Кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенцияның мазмұны мен құрылымына шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне жасалған талдау бойынша, өзіміздің болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдердің ақпараттық - коммуникациялық технологиялар арқылы кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыратын моделін жасауға мүмкіндік берді.

Біз ұсынған болашақ бастауыш мектеп ШТ мұғалімінің моделі бес блоктан тұрады: мақсатты, концептуалды, процессуалды және бағалау-нәтижелі (кесте 1).

Бірінші блокта теориялық және әдістемелік зерттеу базасы жүйесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру моделін анықтау және эксперименталды түрде нақтылау мақсаты қойылды.

Екінші блок - болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыратын тәсілдер, ұстанымдар мен субкомпетенциялардан құралатын концептуалды блок.

Болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру моделі келесі тәсілдер арқылы жүзеге асады: когнитивті-лингвомәдени, құзырлы және интерактивті-дидактикалық. Оның ішінде бірінші когнитивті-лингвомәдени тәсілін қарастырамыз.

Когнитивтік тәсілі оқыту үдерісі, ақпаратты қабылдау (таным), меңгеру, өңдеу, құрылымдау, сақтау, пайдалану сияқты мәселелерді шешуге бағытталған [82].

Шетел тіліндегі когнитивті көзқарас әртүрлі тіл өкілдерінің ойлау сипатындағы айырмашылықтарды ескеру қажеттілігіне, тілдік құбылыстардың когнитивтік аспектілерін қарастыруға, яғни олардың тілмен байланысы мен ұштасуына қарай түсіндіруге бағытталған дүниені тану процестері [83].

«Когнитивтік тәсіл» термині когнитивтік лингвистиканың теориялық құрылымдарымен тығыз байланысты. Когнитивтік лингвистика тілді зерттеудегі жаңа парадигма ретінде және тіл танымның құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады.

Сонымен қатар тіл мен мәдениеттің өзара әрекеттестігі санада жүзеге асады, сондықтан лингвомәдениеттану да когнитивті зерттеу болып табылады. Осыған орай, лингвомәдениетаралық тәсіл тілді мәдени құбылыс ретінде тілдің қалыптасуы мен әлемнің тілдік бейнесінің тарихи, әлеуметтік жағдайлармен, сондай-ақ халықтың наным-сенімдерімен, дәстүрлерімен және этномәдени топ өмір салтымен байланысын қарастырады [84, 85, 86, 87].

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, когнитивті-лингвомәдени тәсіл шетел тілі мен мәдениетінің құбылыстары мен элементтерін және шынайы дүниені жақсы түсінуге және оқу процесін тиімдірек ұйымдастыруға және түсіндіруге мүмкіндік береді.

Келесі тәсіл - шеттілдік білім берудегі құзырлы тәсілді талдасақ, бұл тәсіл студенттердің жеке кәсіби қасиеттеріне қойылатын талаптарға сәйкес белгілі бір кәсіби міндеттерді шеше алу қабілетін дамытуға бағытталған оқыту тәсілі деп түсіндіріледі: алынған ақпаратты іздеу, талдау, таңдау және өңдеу, қажетті ақпаратты беру мүмкіндігі; басқалармен қарым-қатынас жасау дағдылары, топта жұмыс істей білу; стандартты емес жағдайларда немесе белгісіздік жағдайында өз іс-әрекетін жоспарлау, талдау, өзін-өзі бағалау механизмдерін игеру; туындаған мәселелерді шешудің әдістері мен тәсілдерін меңгеру.

Құзырлы тәсіл студенттерге шетел тілін меңгеру деңгейіне белгілі бір талаптар қояды. Осыған орай студенттердің негізгі және жоғары қатарлы компетенциялары ажыратылады. Негізгі деңгейде тілді меңгеру қатысым құралы болып табылады (белгілі бір сөздік қор, негізгі грамматикалық құрылымдарды меңгеру, тілдің қызмет ету заңдылықтарын білу, мәдени орта туралы білу және т.б.).

Сонымен қатар, құзырлы тәсіл бастауыш мектеп шеттілдік білім беру мақсаттарына нәтижелі жету үшін әлеуметтік өзгеріс пен әлеуметтік талапқа сай, білім мазмұның меңгерген, шеттілдік білім беру үдерісін ұйымдастыратын, кәсіби тұрғыдан қызмет ете алатын, өзін-өзі оқытып, өзін-өзі жетілдіруге бейім, білім, іскерлік, дағдыны тиімді пайдалана алатын белсенді болашақ бастауыш шетел тілі мұғалімін қалыптастырады. Осылайша, құзырлы тәсіл білім берудің практикалық бағытын жақсартады, мұғалімнің тәжірибе жинау қажеттілігін, білімді іс жүзінде қолдана білу қабілетін арттырады.

Оқу процесін ұйымдастырудағы құзырлыққа негізделген тәсіл мұғалімнен оқу процесінің: құрылымын, іс-әрекетті ұйымдастырудың формаларын, субъектілердің өзара әрекеттесу ұстанымдарын өзгертуді талап етеді. Бұл дегеніміз, мұғалім жұмысында басымдылық диалогтық қатысым әдісіне беріледі. Мұның бәрі оқытудың интерактивті әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылады.

«Интерактивті» сөзі ағылшынның «interact» сөзінен шыққан: inter дегеніміз - өзара жауап мағынасы бар префикс, «to act» - әрекет ету, демек «interact» - өзара әрекеттесу. Интерактивтілік – өзара айту, әңгімелесу немесе сөйлесу қабілеті және адаммен немесе компьютермен талқылау арқылы қарым-қатынас жасау қабілеттілігі.

Интерактивті әдістер «мұғалім = оқушы» және «оқушы = оқушы» өзара әрекеттесу схемаларына негізделген. Яғни, қазір мұғалім балаларды оқу процесіне қызықтырып қана қоймай, оқушылардың өздері де өзара әрекеттесіп, оқу процесіне барлық оқушы қатысады.. Мұғалім тек көмекші қызметін атқарады. Оның міндеті - балалардың инициативасына жағдай жасау.

Г. Шутова бойынша оқытудың интерактивті әдістерінің міндеттеріне:

- Өз бетінше ақпаратты ізденуге, талдауға және жағдаятты дұрыс шешуге үйрету.

- Топта жұмыс істеуге үйрету: басқалардың пікірлерін құрметтеу, басқа көзқарасқа төзімділік таныту.

- Белгілі бір фактілерге сүйене отырып, өз пікірлерін қалыптастыруға үйретуді жатқызады [88].

Е.К. Шамсутдинова және т.б. авторлар интерактивті тәсіл – «студенттерге өмірлік коммуникативтік дағдыларын үйретіп, топта жұмыс істеуге, өз пікірін айтуға және басқа біреулердің пікірлерін тыңдауға үйретуде үлкен көмек болып табылады. Сонымен қатар, бұл тәсіл жаңа сөздікті оқытумен қатар оны практикада қолдана отырып, оқушылардың сөз

тіркестерін қолдану дағдыларын арттырады, коммуникативтік дағдыларын дамытады, есте сақтауды машықтандырады» - дейді [89].

Дидактика бізге оқу процесінің маңызды заңдылықтары мен компоненттері туралы түсінік береді, мысалы:

- оқу процесін сипаттау мен түсіндіру және оны жүзеге асыру шарттары;
- қазіргі заманғы оқу процестерін әзірлеу;
- оқу процесін ұйымдастыру;
- оқытудың жаңа жүйелері;
- оқытудың жаңа технологиялары [90].

Дәстүрлі дидактикалық процесте мұғалім тарапынан бақылау орнына қазіргі шетелдік әдебиетте тұлғаның өзі ізденіп, білім алуына мұғалім бағдар беру қажет. Сонымен қатар, шеттілдік білім беруде интерактивтік тәсілді қолдану ШТ оқыту процесінің лингводидактикалық тиімділігін арттырады [91, 92, 93, 94, 95].

Ал, интерактивті және дидактикалық тәсілдерді біріктіретін - интерактивті дидактикалық тәсіл мультимедиялық тілдік бағдарламалар арқылы жүзеге асырылады. Ю.В. Кохендерфер, мультимедиялық тілдік бағдарламаны – «бұл шеттілдік білім беруге бағытталған мәтіндік, аудио және видео материалдарды, графикалық кескіндер мен анимацияларды қамтитын компьютерлік бағдарлама» - дейді. Тілдік мультимедиялық бағдарламалардың дидактикалық қасиеттеріне байланысты зерттеуші мыналарды қарастырады: мультимедия, интерактивтілік, кері байланыс, әмбебаптылық, көп деңгейлі білім беретін тілдік материалдар, дербестік. Сонымен қатар, автор дидактикалық қасиеттердің әрқайсысында студенттердің мультимедиялық тілдік бағдарламалар негізінде шетел тілінің коммуникативті компетенцияның барлық компоненттерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін әдістемелік функциясы бар дейді [96].

Сонымен, интерактивті оқытудың келесі дидактикалық қасиеттері мен функцияларын ажырата аламыз:

- студенттердің өздері мен мұғалім арасындағы өзара әрекеттесуі, бұл оқу процесінде ұжымдық ойлау әрекеті мен өзара оқыту идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді;
- интерактивті оқытудың коммуникативті жағы, қарым-қатынас процесі кезінде қазіргі ақпараттық коммуникативтік технологиялардың қолданылуы;
- студенттердің (мәдени, әлеуметтік, отбасылық және т.б.) тәжірибесіне негізделген оқыту.

Осылайша, интерактивті дидактикалық тәсіл дегеніміз - шеттілдік білім беру процесін дидактикалық (мақсаттар, мазмұны, әдістері, тәсілдері мен құралдарын қолдану арқылы) компоненттер арқылы болашақ бастауыш шетел тілі мұғалімінің оқушылармен өзара интерактивтік әрекетін ұйымдастыру.

Интерактивті-дидактикалық тәсіл – білім алушылар орындайтын интерактивті жаттығулар мен тапсырмалар арқылы жүзеге асады. Интерактивті жаттығулар мен тапсырмалардың дәстүрлі жаттығулардан басты айырмашылығы, жаңа білімді жылдам меңгеруге бағытталған. Қазіргі таңда

интерактивті тапсырмалардың түрлері өте көп, олардың арасында мыналарды атап көрсетуге болады: шығармашылық тапсырмалар; шағын топтарда жұмыс жасау; білім беру ойындары (рөлдік ойындар, имитациялар, іскерлік ойындар және білім беру ойындары); әлеуметтік ресурстарды пайдалану (цифрлық әңгімелеу, экскурсиялар); әлеуметтік жобалар және оқытудың мектептен тыс әдістері (әлеуметтік жобалар, конкурстар, қойылымдар, көрмелер, шоулар, әндер мен ертегілер); дене жаттығулары; жаңа материалды зерделеу және бекіту (интерактивті дәріс, көрнекі құралдармен жұмыс, бейне және аудио материалдар қолдану).

Болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру келесі субкомпетенциялар арқылы жүзеге асады: лингвомәдени, кәсіби ақпараттық және лингводидактикалық.

Лингвомәдени субкомпетенциясы

«Шетел тілі» курсы енгізудің әртүрлі кезеңдерінде тіл туралы білімді (лингвистикалық компетенцияны) дамыту мәселесі ең маңызды және қазіргі таңға дейін өзекті. Дегенмен, бұл мәселенің шешімдері әртүрлі болды және бұл пәннің оқу жүйесінде алатын орны мен оның қандай мәселелерді шешуді көздегеніне байланысты болды.

Шетел тілін оқыту әдістемесінде лингвистикалық компетенция екі жақты түсіндіріледі, яғни бұл ұғым тілдік компетенцияның синонимі ретінде қолданылады. Алайда В.В. Сафронова [97] және Д.И. Изаренков [98] және т.б. ғалымдар бойынша лингвистикалық және тілдік компетенциялар ұғымдары арасындағы айырмашылықты айтатын болсақ қазіргі заманғы шетел тілін оқыту теориясында лингвистикалық және тілдік компетенция дегеніміз - тілдік білім, білік және дағдылардың жиынтығын білдіреді және оқытылатын тілдің әр түрлі бағыттағы іс-әрекеттерінде тілдік нормаларына сәйкес шеттілдік сөйлеу әрекетін жүзеге асыруға, сонымен қатар студенттердің тілдік қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Тілдік компетенция фонематикалық, орфографиялық, лексикалық, грамматикалық құралдарды меңгеруді қамтиды және Н.Хомскийдің пікірінше, тіл жүйесін білу грамматикалық білімді меңгерумен байланысы болып табылады [21, б. 6]. Тілдік компетенция негізі екі құрамдас бөліктен тұрады: оқытылатын ережелерге негізделген білім және сөйлеу барысында түсіну мен түсінгенінді сөйлеу арқылы шығару қабілеті. Сөйлеу үшін тек тілдік компетенцияны дамыту жеткіліксіз: тілді меңгеруге тілдік, мәдени және коммуникативтік компетенцияларды дамытуды қажет етеді.

Әйгілі лингвомәдениеттанушы В.В. Воробьев тіл мен мәдениеттің өзара әрекеттесуі мен байланысы арасындағы ғылыми зерттеуінде екі мәселе түрін ажыратады: біріншісі филологиялық (лингвистикалық) аспект – тілдегі ұлттық-мәдени семантикасын анықтау мақсатында тілді талдау және лингводидактикалық (әдістемелік) аспект – оқытылатын тілдегі мәтіндерді студенттер қабылдау кезінде сол тіл өкілінің ұлттық мәдени элементтерін меңгеруі [99].

Осы лингвистикалық, тілдік және мәдени аспектілерді біріктіре дамытатын компетенция – ол лингвомәдени компетенция болып табылады. Ең алдымен ғылыми жариялымдардағы «лингвомәдени» және «лингвомәдениеттану» ұғымдарының семантикалық мазмұның анықтасақ, А.А. Подгорбунских талдауы бойынша «лингвомәдениетаралық құзырлық» - тұлғаның белгілі бір ұлттық тілде жинақталған мәдениет туралы білімдер жүйесі мен осы білімді практикалық іс-әрекетте қолдану үшін арнайы дағдыларды меңгерген, жалпы алғанда – сөйлеушінің немесе тыңдаушының тілде білдірген мәдени құндылықтардың бүкіл жүйесін білуі ретінде қарастырса, ал «лингвомәдени құзырлық» тұлғаның өзге елдің тілі мен мәдениетін біліп, әлеуметтік нормативті-коммуникативтік тәжірибесін меңгергені негізінде сол қоғам өкілдерімен өзара түсіністік пен өзара әрекеттестікке дайындығы мен қабілеті ретінде түсіндіреді [100].

Л.А. Шкатова ойынша, «лингвомәдениетаралық компетенция» ұғымының мазмұны – «мәдени компоненттер мен мәдени құндылықтарды білу және осы білімді кез келген практикалық іс-әрекетінде қолдана білуде белсенділік таныту» - дейді [101].

«Лингвомәдени компетенция» коммуникативтік-когнитивтік аспектіде қарастырылады және белгілі бір әлеуметтік-мәдени кеңістікте сөйлеу әрекетінің әртүрлі түрлерін меңгеруді, басқа елдің сөйлеу мен мәдениетін қабылдауды және толеранттылық шарттары мен міндеттерін ескере отырып, өзіндік мәлімдеме жасауды болжайды [102, 103, 104].

Л.А. Городецкая өз еңбегінде лингвомәдени құзырлығын құрылымының екі компонентін ұсынды: біріншісі интра-мәдени құзырлық – өз мәдениетінің нормаларын, ережелерін және дәстүрлерін білу, ал екіншісі мәдениетаралық (немесе интермәдени) құзырлық – басқа қауымдастықтың жалпы лингвомәдени нормаларын, ережелері мен дәстүрлерін білу [105].

Ал, лингвомәдени компетенцияда тіл мәдениет арқылы және мәдениет тіл арқылы меңгеріледі деген постулатқа негізделген. Бұл тұжырымдаманы В.В. Воробьев [106], С.С. Құнанбаева [58, б. 47] және т.б. дамытқан.

Г.В.Токарев лингвомәдени компетенцияға мынадай анықтама берді: «белгілі бір мәдениет контекстіндегі фактілерді көре алу және түсіндіру қабілеті мен сөздің мәдени коннотациясын білу және коммуникация әрекетінде осы коннотацияларды ескере білу. Берілген құбылысты көре білу және коннотациялардың пайда болу себептерін түсіндіре білу лингвомәдени құзыреттілік мәнін құрайды» [107, б. 49-50].

Лингвомәдени компетенцияда мәдени ақпаратты көрсететін кез келген тілдік бірліктер (фразеологизмдер, метафоралар және т.б.) мен лингвомәдени бірліктер жатады. Негізгі лингвомәдени бірліктер қоғамның белгілі бір даму кезеңінде жинақтаған білімдерін сақтайды және адамдардың практикалық іс-әрекеті процесінде қалыптаса береді. Олар белгілі бір уақыт кезеңінде қоғам үшін негізгі болып табылады, осы қоғамның кез келген өмірлік қызметімен байланысты, белсенді қолданылады, белгілі бір коммуникативті қатысымда маңызды рөл атқарады және түсінуге көмектеседі [108].

Ғалым О.И.Халупо лингвомәдени компетенциясына келесідей анықтамалар берді: біріншісі - «белгілі бір лингвоқоғамның тілі мен мәдениетін білу, сол қоғамның менталитетін, руханилығын, ұлттық ерекшелігін көрсететін негізгі сипаттарды меңгеру және оларды әртүрлі қызмет салаларында жүзеге асыру дағдысы» болса, екіншісі - «лингвомәдени компетенция» адамның өмірі мен қызметі барысында қалыптасқан және белгілі бір мәдениет пен тілде бар дәстүрлерді, нормаларды, ережелерді бейнелейтін негізгі тілдік-мәдени білімдерді білдіреді. Басқаша айтқанда, бұл қоғам лингвомәдениетін көрсететін негізгі лингвомәдени бірліктерді қолдана білу, игеру, дағдыландыру дейді [109, б. 125].

Сонымен қатар автор лингвомәдениет компетенциясын меңгерудің келесі көрсеткіштерін берген:

- қоғамда өзінің әлеуметтенуін ұйымдастыруда базалық негіздері болып табылатын адамгершілік, гуманистік, тілдік, мәдени құралатын жиынтығы ретінде қазіргі қоғамдағы адамның жалпы мәдениетін жаңаша түсіну;
- қоғамның негізгі құндылықтарын түсінуге, сондай-ақ жалпы әлемнің тілдік бейнесін білуге мүмкіндік беретін тілдік және мәдени білімдерді біріктіру;
- қолданыстағыларды сақтау мен жетілдіру және жаңа лингвомәдени бағыттарды орнату.

О.И.Халупоның пікірінше, білім мен дағдының көмегімен қоғамның тілдік мәдениетін жеткізе алудың үш кезеңі (үш деңгейі) бар дейді [109, б. 129] (кесте 2).

Кесте 2 – Лингвомәдени компетенцияның үш деңгейі

Төмен	Орта	Жоғары
Тілдік бірлік пен құралдардың шектеулі қолданылуы. Мәдени құндылықтарды нашар түсінуі	Тілдік және мәдени материалдарды пайдалануда белгілі бір тәжірибесі бар	Тілді еркін меңгерген, тіл мен мәдениет саласында білімі кең

О.И. Халупо сияқты Л.А.Городецкая да лингвомәдени компетенциясының төмен, орта және жоғары деңгейлерін ұсынған [110]. Лингвомәдени құзыреттілік дамуының төмен деңгейі - оқытылатын тіл елінің лингвомәдениетіне қатысты стереотиптік идеяларды қолдану мүмкіндігінің жоқтығынан және тілдік бірліктер, тілдік құралдар мен ұлттың мәдени құндылықтарын әлсіз түсіну деңгейінің төмендігін көрсетеді.

Келесі, лингвомәдени материалмен (кітаптардан, фильмдерден және т.б. тікелей немесе жанама) жұмыс істеу тәжірибесі бар оқу орындарында тілді оқып жатқан студенттердің лингвомәдени компетенциялар деңгейі орташа болып есептеледі.

Ал, лингвомәдени компетенцияның жоғары деңгейінде тілді қиындықсыз

қолданатын және тіл мен мәдениет саласында жеткілікті кең білімі бар студенттер иеленеді дейді Л.А.Городецкая [110, б. 19].

Осылайша, лингвомәдени субкомпетенция - диалекттік ерекшеліктерін, сөйлеу қатысым стильдерінің саралануын, сондай-ақ «нақты ұлттық лингвомәдени қауымдастықтың» нормалары мен нұсқауларына сәйкес тілдік құралдарды меңгеруді қамтиды.

Болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени субкомпетенциясы - белгілі бір қоғамның ұлттық мәдени құндылықтарын менталитетін, рухани ерекшеліктерін көрсететін негізгі сипаттамаларын коммуникация барысында қолдану болып табылады.

Сонымен қатар, болашақ бастауыш шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени субкомпетенцияның қалыптасуы мәдени, лексикалық және коммуникативтік бірліктерді меңгеру деңгейімен анықталады және оқытылатын тілде де, ана тілінде де мәлімдеменің мазмұнына сәйкес мәдени маңызы бар лексикалық бірліктерді, мәдени коннотацияларды таңдай білуден көрінеді.

С.С. Құнанбаева және басқа авторлардың еңбегін зерделей келе лингвомәдени субкомпетенцияны қалыптастыру үшін үш критерийді анықтау керек деген қорытындыға келдік, олар:

1) Тілдік – болашақ мұғалімнің В2-С2 жаттығулары бойынша тілді меңгеруі.

2) Операционалды – бастауыш мектепте шетел тілдерін оқыту әдістемесін білуі.

3) Мәдени – мәдени алмастыруларды түсіну арқылы сабақты коммуникативті өткізу. Сондықтан сабақ міндеті коммуникативті сипатта болуы талап етіледі.

Талданған зерттеу негізінде келесі лингвомәдени субкомпетенцияның негізгі деңгейлерін бөліп көрсетеміз:

Біледі:

- ұлттық мәдени қауымдастық пен ағылшын тілді елдер базасының когнитивтік элементтерін;
- сөздің мәдени коннотацияларын;
- тілде ұсынылған мәдени құндылықтардың бүкіл жүйесін білуі;
- өзінің тілдік және мәдени қауымдастығының нормаларын, ережелерін және дәстүрлерін білу; сонымен қатар, басқа тілдік қоғамның тілдік және мәдени нормаларын, ережелері мен дәстүрлерін білу.

Іскерлігі:

- белгілі бір мәдениет контекстіндегі фактілерді көру және түсіндіру қабілеті;
- «мәдени тұрғыдан маңызды» тілдік фактілерді тани білу;
- тілдік бірліктерге сәйкес мәдени артефактілермен байланыстыра білу;
- мәдени белгіленген тілдерді пайдалана білу.

Дағдысы:

- белгілі бір қоғамның менталитетін, руханилығын және ұлттық ерекшеліктерін көрсететін негізгі сипаттамаларын коммуникация барысында қолдану.

Кәсіби-ақпараттық субкомпетенция

Кәсіби-ақпараттық субкомпетенция - бастауыш мектеп болашақ ШТ мұғалімдерінің оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды өз бетінше қолдануға дайындығы мен қабілеті. Бұл субкомпетенция болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби шеттілдік білім беруді сәтті жүзеге асыруға мүмкіндік береді, яғни инновациялық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, маңызды мақсаттар қояды және өз қызметіндегі жоспарларды жүзеге асырады, шығармашыл көзқарас танытады және нәтижелер көрсетеді.

Бастауыш мектеп болашақ ШТ мұғалімнің кәсіби-ақпараттық субкомпетенциясы дегеніміз әр түрлі ақпараттық құралдарды пайдалану ғана емес, сонымен қатар оларды ШТ оқыту іс-әрекетінде тиімді пайдалану.

Кәсіби-ақпараттық субкомпетенцияны қалыптастыру үшін студенттердің:

- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар туралы білімі мен қолдану дағдысын дамыту қажет;
- ақпараттық кеңістікте интерактивті диалогты жүзеге асыру керек;
- шеттілдік білім беру технологияларын, дидактикалық әдістер мен тәсілдерді және АКТ шеттілдік білім беру мазмұнымен біріктіріп оқыту керек;
- тілді игертуде оқу процесіне ынталандыру қажет.

Осы субкомпетенция келесі негізгі компоненттерден құралады:

Біледі:

- негізгі іздеу жүйелері және білім беру мақсатында шетел тілінде интернетте ақпаратты іздеу мен талдаудың жалпы ережелері туралы;
- интернет байланыс құралдарының түрлерін;
- шетел тілін және оқытылатын тіл елінің мәдениетін оқытуға арналған вебсайттарды (British Council, BBC, Oxford University Press, BusyTeacher.org және т.б.);
- білім беру мақсатында шетел тілінде интернеттен алынған ақпаратты бағалау және іріктеу критерийлері туралы білу.

Дағдылары:

- білім беру мақсатында шетел тіліндегі интернет ресурстарын таңдау;
- шетел тілі және оқытылатын тіл елінің мәдениеті бойынша аутентті білім беру интернет-ресурстарын, соның ішінде мультимедиа технологияларын оқыту процесінде қолдана алу;
- грамматикалық және лексикалық қорды жетілдіруде онлайн интерактивтік жаттығулар мен ойын бағдарламаларын қолдану;
- сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда онлайн чаттар, блогтар және тағыда басқа әлеуметтік желілерді пайдалану;
- оқушылардың үлгерімін бақылауда онлайн тесттерді құра алу.

Лингводидактикалық субкомпетенциясы

Лингводидактика екі сөз түбірінен құралады:

1. «Лингво» (Lingua лат.) – тіл деген мағынаны білдереді.
2. «Дидактика» термині гректің дидактикос (didaktikos) сөзінен шыққан, яғни, оқыту, білім беру.

Лингводидактика яғни тілдерді оқытудың жалпы теориясы. «Лингводидактика» терминің алғаш рет көрнекті ғалым Н.М. Шанский енгізді. Бұл термин адамның өзге тілді қалай меңгеруі туралы қажеттілігінен туындады [111]. Лингводидактикалық деп саналған сипаттамада - тілдердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын зерттеу, зерттелетін тілдің мазмұны мен құрылымын талдау, оқыту мақсатында тілдік минимумдарды құрастыру және лингвистика мен педагогиканың түйіскен жерінде туындайтын басқа бірқатар мәселелер қамтылған.

Лингводидактикалық - тілді оқыту туралы ғылым, оның мақсаты - мақсаттар мен міндеттерге, сондай-ақ зерттелген материалдың сипатына байланысты тілді оқытудың жалпы заңдылықтарын, оқыту әдістері мен құралдарын зерттеу болып табылады [112].

О.П. Казакова шетел тілі мұғалімдерінің арнайы мақсаттағы лингводидактикалық компетенциясы лингвистикалық, психологиялық педагогикалық және әдістемелік компоненттердің жиынтығы ретінде қарастырылады дейді [113].

Ал, Ю. В. Ткачева шетел тілі мұғалімінің негізгі қызметін қамтамасыз ететін лингводидактикалық компетенция – бастауыш және орта мектеп оқушыларының арасында шеттілдік коммуникативті компетенциясын қалыптастыру деп санайды [114, б. 254].

Осы талдауларға байланысты заманауи бастауыш мектепте шетел тілін оқытатын мұғалім «Шетел тілі» пәнін оқыту мен оқыту мақсаттарын тиімді жүзеге асыруға дайын болу үшін өзінің коммуникативті компетенциясын қалыптастыру қажет. Осыған байланысты болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімінің лингводидактикалық субкомпетенциясы құрамының бірі ретінде лингвистикалық, психологиялық педагогикалық және әдістемелік компоненттернің жиынтығы мен коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру арқылы жүзеге асады.

Бұл субкомпетенция - бастауыш мектеп болашақ шетел тілі мұғалімдерінің жеке кәсіби өсуіне арналған кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясының құрамдас бөлігі ретінде. Осылайша, лингводидактикалық субкомпетенция - болашақ бастауыш шетел тілі мұғалімінің өзге мәдениет өкілдерінің көзқарастары мен пікірлерін түсінуге, өзіндік құндылықтар мен мінез-құлық нормаларының және кәсіби ұтқырлыққа, оқушылармен қатысым процесіндегі жағдаяттар мен лингвистикалық, психологиялық педагогикалық және әдістемелік шеттілдік білім беруге дайын болуға, коммуникативтілік пен төзімділік негізінде кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктерін арттыруға негіз жасайды.

Лингводидактикалық субкомпетенция келесі негізгі компоненттерден құралады:

Біледі:

- мәтін түрлерін;
- оқу процесіне бағытталатын белгілі бір жағдаяттарды шешуде типтік коммуникативтік тапсырмаларды таңдай алу;
- тіл мен сөйлеу құралдарының, жанрлық ерекшеліктерін және т.б. анықтау үшін тілдер түрлерін лингвистикалық талдай алу;
- оқушылардың жас ерекшеліктерін білу;
- оқытудың номенклатуралық негіздерін (мемлекеттік білім беру стандарттарын, кәсіби стандарттарды, лауазымдық нұсқаулықтарды мен жұмыс берушінің талаптарын) білу.

Дағдысы:

- әртүрлі оқушылардың білім алу стильдері бойынша жаттығуларды тілдік материалдар мен көрнекі құралдар арқылы әзірлеу;
- әртүрлі типтегі жазбаша және ауызша түріндегі сөйлеу материалын құру;
- оқу мақсаттарында көрсетілген форматқа сәйкес жаттығулар мен тест тапсырмаларының жүйесін құру;
- оқыту стильдері мен шетел тілін меңгеру деңгейін диагностикалау нәтижелері бойынша оқу үдерісін құру;
- оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес анықталған жеке қызығушылықтары негізінде мотивациялық іс-әрекеттер кешенін әзірлеу;
- бастауыш мектеп шеттілдік білім беру процесін АКТ құралдары арқылы интерактивтік ұйымдастыру;
- өзге тіл иесі және бастауыш мектеп оқушыларымен қатысымға түсу барысында вербалды және вербалды емес коммуникация түрлерін қолдану.

Қалыптастырушы субкомпетенциялар жиынтығы келесі ұстанымдармен біріктіріледі: **когнитивтік-іс-әрекет негіздері ұстанымы, ақпараттық-интерактивті және селективті-коммуникативтік ұстанымдары.**

А. Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн, Н. Ф. Талызина және Р.Х. Гильмеева іс-әрекет тәсілі негізін салған психологтармен педагогтар болды.

Іс-әрекеттік - бұл бір нәрсе үшін «қажеттілік», туындаған қажеттілікке жауап бере отырып, адамның айналасындағы әлеммен (басқа адамдарды қоса) белсенді мақсатты әрекеттесу нысаны [115].

Бұл өзара әрекеттесу адамның өмір сүруі мен дамуын анықтайтын өмірлік міндеттерді шешуден тұрады. А.Н.Леонтьевтің пікірінше, адам өмірі - бұл «жиынтық», дәлірек айтқанда, жүйелі түрде жүзеге асырылатын іс-әрекеттер жүйесі». Іс-әрекеттік тәсіл аясында тұжырымдалған негізгі ұстаным: «сана мен іс-әрекеттің бірлігі». Психика мен таным іс-әрекетте пайда болып, іс-әрекетте қалыптасады.

Ж.Ф.Талызин «Іс-әрекеттік әрқашан адам өміріндегі мәселелерді шешуге бағытталған және іс-әрекеттік тәсіл білім беру мақсаттарына нақты өмірлік міндеттер тұрғысынан маман даярлауға мүмкіндік береді»-дейді [116, б. 77].

А.Н. Леонтьев «Оқу процесі дегеніміз – жаңа білім дайын түрде берілмейді, студенттің санасы мен жеке тұлғасын қалыптастыруға бағытталған студенттің іс-әрекеті. Білім берудегі «іс-әрекет тәсілі» дегеніміз осы!» - деп айтқан болатын [117].

ЖЖОКБҰ-да шетел тілін оқытудағы іс-әрекеттік тәсіл сөйлеу әрекетінің барлық түрлерінде ойлаудың қалыптасуын анықтайды. Сондықтан, шетел тіліндегі кәсіби қатысымдағы сөйлеу әрекетін когнитивті-лингвомәдени тәсіл көзқарасы тұрғысынан қарастырған жөн.

Р.Х. Гильмеева бойынша болашақ педагогтарды кәсіби даярлауда когнитивті-лингвомәдени тәсіл мыналарды анықтайды:

- қалыптасқан құндылықтар мен мағыналар негізінде тұлғаның өзін-өзі дамытуға және үздіксіз білім алуға дайындығын қалыптастыру;
- тұлғалық дамудың құндылыққа негізделген білім беру ортасын жобалау және құру;
- жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, белсенді құнды-мағыналық оқу-танымдық іс-әрекет;
- оқушының тиімді іс-әрекетін реттеудің когнитивті-құндылық механизмдерін дамыту [118, б. 38].

Жоғарыда келтірілген когнитивтік және іс-әрекеттік ұстанымдарды талдау барысында когнитивті-іс-әрекеттік ұстаным дегеніміз – болашақ бастауыш шетел тілі мұғалімі оқушылардың білімін, іскерлігін, ойлау қабілеттерін, белсенді іс-әрекетін және жеке қасиеттері мен жас ерекшеліктерін ескере отырып оқу процесін тиімді ұйымдастыру. Сонымен қатар, мұғалім оқушының дамуына жағдай жасауға бағытталған өзіндік іс-әрекеттерді жүзеге асырады. Сол үшін, біріншіден, біз болашақ шетел тілі мұғалімінің іс-әрекетін қарастыруымыз керек, оның өзіндік мотиві, мақсаты, процесі, құралы, оны түрлендірудің әдісі, одан кейін мұғалім оқушыны оқу процесінің субъектісі ретінде қарастыруы керек. Мұнда, студент білімді дайын түрінде емес, сонымен бірге өздігінен білім алып, өзінің оқу іс-әрекетінің мазмұны мен формаларын ұғынады, бұл оның қабілеттерін, жалпы шеттілдік білім беру дағдыларын сәтті қалыптастыруына ықпал етеді.

Когнитивтік-іс-әрекет ұстанымында студент немесе оқушы оқу ортасында орналасып, тұлға ретінде оның мотивтері, мақсаттары, оның ерекше психологиялық құрылымы және т.б. қарастырылады. Болашақ бастауыш шетел тілі мұғалімі оқушының қызығушылығын, оның білімі мен дағдысының деңгейін негізге ала отырып, сабақтың тәрбиелік мақсатын анықтап, оқушы тұлғасын дамыту мақсатында бүкіл оқу-тәрбие процесін қалыптастырады және бағыттап, түзетеді. Осыған сәйкес когнитивтік-іс-әрекет ұстанымын жүзеге асыруда әрбір сабақтың мақсаты әрбір жеке оқушының және жалпы топтың позициясынан қалыптасады. Бұл тұжырым студент білімінің ағымдағы, бастапқы, ағымдағы деңгейіне ой жүгіртіп, одан кейін өзінің жетістіктерін, жеке өсуін бағалауы керек дегенді білдіреді.

Когнитивтік-іс-әрекет ұстанымы оқыту мен оқу үдерісін ұйымдастыру (және басқару) әрекеті ретінде қарастырып, осы процестегі нақты оқу

міндеттерін (танымдық, зерттеушілік, түрлендіру, проективті және т.б.) қоюға және шешуге бағытталады. Әрине, когнитивтік-іс-әрекет ұстанымымен мұғалім оқу міндеттері мен іс-әрекеттерін, олардың ұсынылу формасын және оларды орындау алгоритмін білген жағдайда бұл әрекеттерді оқушылардың орындауында ұйымдастыра алады.

Когнитивтік іс-әрекет студенттің танымдық (когнитивтік) қабілетіне негізделген іс-әрекет ретінде қарастырылады. Танымдық қабілеттерге мыналар жатады:

- Назар аудару: әрекетке назар аудару және айналадағы алаңдататын нәрселерді елемей мүмкіндігі

- Сезім: бес сезім мүшесі арқылы ақпаратты қабылдау процесі

- Қабылдау: сезімдерді тәпсірлеу жолы

- Түсіну: естігенді және оқығанды түсіну қабілеті

- Жады: ақпаратты қабылдау, саралау және сақтау процесі

- Ой қозғау: жағдайды талдау және мақсатқа жету үшін білімді қолдана білу

Когнитивтік қабілеттерге (латын тілінен *cogito* – менің ойымша) келесілер жатады: логикалық және эмоционалды-бейнелі қабілеттер, мағыналық және көп ғылыми көзқарас, сұрақ қою қабілеті, болашақты болжау, гипотеза құру, қорытынды жасау және т.б. Когнитивтік қабілеттерді дамытудың негізгі ұстанымы студенттің дайын «білімді» меңгеру емес, керісінше шындық туралы өзіндік білім алу басымдылығы болып табылады. Яғни, студенттердің бір нақты білім беру объектісін өз бетінше оқуы – жеке оқу өнімдерін алуға, осы объект туралы білімдерді, сонымен қатар оны алу тәсілдерін білуге жетелейді.

Когнитивтік іс-әрекет сананың құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады, оның құрамдас бөліктері: а) компетенция – тілдің көмегімен сана әрекеттерін тудыра білу; б) когнитивтік іс-әрекет нәтижесіндегі нақты білім алу. Когнитивтік іс-әрекет тілдік жүйеде көрініс тапқан белгілі бір мәдени және ұлттық контексте ашылады [118, б. 197-198]. Шеттілдік сөйлеу іс-әрекеті кезінде адамға келіп түсетін тілдік ақпаратты когнитивті өңдеу - қабылдау мен түсіну кезінде де, сөйлеуді тудыру кезінде де жүзеге асырылады. Біздің ойымызша, когнитивті-іс-әрекет ұстанымы дегеніміз – болашақ бастауыш шетел тілі мұғалімі шеттілдік білім беру процесінде туындаған мәселелерді шешу, шешім қабылдау үшін ақпаратты іздеп, қолдану және ойлауды қамтитын жоғары деңгейдегі когнитивтік іс-әрекеттер.

Сонымен, когнитивтік-іс-әрекет негіздері ұстанымында, болашақ бастауыш шетел тілі мұғалімдерінің өзіндік танымының дамуының нәтижесі:

1. мәселелерді ұтымды шешу үшін ақпаратты алу, өңдеу, сақтау және қолдану;

2. оқу мен интеллектуалды әрекеттерін өздігінен жоспарлау мен жүзеге асыру;

3. өздігінен танумен зерттеу әрекеті, ынтымақтастықта жұмыс істеу, өзін-өзі бағалау және бақылау қабілеті болып табылады.

Осылайша, когнитивтік-іс-әрекет негіздері ұстанымында көрнекілікті бірінші кезекке қоюға болады. Әрине, бұл көру үшін ғана емес, сонымен бірге барлық басқа сезімдермен де байланысты. К.Д. Ушинский [119] кез-келген әсерді қабылдауға сенсорлық органдардың саны неғұрлым көп іске қосылғанын ескерсек, ол біздің жадымызда соғұрлым берік болады. Егер адам ақпаратты бір уақытта көру және есту арқылы қабылдайтын болса, онда ол тек бір ғана арна арқылы келетін ақпаратпен салыстырғанда едәуір күшті болатының көптеген ғалымдар тәжірибе арқылы дәлелдеген. Соның бірі шеттілік білім беру процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану.

Келесі **ақпараттық-интерактивті ұстанымын** қарастырамыз.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануда, тиісті ақпаратты тиімді игеруге ықпал етіп қана қоймай, оқушылардың танымдық белсенділігін арттырады; теорияны практикамен байланыстыру қабілетін дамытады, дағдыны қалыптастырады, зейінін шоғырландырады, жалпы оқуға деген қызығушылығын арттырады.

Оқу процесінде кеңінен қолданылатын АКТ-ң өзіндік ерекшеліктері бар:

1. Визуалды ақпарат. Оған мультимедиа (оқу фильмдері), медиа графикалық оқу құралдары (постерлер, диаграммалар, суреттер), жаңа технологияларда қолданылатын компьютерлік бағдарламалар (цифрлық программалар) және т.б.

2. Аудио ақпарат - ауызша сипаттамаларды, түрлі дыбыстық құралдарды (мысалы, аудио жазбалар) қамтиды.

Студенттер әр түрлі байланыс құралдары (ұялы телефон, смартфон, планшет) және интернет сервистері (электрондық пошта, чаттар, әлеуметтік желілер) арқылы шеттілік білім беру процесін ұйымдастыра алады.

Интернеттегі электронды ресурстар мен сервистері шетел тілі мұғалімдеріне электронды оқытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, олар басқа қатысушыларымен қашықтықтан білім және тәжірибе алмасып, бірлесіп жұмыс істей алады (әлеуметтік желілер, чаттар, электрондық пошта, YouTube, Twitter, блогтар, Flickr, Wiki және т.б.).

Сонымен, ақпараттық-интерактивті ұстанымы болашақ бастауыш шетел тілі мұғалімдерінің мазмұнды компьютер және ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолдану арқылы оқушылардың мотивациясын арттырып, олардың көмегімен интерактивтік қатысымға түсуге жағдай жасайды.

Селективті-коммуникативтік ұстанымын қарастыратын болсақ, ең бірінші біз коммуникативтік (сөйлеуге) бағытталған ұстанымды қарастырамыз.

Білім берудің коммуникативтік (сөйлеуге) бағытталған ұстанымы оқу пәні ұсынылған бағдарлама аясында шетел тілін қатысым құралы ретінде қолдану үшін мектеп шетел тілін оқыту процесінде және оқыту нәтижесінде оқушыларға қажетті дағдылар мен іскерліктерді меңгеретіндей етіп мақсатты және жүзеге асыра алатындай етіп ұйымдастырылуы керек.

Сонымен қатар, мұғалім мен оқушының ынтымақтастығынан тұратын

және ортақ мәселені шешуге бағытталған – оқушылардың бірлескен, өзара бағытталған қызметінің нәтижесі болып табылатын білім алуға бағытталған қатысымның жаңа тәсілі ерекше өзектілікке ие. Сонымен бірге мұғалімнің қызметі мен оқушылардың өнімді іс-әрекеті бір-бірінен бөлек жүрмей, бірін-бірі толықтырып отыруы керек. Сондықтан оқу-тәрбие үдерісін оқушылар мен мұғалімдердің өзара әрекеттесу және ынтымақтастық ұстанымдарында құру қажет.

Мұғалімнің сабақты басқаруы оқушылардың сабақтағы жұмысын мазмұнды және белсенді етуге мүмкіндік береді, сонымен қатар шетел тілін практикалық қолдану дағдыларын меңгеру процесін жеңілдетеді.

Шетел тілі сабағын осылайша ұйымдастыру кезінде болашақ бастауыш шетел тілі мұғалім енді дайын білімді беруші ретінде емес, керісінше, сабақтың модераторы, сабақ барысын бақылайтын және қатысымды бақылайтын ұйымдастырушы қызметін атқарады. Ол оқушылардың сөйлеу әрекетін бақылай отырып, сұрақтар қояды, қажет болған жағдайда оқушылардың сұрақтарына жауап береді.

Коммуникативті ұстаным тұрғысынан сабақтың сөйлеу бағыты - мұғалім оқушылардың шығармашылығына кең мүмкіндіктер ашатын, олардың реакциялары мен жауаптарының еркіндігін көрсететін жаттығуларды қолдануды көздейді. Біздің ойымызша, коммуникативтік ұстанымның баға жетпес артықшылығы – мұғалімнің күнделікті жаңа қатысым жағдаяттарын қолдана алуында, оқушылардың шетел тілін үйренуге деген қызығушылығы мен ынтасын сақтай отырып, шетел тілін практикалық сөйлеуде қолдана алу.

Селективтілік ұстанымы ұғымына А.К.Крупченко өз еңбектерінде келесідей анықтама берді – «кәсіби білім берудің сан алуан мәселелерінің, міндеттерінің, жағдайларының, нысандары мен әдістерінің ішінен маманның жеке тұлғасын дамыту үшін оңтайлысын таңдау» [120].

Сонымен, селективтілік-коммуникативтік ұстанымы - маманның шеттілдік ауызша және жазбаша қатысым жасауы үшін коммуникативтік дағдыларын дамытуға барынша тиімді ықпал ететін мәселелерді, жағдаяттарды, әдістер мен технологияларды таңдауды қадағалайды. Сонымен қатар, болашақ бастауыш мектеп ШТ мұғалімдерінің пәнді оқытуда оқушылардың коммуникациясын дамыту үшін білім деңгейі мен жасына сәйкес оқыту әдісін, оқу құралдарын, көрнекі құралдарын, АКТ және оқулықтарды дұрыс таңдай алу керек.

Оқытудың барлық ұстанымдары мен субкомпетенциялары бір-бірімен өзара тығыз байланыста. Сондықтан, осы ұстанымдар мен субкомпетенциялар арқылы, когнитивті-лингвомәдени кешенің құру барысында міндеттерді анықтауға, оқытудың мазмұнын, әдістерін, құралдарын және формаларын сәтті таңдауға қамтамасыз етеді.

Оқыту процесі кезінде жаңа технологияларды қолдану көрнекілікті арттырады, жаңа ақпаратты және материалды қабылдауды жеңілдетеді. Бұл студенттердің мотивациясы мен оқу процесінің жалпы тиімділігіне жағымды әсер етеді.

Бастауыш мектепте болашақ шетел тілі мұғалімдердің ақпараттық - коммуникациялық технологиялар арқылы кәсіби-когнитивті-коммуникативті компетенциясының субкомпетенцияларын қалыптастыратын технологиялар:

1. Ойын технологиясы
2. Ақпараттық-коммуникациялық технологиясы
3. Интерактивтік технология
4. Кейс-сади технологиясы.

Бастауыш мектеп оқушыларын шетел тілін үйренуге деген қызығушылықтарын ояту үшін мұғалім заманауи әдіс-тәсілдер мен технологияларды, сабақ формаларының алуан түрін қолдану қажет.

Ойын технологиясы. Ойын - өте күрделі оқу процесін қызықты және жағымды іс-әрекетке айналдыруға мүмкіндік беретін құрал. Ойын функциялары:

- оқыту (есте сақтау қабілеттерін дамыту, зейін қою, ақпаратты қабылдау, жалпы білім дағдыларын дамыту, шетел тілін дамыту);
- коммуникативті (шетел тіліндегі қарым-қатынас атмосферасын құру, студенттер тобын біріктіру, шетел тіліндегі өзара әрекеттестікке негізделген жаңа эмоционалды және коммуникативті қатынастар құру);
- психологиялық (физиологиялық жағдайын неғұрлым тиімді іс-әрекетке дайындау дағдыларын қалыптастыру);
- дамытушылық (жеке тұлғаның мүмкіндіктерін белсенді ету үшін жеке қасиеттерін үйлесімді дамыту) болып табылады.

М.Ф.Стронина «Ағылшын тілі сабақтардағы білім беру ойындары» атты еңбегінде ойындарды келесі категорияларға бөледі:

1. лексикалық ойындар;
2. грамматикалық ойындар;
3. фонетикалық ойындар;
4. орфографиялық ойындар;
5. шығармашылық ойындар [121].

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар - болашақ бастауыш шетел тілі мұғалімдерінің оқу материалдарын жеткізу және басқару құралы ретінде. Мұғалім ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы шеттілдік білім беру материалдарын сапалы түрде оқушыларға ұсынады және әртүрлі коммуникативті арналарын (мәтіндік, дыбыстық, графикалық, сенсорлық, цифырлық және т.б.) қолданады.

Бастауыш болашақ шетел тілі мұғалімдердің кәсіби-когнитивті-коммуникативті компетенциясың қалыптастыруда АКТ құралдарын пайдалану мыналарға ықпал етеді:

- шетел тілін оқыту сапасын арттыру;
- студенттердің шығармашылық мүмкіндіктері мен қабілеттерін дамыту;
- білім алушылардың шетел тілінде білім алуы үшін өздігінен білім алуына жағдай жасау;
- сабақта көрнекіліктерді қолдану деңгейін жоғарылату;

- сабақтың тиімділігін арттыру;
- жобааралық байланысты құру;
- шетел тілінде мәдениетаралық қатысымның нақты тәжірибесін меңгеру;
- студенттердің оқыған елдердің тарихы мен мәдениеті туралы білімдерін байыту;

- қазіргі заманғы шеттілдік ақпараттық ортада бейімделу қабілетін дамыту.

АКТ қолдану шетел тілдерін оқытудың келесі дидактикалық міндеттерін тиімді шешуге ықпал етеді:

- шетел мәтіндерін оқу қабілеті мен дағдыларын қалыптастырады;
- тыңдау дағдыларын жетілдіреді;
- монологтық және диалогтік сөйлемдер құрастыру дағдыларын жетілдіреді;

- әр түрлі шығарма, әңгімелеу, баяндама дайындауда жазу дағдыларын жетілдіреді;

- сөздік қорды қазіргі шетел тілдерінің сөздік қорымен толықтырады;
- интернеттегі жедел материалдардың, электрондық поштаның және іздеу жүйелерінің нәтижелерінің көмегімен шетел тілін оқу мотивациясын арттырады [122].

Интерактивтік технологиялар бір уақытта бірнеше міндеттерді шешуге мүмкіндік береді, олардың бастысы оқу мақсатына жетуде коммуникативті дағдыларды дамыту. Бұл студенттер немесе оқушылар арасында эмоционалды байланыс орнатуға көмектеседі және топта жұмыс істеуге, бір-бірлерінің пікірлерін тыңдап, қатысым жасауға үйретеді. Бұл технология оқушылардың шығармашылық қабілетін, қиялын дамытуға, олардың шетел тілдерін оқуға деген танымдық қызығушылығын арттыруға және коммуникативтік дағдыларды дамытуға бағытталған. «Интерактивтік оқыту технологиясы» термині әдетте компьютерлік немесе мультимедиялық оқытумен байланысты, өйткені ол адамдар арасындағы интерактивті диалогты және тікелей хабарлама алмасуды білдіреді.

Кейс-стади әдісін қолдануда проблеманы талқылауда семинар немесе лекция сабағына студенттерді қатысуға ынталандырады. Қатысушылардың көзқарастары ұқсас болса да, жағдаятта туындаған жағдайдың немесе мәселенің шешімі ешқашан біржақты болмайды. Осыған орай студент кәсіби ұстанымдарды, өмірлік көзқарастарды, жалпы және кәсіби компетенцияларды игереді [123]. «Кейс-стади мәселені талдау және анықтау; өз ұстанымын нақты тұжырымдау, білдіру және дәлелдеу; вербалды және вербалды емес ақпаратты талқылау, қабылдау және бағалау; нақты шарттарды және нақты фактілі ақпараттың болуын ескере отырып шешім қабылдау» [124].

Осы моделіміздің процессуалды блогында бастауыш мектеп болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып қалыптастыруды қамтамасыздандыратын келесі лингводидактикалық шарттар жиынтығын береміз: а) бастауыш мектепте шетел тілін оқыту

мәселелерін шешуге дайын шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлау сапасын арттырудағы білім беру бағдарламасын бағыттау; ә) болашақ мұғалімдерді шетел тіліндегі коммуникативтік-когнитивтік іс-әрекетке баулу; б) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізіндегі оқу үдерісін шығармашылық бағыттау.

Біздің моделіміз Құнанбаева С.С. еңбегінде берілген келесі кезеңдер арқылы жүзеге асады:

I. ұғымдық-когнитивтік сатыда және онымен аттас тақырыптық-мәтіндік бірлікті (ұғымдық-когнитивтік) меңгеру үдерісіндегі танымдық стратификациялық және мәнбірлі қорытындылаушы іскерліктер;

Бірінші кезеңде АКТ арқылы болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімнің лингвомәдени субкомпетенциясын қалыптастырамыз.

II. ақпараттық аккумулятивтік сатыда және онымен аттас тақырыптық-мәтіндік бірлікті меңгеру үдерісіндегі компрессивтік синтездеуші және мәнбірлі қорытындылаушы іскерліктер;

III. прагматикалық-репрезентациялық сатыда және онымен аттас тақырыптық-мәтіндік бірлікті меңгеру үдерісіндегі регулятивтік қатысымдық іскерліктер;

Екінші және үшінші кезеңдерде АКТ арқылы болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімнің кәсіби-ақпараттық субкомпетенциясын қалыптастырамыз.

IV. мәнмәтіндік-коммуникативтік сатыда және онымен аттас тақырыптық-мәтіндік бірлікті меңгеру үдерісіндегі полемикалық аргументациялық қатысымдық іскерліктер [17, б. 200].

Төртінші кезеңде біз АКТ арқылы болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімнің лингводидактикалық субкомпетенциясын қалыптастырамыз.

Сонымен қатар, АКТ арқылы болашақ бастауыш мектеп ШТ мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыпатстыру интегративті-интерактивті жаттығулар жүйесі арқылы жүзеге асады: 1) когнитивтік-рецептивті жаттығулар; 2) репродуктивті жаттығулар; 3) креативті-продуктивтік жаттығулар; 4) продуктивті-коммуникативтік жаттығулар.

Келесі модель құрылымы процессуалды-мазмұндық (технологиялар, кезеңдері, лингводидактикалық шарттары, жұмыс мазмұны, білім беру үдерісі субъектілерінің өзара әрекеті, күтілетін нәтиже), критериалды-диагностикалық (критерийлер, көрсеткіштер, деңгейлер, диагностикалық тексеру әдістері), және нәтижелі блоктардан құралады.

Зерттеу жұмысымызда бастауыш мектепте болашақ шетел тілі мұғалімдердің АКТ арқылы кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенцияны қалыптастыру барысында ғылыми және теориялық әдебиеттерді зерделеу негізінде, кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенцияның мәнін нақтылау барысында, оның құрылымы анықталды және негізделді; бастауыш мектепте шетел тілін оқытуға арналған мұғалім кәсіби үлгісінің жетекші компетенциялары негізделді және енгізілді.

Кесте 1 – Бастауыш мектепте шетел тілін оқытатын болашақ мұғалімдерді даярлауда кәсіби-когнитивті-коммуникативті компетенция қалыптастырудың әдістемелік моделі

Болашақ бастауыш шетел тілі мұғалімі	МАҚСАТТЫ БЛОК			Бастауыш мектеп оқушысы
	Мақсаты: Болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптастыру.			
	КОНЦЕПТУАЛДЫ БЛОК			
	Тәсілдері: Когнитивті-лингвомәдени; құзырлы; интерактивтік – дидактикалық тәсілдер.			
	Кәсіби-когнитивті-коммуникативті компетенцияны қалыптастыру ұстанымдары: - Когнитивтік-іс-әрекет негіздері ұстанымы, - Ақпараттық-интерактивті ұстанымы, - Селективті-коммуникативтік ұстанымы.			
	Болашақ бастауыш мұғалімдердің кәсіби-когнитивті-коммуникативті компетенцияның негізгі құрамдары (субкомпетенциялар)			
	Лингвомәдени	Кәсіби-ақпараттық	Лингводидактикалық	
	ПРОЦЕССУАЛДЫ БЛОК			
	Технологиялар: -Ойын технологиясы; -Ақпараттық-коммуникациялық технологияры; -Интерактивтік технологиясы; -Кейс стади.	Лингводидактикалық шарттар: а) бастауыш мектепте шетел тілін оқыту мәселелерін шешуге дайын шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлау сапасын арттырудағы білім беру бағдарламасын бағыттау; ә) болашақ мұғалімдерді шетел тіліндегі коммуникативтік-когнитивтік іс-әрекетке баулу; б) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізіндегі оқу үдерісін шығармашылық бағыттау.	Кезеңдер: - Ұғымдық – когнитивтік; -Ақпараттық-аккумулятивтік; -Прагматикалық-репрезентациялаушы; -Мәнмәтіндік-коммуникативтік к. Интегративті-интерактивті жаттығулар жүйесі: - Когнитивтік-рецептивті жаттығулар; - Репродуктивті жаттығулар; - Креативті-продуктивтік жаттығулар; - Продуктивті-коммуникативтік жаттығулар	
	БАҒАЛАУ БЛОГЫ			
	Кәсіби-когнитивті-коммуникативті компетенцияларды қалыптастыратын көрсеткіштер			
	Жоғары	Орта	Төмен	
	НӘТИЖЕ БЛОГЫ			
	Нәтиже: Бастауыш шетел тілі мұғалімдердің қалыптасқан кәсіби-когнитивті-коммуникативті компетенциясы			

2.2 Болашақ бастауыш мектеп шетел тілін мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптастыру профконцептісі.

Шетел тілі мұғалімі қазіргі уақытта ең маңызды мамандықтардың бірі болып табылады. Мұның себебі ХХІ ғасырда шетел тілін білу өмірдің беделді және қажетті элементі болып саналады. Сондықтан, бастауыш мектепте шетел тілін үйрететін мамандар үлкен сұранысқа ие.

Соңғы жылдары еліміздегі барлық салаларында орын алған көптеген өзгерістердің нәтижесінде, әлеуметтік талаптар, білім беру жүйесін одан әрі жетілдіруді және шетел тілін заманауи оқытудың тұжырымдамаларын әзірлеуді талап етеді.

Осыған орай оқу үдерісінде бастауыш шетел тілдері (ағылшын тілі) мұғалімдерін даярлау өте маңызды. Шетел тілі мұғалімдерін ең алдымен ол коммуникациялық серіктес, сабақ режиссеры, жағымды атмосфера тудырушы, психологиялық кедергілерді жоюшы, қатысым барысында оңтайлы мотивация қалыптастырушы. Мұғалім оқушылардың тілектерін, өз ойын жеткізуде, бір-бірімен қатысым жасауда, оқыған, тыңдап немесе көргендері туралы пікір алмасуға көмектесетін әдістемелік және дидактикалық әдістерді тиімді пайдаланушы тұлға.

Біздің кәсіби тұжырымдаманы құру үшін, бірінші педагог стандартындағы талаптарды талдадық.

Мұғалімнің кәсіби стандарты (профессиональный стандарт) – мұғалімнің біліктілік деңгейін, құзырлығын және дайындық деңгейіне қойылатын талаптарды анықтайтын стандарт.

Кәсіби стандарт (профессиональный стандарт) мұғалімнің біліктілігін арттыруды және оның карьерасының өсуін жоспарлау үшін қолданылады.

2017 жылғы Педагогтің кәсіби стандартындағы «Педагог. Бастауыш сынып мұғалімі» бойынша тілге байланысты келесі кәсіби талаптары берілген:

- тәлімгер басшылығымен бастауыш мектеп оқушыларына мақсатты келесі тілдерде: қазақ (Т2), орыс (Т2), ағылшын (Т3) коммуникациялық байланыс орнату үшін бейімделу жағдайын жасайды (көптілді бағдарламалармен жұмыс жасайтын мұғалімдер);

- қазіргі тіл білімі мен лингвистика саласындағы теориялық тұжырымдамалар мен ережелерді (көптілді білім беру бағдарламаларына қатысатын оқытушылар үшін);

- мәдениаралық коммуникацияның лингвистикалық механизмдерін (көптілді білім беру бағдарламаларына қатысатын мұғалімдер үшін); [125].

Алғашқы «Педагог. Бастауыш сынып мұғалімі» стандартында көбінесе мұғалімдерге көптілді бағдарламалармен жұмыс жасау бойынша талап қойылғанын көреміз.

Ал, соңғы педагогтың кәсіби стандартында жалпы «мектеп педагогы» талаптары беріліп, дәл бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби қызметіне қойылатын талаптар көрсетілмеген.

Алайда, қазіргі педагогтың стандарты бойынша, бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімінің кәсіби қызметіне қажетті талаптарға [2, б. 1]:

1. Оқу процесін жүзеге асыру мен ұйымдастыру бойынша мұғалімнің кәсіби қызметінің талаптары:

- Мұғалімнің білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілерді және оқу пәнінің мазмұнын білуін;

- оқушылардың жас және жеке даму ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, мұғалім тиісті оқыту әдістері мен бағалау құралдарын қолдану арқылы сабақ жоспарларын құрып, сабақтар өткізуін;

- сонымен қатар, оқыту әдістемесінің заманауи білім беру ресурстарын мен технологияларын оның ішінде ақпараттық технологияларды біліп, тиімді әлеуметтік желілерді қолдануын;

- оқушылардың коммуникациясын жүзеге асыру мен олардың тілдік құзыреттерін дамыту үшін білім алуға деген ынтасын қалыптастыруды талап етеді.

2. Мұғалімнің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудағы кәсіби қызметіне қойылатын талаптар:

- оқушылардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктерін мұғалім ескере отыра, үлгерімді бақылау әдістері мен технологияларын біліп, бағалау құралдарын әзірлеуді және сабақ барысында критериалды бағалау жүйесін қолдана отырып, оқушылардың үлгеріміне мониторинг жүргізу талаптары міндеттелді.

3. Мұғалімнің оқу-әдістемелік қызметін жүзеге асыруда оқу-әдістемелік материалдарын дайындау мен білім беру процесін зерттеу бойынша келесі талаптар қойылды:

- мұғалімнің оқу процесіне қажетті дидактикалық материалдарды анықтап, әзірлеу негіздерін білуін;

- оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде қатысуын;

- білім беру процесін зерттеу бойынша мұғалім өзінің кәсіби қызметі мен әріптестерінің тәжірибесіне Lesson Study (Лессон Стади) әдісі арқылы рефлексия жасап, озық педагогикалық тәжірибелерді үйренуін талап етеді.

Сонымен қатар, осы педагог стандарты мұғалімнің жеке: сыни ойлау, оқушылармен қарым-қатынас орнату, ұтқырлық, стресске төзімділік, эмоционалды тепе-теңдік және өзін-өзі дамыту құзыреттіліктерін қалыптастыруға талаптар қояды.

Бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдері – бұл жалпы білім беру мектептерінде, лицейлерде және гимназияларда 3-4 сынып оқушыларына шетел тіліндегі фонетика, лексика және грамматика саласындағы тілдік білімдерді, дағдыларды және қабілеттерді үйрететін маман иелері. Осы пән бойынша оқушылардың психологиялық және психофизиологиялық ерекшеліктеріне қарай оқу материалдарын жоспарлайды, оқу жоспарының

орындалуын қамтамасыз етеді, оқушылардың үлгерімін талдайды және оқу тәртібінің сақталуын қадағалайды.

Шетел тілі мұғалімдерінің негізгі міндеті - балаларға бейтаныс өзге тілде сөйлеуден және қате айту кезінде қорықпауға, өз ойларын, тілектерін, талаптарын білдіруге көмектесу, тұйық болмай қатысым жасауға және тілдің сұлулығын түсініп, оны пайдалана алуға үйрету, сонымен қатар, сол тілдегі кітаптарды оқытып, әндер тыңдату, түпнұсқалық фильмдерді көрсету.

Студенттің немесе бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастырушыларының бірі - ол кәсіби тұжырымдама болып табылады.

С.С.Құнанбаева алғаш рет «кәсіби тұжырымдаманы» **(«профессиональный концепт» (профконцепт))** - маманның кәсіби қызметінің негізі мен мазмұнын көрсететін шеттілдік білім беру пәнінің бірлігін анықтады. ЖЖОКБҰ-да бітіруші түлектің кәсіби даярлығының қалыптасуына осы кәсіби тұжырымдама қызмет ету тиіс.

Кәсіби тұжырымдаманы игеру процесінде кәсіби білімді, қабілеттерді, дағдыларды қабылдау және жаңарту, сонымен қатар кәсіби қажетті қасиеттер мен кәсіби ойлауды дамытуды жүзеге асыру орын алады.

Сонымен, белгілі бір кәсіби тұжырымдама кәсіби даярлық мазмұны: пән мазмұны, тақырыптық модуль, студенттердің іс-әрекеті: академиялық, квазикәсіби және кәсіби оқу бойынша құралады [59, б. 34].

Профконцептің құрамдас бөліктеріне: нақты қойылған білім беру мақсаты, ақпараттық блок (ақпараттар жиынтығы), мақсатқа жетудің әдістемелік нұсқаулығы (оқыту алгоритмдері), орындаушылық блок (дағдыларды қалыптастыру үшін) - практикалық жұмыстардағы шешу алгоритмдері бар стандартты, күрделі және жағдаяттық тапсырмалар мен жаттығулар кешені, бақылау блогы - осы кәсіби тұжырымдамамен қойылған мақсаттарға сәйкес келетін бақылау тапсырмаларының жиынтығы.

Студенттің кәсіби компетенттілігін қалыптастыру барысында пән мазмұнының бірлігі «кәсіби тұжырымдама» болуы керек: студенттің оқу процессінде жеке психологиялық-педагогикалық қстанымдарды қолдануды көздейтін, болашақ кәсіби қызметінің пәні мен әлеуметтік көрінісін көрсету, оқытушы мен студенттердің ұжымдық нәтижелі жұмысының негізгі рөлдері, қатысымның диалогтық түрі, білім беру мазмұнын кәсіби құнды жағынан ерекшеліктерін өзекті ету, білім беру мен тәрбиелеудің тұтастығы, болашақ кәсіби қызметтің әлеуметтік және мәнмәтіндік контекстінде студенттің белсенділік мотивациясына кәсіби бағдарланған оқу жағдаяттарын жобалау мен жүзеге асыру кезінде студенттердің кәсіби түсінігінің дамуын кәсіби анықтау [59, б. 129].

Сонымен қатар, С.С.Құнанбаеваның пікірінше, кәсіби шеттілдік білім берудің профконцептінің құрамдас бөлігіне - жеке тұлғаның дүниені когнитивті-лингвомәдени қайта концептуализациялауын қамтамасыз ететін және оның мәдениетаралық коммуникация субъекті болып қалыптасуының мазмұндық база қызметін атқаратын жаңа когнитивті-лингвомәдени кешендер

(КЛК) болып табылады деп ойлайды. Автор когнитивті-лингвомәдени кешендер (КЛК) – «кәсіби шеттілінде білім берудің кәсіби тұжырымдамасының компоненті болып табылады» - дейді. Когнитивті-лингвомәдени кешендердің интеграциялық негізі - «концептуалды, прагматикалық, әлеуметтік-лингвомәдени және тағы басқа да мәдениетаралық қатысым субъектісінің мәдениетаралық қатысым компетенциясы аспектілерін қалыптастырудағы жалпыға бірдей қабылданған коммуникативтік аялар (кәсіби-өндірістік, әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, кәсіби оқыту) шеңберіндегі интегралды пән мазмұнының бірлігін қамтамасыз етеді. Автор «жалпы қабылданған коммуникативті салалар (өндірістік, әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, кәсіби оқу) шеңберінде анықталған мазмұнның біріктірілген бірлігі когнитивті-лингвомәдени кешендердің (КЛК) интеграциялық негізі болып табылады» - дейді [59, б. 155]. Осындай интеграциялық оқу бірлігін - «тақырыптық-мәтіндік бірлік – ТМБ» құрайды. Тақырыптық-мәтіндік бірлік - оқу материалын мазмұнды тақырыптық және шетелдік түпнұсқалық мәтіндер контекстінде негізгі коммуникативті жүзеге асыруға бағытталған.

Кәсіби тұжырымның пәндік мазмұнындағы процессуалдық аспектісі төрт кезеңнен тұрады: ұғымдық-когнитивтік; ақпараттық-аккумулятивтік; прагматикалық-репрезентациялаушы және мәнмәтіндік-коммуникативтік.

Осы кезеңдердің әрқайсысында КЛК құрылымдары арқылы болашақ маманның кәсіби қызметінің компетенциялары қалыптасады.

Біздің зерттеу жұмысымызда болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалмін даярлаудағы кәсіби тұжырымдамасын құру міндеті қойылды. С.С.Құнанбаеваның теориясына негізделе отырып, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыруда біз өзіміздің кәсіби тұжырымдамамызды ұсынамыз.

Кәсіби тұжырымдама «Бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерін даярлаудың теориялық және әдістемелік негіздері» модульдерімен анықталады және «кәсіби-негізделген» және «кәсіби-анықтайтын» екі блоктан тұрады (кесте 3). Бұл блоктардың міндеті - кәсіби қызметтің ұғымдық-коммуникативтік жүйесін қамтамасыз етуге бағытталған. Кәсіби-негізделген блокта «Бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерін даярлаудың теориялық және әдістемелік негіздері» атты модульге енетін «Ерте шетел тілін оқыту әдістемесі мен технологиясы», «Базалық шетел тілі» және «Шетел тілін АКТ арқылы оқыту» пәндер интеграциясы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби қатысымын қалыптастырудың әдістемелік жүйесін қамтамасыз етеді. «Ерте шетел тілін оқыту әдістемесі және технологиясы» және «Шетел тілін АКТ арқылы оқыту» пәндері 1. когнитивті-ұғымдық, 2. инетрактивті-цифырлық, 3. коммуникативтік компоненттер арқылы «Бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерін даярлаудың теориялық және әдістемелік негіздері» модулінің функционалдық мазмұнын береді. Базалық шетел тілі пәннің мазмұнын ескере отырып, АКТ көмегімен қатысым мен байланыс орнатуға

және алған білімдерін жинақтауға мүмкіндік береді. Кәсіби тұжырымдаманы жүзеге асыру нәтижесі: 1. АКТ-ны «Базалық шетел тілі» және «Ерте шетел тілін оқыту әдістемесі мен технологиясы» пәндерінің когнитивті-ұғымдық мазмұны бар жаттығулар жүйесінде пайдалану, 2. АКТ-ны «Базалық шетел тілі» және «Ерте шетел тілін оқыту әдістемесі мен технологиясы» пәндерінің ақпараттық-аккумулятивтік мазмұны бар коммуникативті жағдаяттарда қолдану, 3. «Базалық шетел тілі» және «Ерте шетел тілін оқыту әдістемесі мен технологиясы» пәндерінің контекстік коммуникативті мазмұны бар кейстерді шешуде АКТ пайдалану. Кәсіби тұжырымдаманың нәтижелері кезеңдер (1. жағдаяттық-иллюстративтік, 2. контексті-коммуникативтік, 3. ақпараттық-аккумулятивті) арқылы жүзеге асады.


Бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерін даярлаудың теориялық және әдістемелік негіздері модулі оқытудың пәндік мазмұнының бірлігі болып табылады, оның құрылымы когнитивтік, интерактивті цифырлық және коммуникативтік компоненттерінің бірлестігін көрсетеді.

Когнитивтік компонент лингвомәдени ақпаратпен жұмыс істеу кезінде танымдық дағдыларды дамытуды, лингвомәдени ақпаратты ұсынудың әртүрлі когнитивтік-визуалды технологияларды («студенттердің визуалды ойлауын дамытуда оқу ақпаратын біртіндеп және жүйелі түрде визуалды түрлендіруге бағытталған әрекеттер жүйесі» - Кондратенко О.А. [126], («білім беру мазмұнын көрнекі түрлендірудің: көрнекі құралдарының, формаларының, әдістерінің жүйесі» - Герфанова Э.Ф. [127]) қосуды, сонымен қатар рефлексияны мақсатты түрде дамытуды, яғни студенттердің өзіндік лингвомәдени сауаттылық деңгейлерін өзіндік талдауды және өзін-өзі бағалауды қамтиды. Модульдің когнитивтік компонентінің құрылымында жоғары дәрежелі танымдық дағдыларды, яғни зерттелетін құбылыстарды талдау, синтездеу және бағалау дағдыларын дамыту маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерін даярлаудың теориялық және әдістемелік негіздері модулінің когнитивтік құрамы ақпаратпен жұмыс істеуде оқу процесінің тиімділігін айтарлықтай анықтайтын когнитивті-визуалды технологияларын қолдануды болжайды, өйткені олар студенттердің танымдық және интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға, олардың ойлаудың ассоциативті түрлері мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Интерактивті цифырлық компонент бастауыш мектепте ШТ оқыту процесі барысында цифырлық сауаттылықты дамытуды, АКТ қолдана білуді, соның ішінде - желіде жеке немесе ұжымдық жұмыста коммуникация құру және алмасу, басқару, бағалау, біріктіру, компьютерлік технологияны қолдануды, сонымен қатар оқуға және жұмысқа арналған веб-орта құруды қамтиды.

Коммуникативтік компонент коммуникативтік қатысымды дамытатын кәсіби қатысымның типтік жағдаяттарынан құралған.

Кесте 3 – Кәсіби тұжырымдама



Бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерін даярлаудың теориялық және әдістемелік негіздері модулінің құрылымы схемалық түрде 4-ші кестеде көрсетілген.

Кесте 4 - Бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерін даярлаудың теориялық және әдістемелік негіздері модулінің кезеңдері мен материалдары

Кезеңдері	Материалдар
1) Жағдаяттық-иллюстративтік	сұрақтар, мысалдар, когнитивті-лингвомәдени жаттығулар, коммуникативтік тапсырмалар, когнитивтік-визуалды технологиялар
2) Контексті-коммуникативтік	электронды кітаптар, мақалалар, әлеуметтік медиа және т.б
3) Ақпараттық-аккумулятивті	слайдтар, тіл мәдениеттерінің мағынасын түсіндіретін мәтіндер

Бастауыш мектеп ШТ мұғалімдерін даярлаудың теориялық және әдістемелік негіздері модулі төрт кезеңдерден тұрады: 1) жағдаяттық-иллюстративтік, 2) контексті-коммуникативтік, 3) ақпараттық-аккумулятивті.

Жағдаяттық-иллюстративтік кезеңде мәдениетаралық бағытталған шетел тілін оқыту шеңберіндегі лингвомәдени жағдаяттар мен иллюстрациялық материалды қамтиды. Осы кезеңде оқу ақпаратын меңгеру процесін ұйымдастыратын және бақылайтын сұрақтар, коммуникативтік тапсырмалар және когнитивтік-лингвомәдени жаттығулары берілген. Бұл ақпаратты құрастыруға, оны неғұрлым түсінікті және қолжетімді түрде оқуға ұсынуға, сонымен қатар студенттердің танымдық іс-әрекетін белсендіруге мүмкіндік беретін когнитивтік-визуалды технологияларды қамтиды.

Контексті-коммуникативтік кезең студенттердің мәдениетаралық деңгейде қатысым жасауда лингвомәдени сауаттылығын дамытуға бағытталған.

Соңғы кезеңнің мақсаты - танымдық-зерттеу іс-әрекетін дамытатын әртүрлі қосымша ақпараттық ресурстарды қолдануды қамтиды. Сонымен қатар, бұл кезеңдегі негізгі мақсат оқу мазмұнында қолданылатын тілдік және мәдени бірліктерді терең түсіну және дамыту болып табылады.

Осылайша, бастауыш мектеп ШТ мұғалімдерін даярлаудың теориялық және әдістемелік негіздері модулі қазіргі заманғы бастауыш мектеп болашақ шетел тілі мұғалімдерінің тілдік тұлғасын қалыптастырудың негізгі құралы ретінде:

- тақырыптары мәдениетке негізделген аутентикалық мәтіндерді;
- лингвомәдени қауымдастық өкілдерінің әлемдік және тілдік концептуалды бейнесін қалыптастыруға тиімді ықпал ететін әртүрлі типтегі лингвомәдени бірліктерді (материалдық-фактуалды, аксиологиялық, сөйлеу-мінез-құлықты);

- тілдік және мәдени бірліктерді біріктіру және жаттықтыру үшін мүмкіндігінше көп жаттығулар мен әртүрлі типтегі тапсырмаларды;
- оқулық материалында қолданылатын семантикалық ұлттық мәдени компоненті бар бірліктерге лингвомәдени түсініктеме беретін;
- төменгі және жоғары деңгейдегі танымдық дағдыларды дамытатын;
- студенттерге тілдік және мәдени материалды меңгеру деңгейін бағалауға арналған тапсырмаларды;
- ақпаратпен жұмыс істеудің когнитивті-визуалды технологияларын қамтуы, оны тиімді өңдеуі және игеру қабілетінің дамуын қамтамасыз ететін;
- оқытылатын тілдегі төл мәдениет туралы мәліметтерді, сондай-ақ қатысым мәдениеттерін салыстыру мен салыстыруға ынталандыратын жаттығулар мен тапсырмаларды қамтиды.

Біз Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӨТУ-нің Шеттілдік білім беру әдістемесі кафедрасындағы «Ерте жастан шеттілдік білім беру әдістемесі және технологиясы» пәні мазмұнына талдау жасадық.

«Ерте жастан шеттілдік білім беру әдістемесі және технологиясы» пәні мазмұны келесі тақырыптарды қамтиды:

M1. «Ерте шетел тілін оқыту» ұғымы. Ерте шетел тілін оқытудың мақсаты мен ұстанымдары.

M2. Шетел тілін ерте оқытудың авторлық әдістері.

M3. Оқушылардың лингвистикалық компетенцияларының негіздерін қалыптастыру.

M4. Шетел тілдерін ерте оқытудың коммуникативтік дағдылары негіздерін қалыптастыру ерекшеліктері.

M5. Ерте шетел тілін оқытудың мазмұны. Әртүрлі типтегі оқу материалдары үшін тілдік және сөйлеу материалын таңдау және ұйымдастыру. Оқу материалдары оқытудың негізгі құралы ретінде.

M6. Шетел тілдерін ерте оқыту технологиялары.

M7. Ерте оқытуды басқару, ұйымдастыру.

M8. Шетел тілдерін ерте оқытуда коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруда бақылау ұйымдастыру және өткізу.

Алайда, осы талдау барысында «ICT in early foreign language education» (Ерте шеттілдік білім берудегі АКТ) тақырып аясында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жалпы теория жүзінде берілген.

Осыған орай біздің жұмысымызда кәсіби тұжырымдаманың модульдік мазмұнын 5-ші кестеде бердік.

Кәсіби тұжырымдаманың модульдік мазмұны: коммуникативтік қатысым аясы, ауызша коммуникативтік тақырыптары мен тақырыптық-мәтіндік бірлік тақырыпшаларынан және кәсіби қатысымның типтік жағдаяттарынан құралған.

Кесте 5 - Бастауыш мектеп болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби тұжырымдамасының когнитивті-лингвомәдени кешендер негізіндегі модульдік мазмұны

Коммуникативтік қатысым аясы	Ауызша коммуникативтік тақырыптары	Тақырыптық-мәтіндік бірлік тақырыпшалары	Кәсіби қатысымның типтік жағдаяттары
1	2	3	4
1. <i>Мәдениетаралық аясы</i>	1. Өзге мәдениет өкілдерімен мәдени байланыс.	1.1 Медиа арқылы ОТЕ өкілдерімен мәдениетаралық кәсіби байланыс орнату.	1.1.1 Бейтаныс ағылшын тілді әріптестеріңізге әлеуметтік медиа арқылы өзіңізді және еліңізді қалай таңыстырасыз? (Монолог) 1.1.3 Онлайн буклет жасау арқылы өз еліңіздің мәдениетін ағылшын тілінде сипаттап беріңіз. 1.1.1 Бейтаныс ағылшын тілді әріптестеріңізбен қандай әлеуметтік медиа (social media) арқылы әңгіме құрастырушы едіңіз? (Диалог)
2. <i>Кәсіби оқу аясы</i> («Ерте шеттілдік білім беру әдістемесі және технологиясы» пәні бойынша базалық теориялық ұғымдарды меңгеру)	1. Шеттілдік білім берудің заманауи тенденциялары. 2. Шетел тілін ерте оқыту әдістемесі	1.1 Шетел тілін ерте оқытудың әлеуметтік-мәдени және мәдениаралық ерекшеліктері. 1.2 Ерте шетел тілін оқытудағы психофизиологиялық факторлар. 2.1 Бастауыш шеттілдік білім берудегі М.Монтессори, Зайцев және Джеймса Ашер әдістері (Total Physical Response)	1.1.1 Бастауыш мектеп Ағылшын тілі пәні оқу бағдарламасының мақсаты мен күтілетін нәтижелерін талдап, айтып беріңіз. 1.2.1 Қазақстанда бастауыш мектепте Ағылшын тілін оқыту не үшін үшінші сыныптан бастап оқытылатынын дәлелдеп беріңіз. 2.1.1 Бастауыш шеттілдік білім беруде М.Монтессори, Зайцев және Джеймса Ашер әдістерін (Total Physical Response) қолдану арқылы сабақты қалай ұйымдастыратыңызды айтып беріңіз. 3.1.1 1-мысал бастауыш мектеп оқулығынан алынған. Суретті сөздіктер өте құнды құрал бола алады. Осы мысалдағы суреттер кітап бетінде қаншалықты көрнекті түрде көрсетілетініне назар аударыңыз. Берілген тапсырма бойынша бастауыш мектеп оқушыларына суретті сөздік элементтерін әрқайсысын көрсетіп, қайталау өте оңай болар еді. Оқушыларға 1-мысалдағы суретті сөздік элементтері бойынша сұрақтар тізімін құрыңыз. Жауабыңызды топтағы әріптесіңізбен бөлісіңіз. (Кейс стади, Диалог, талқылау) 1-мысал. Суретті сөздік тапсырмасы. (Family and Friends 3, Unit 4 - We're having fun at the Beach!)

5-ші кесте жалғасы

1	2	3	4
	3. Шетел тілін ерте оқытудың мазмұны.	3.1 Ерте білім берудің кезеңінде оқушылардың лексикалық, грамматикалық, айтылым дағдыларын қалыптастырудың ерекшеліктері. Оқыту кезеңдері. Жаттығулар жүйелері. Типтік қателер, қиындықтар және оларды жеңу жолдары. 3.2 Шетел тілін ерте оқыту кезеңіндегі қатысымның мәдениетаралық сөйлеу-әрекеттік негіздері. -Шетел тілін ерте оқыту кезеңіндегі вербалды коммуникацияның ауызша түрлері.	3.1.2 Оқушылардың сөздік қорын дамыту үшін 1-мысалдағы тапсырмаға қосымша тапсырмалар беріңіз. 3.1.3 Мұғалім «Have got» (сурет 1) грамматикалық ережесін түсіндіру үшін 3 сыныпқа арналған Smiles оқулығын қолданды. Оқушылар «Have got» бойынша сұрау және болымсыздық формаларын білу керек еді. Алайда бақылау жұмысы жүргізілгеннен кейін оқушылардың бұл грамматиканы ойдағыдай меңгермегенін көрсетті. Осы 1-суреттегі грамматикалық материалды 3-сынып оқушыларына қалай үйретер едіңіз? (Кейс стади) Сурет 1 - «Have got» грамматикалық тапсырма.

5-ші кесте жалғасы

1	2	3	4
		- Шетел тілін ерте оқыту кезеңіндегі вербалды коммуникацияның жазбаша түрлері. 3.3 Әртүрлі типтегі ОӘК бойынша тілдік және сөйлеу материалын таңдау және ұйымдастыру. ОӘК оқытудың негізгі құралы ретінде. Ерте оқытуға арналған шетел тілдеріндегі коммуникативті-бағдарлы оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік кешендерді құру ерекшеліктері, олардың мазмұны мен құрылымының баламалылығы.	3.1.4 3-сынып оқушыларына «Have got» грамматикалық материалды үйрету үшін бірнеше тапсырмалар құрыңыз. 3.2.1 Сіз бастауыш мектепте (4 сынып) ағылшын тілі мұғалімісіз. Сіздің сыныбыңызда 20 оқушы бар. Оқу бағдарламасына сәйкес сіз «Healthy World» тақырыбын өткізіп жатырсыз. Smiles оқулығында мәтін берілген. Мәтінді оқып; кітапта берілген жаттығуларды талдаңыз. Олар қандай кезеңге бағытталған? Осы мәтін бойынша мұғалім кітабындағы оқыту үдерісін талдаңыз және оқылымның әр кезеңіне өз жаттығуларыңызды беріңіз. (Кейс стади, талқылау, дискуссия) 3.2.2 Төменде келтірілген мұғалімнің пікірлерін мұқият қарап шығыңыз. Осы сұрақтардың ішінде сіз қайсысымен келісесіз және неге? Өз кеңестеріңізді беріңіз. 1. Ағылшын тілінде жазу дағдыларын қалай дамыту керектігін білмеймін. 2. Жазуды үйреткен кезде мен әдетте ойды жеткізуден гөрі дұрыс жазылуына көбірек көңіл бөлемін. 3. Менің оқушыларым жазуды қызықсыз деп санайды. (Кейс стади, талқылау)

5-ші кесте жалғасы

1	2	3	4
	4. Ерте оқытуды басқару және ұйымдастыру. Оқу процесін басқару. 5. Шетел тілдерін ерте оқытуда коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға бақылау жүргізу және ұйымдастыру.	4.1 Шетел тілін ерте оқыту кезеңіндегі оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері. 5.1 Бақылау шеттілдік білім беру процесінің басқару сапасын үлгісі ретінде және оның нәтижелері.	3.3.1 Сіз бастауыш мектеп ШТ мұғалімісіз. Сізден әріптесіңіз Smiles оқу әдістемелік кешені туралы сұрады. ОӘК-нің тиімділігін айтып беріңіз. (Диалог) 4.1.1 Сабақты кітаппен өту барысында оқушылар сізді тыңдамай қойды. Осы мәселені шешу үшін сабақты қалай қызықты етіп ұйымдастырар едіңіз? (Кейс стади) 3.1.1 Мұғалімдердің мына пікірлері туралы ойланыңыз. 1. Мен жай ғана мектебім беретін тесттерді қолданамын, сондықтан олар субъективті немесе объективті ме, әлде бағалау критерийлері келеді ме деп алаңдамаймын. 2. Мен қолданатын тесттер негізінен объективті – менің ойымша, олар әділетті және оқушылардың не үйренгенін шынымен тексереді. 3. Мен формальды бағалаудан гөрі бейресми бағалауды жақсы көремін және менің оқушыларым да солай, сондықтан менің сабақтарымда тесттер жоқ. Сіз қайсысымен келісесіз және неге? (Кейс стади)

5-ші кесте жалғасы

1	2	3	4
3. Кәсіби-өндірістік аясы (Студенттердің диалогтік, монологтік, ауызша және жазбаша сөйлеуін дамыту)	1. Шетел тілін ерте мектеп жасында оқытудың технологиялар ы. 2.Кәсіби даярлау.	1.1 Бастауыш сыныптағы шетел тілі сабағындағы педагогикалық технологиялар (ойын, рөлдік ойын, жобалық технология, әңгімелеу) 1.2 Шетел тілін ерте оқыту кезеңіндегі шетел тілі сабағындағы АКТ. 2.1 Бастауыш мектеп шеттілдік білім берудегі нормативтік актілерді зерделеу 2.2 Бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімін даярлау.	1.1.1 Сіз рөлдік ойындарды бастауыш мектепте Ағылшын тілін оқытуда қолдану маңызды деп ойлайсыз ба? Неге? (Монолог) 1.1.2 Ағылшын тілін оқытудағы жоба технологиясын қолданудың тиімді және тиімсіз жақтары. (Мәселелік дискуссия) 1.1.3 Бастауыш мектепте Ағылшын тілі сабағында «әңгімелеу» технологиясы өткізу үшін сабақ жоспарын әзірлеңіз. 1.2.1 Оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттыру үшін интерактивті онлайн ойындарын құрыңыз. Олардың сабақта қолдану жолдарын айтып, беріңіз. 1.2.2 Цифырлық әңгімелеу құралдары туралы келесі мақаланы оқып шығыңыз https://elearningindustry.com/18-free-digital-storytelling-tools-for-teachers-and-students Осы мақалада берілген құралдарды қолдана отырып, үш студенттен тұратын топта “ Art & Music ” (for the 3rd grade) тақырыбы бойынша цифырлық әңгімелеу құрыңыз. 1.2.3 Оқушыларыңызды оқыту үшін қолданатын керекті мультимедиялық ресурстарды таңдап, тиімділігін дәлелдеп беріңіз. 1.2.4 «Profesion and Ways of Communication» тақырыбын түсіндіру үшін онлайн-презентациялар жасаңыз. 2.1.1 «Педагог» стандартын талдап, бастауыш мектеп Ағылшын тілін оқытуға керекті пункттерді айтып беріңіз. 2.2.1 Сіз «Бастауыш мектеп Ағылшын тілі мұғалімі» атты вебинарда қатысасыз, осыған орай осы маманның сұранысқа ие туралы өз ойыңызды айтып беріңіз.

Кәсіби-анықтайтын блокта біз практика өткізуді ұсынамыз. Педагогикалық тәжірибе шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлаудың оқу жоспарының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Педагогикалық тәжірибе студенттерге – болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдеріне ғылыми тәсілдерге сүйене отырып, әдістемелік қызметін және коммуникативтік дағдыларын дұрыс бағалауға, жұмыстарын жоспарлауға және жүргізуге көмектеседі.

Педагогикалық тәжірибенің мақсаты – студенттерді нақты педагогикалық жағдаяттарды шешуде әлеуметтік белсенділік танытуға ынталандыра отырып, табысты педагогикалық іс-әрекетке қажетті болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби және тұлғалық қасиеттерін дамыту. Педагогикалық тәжірибе барысында студенттер университетте аяқтаған пән курстарындағы дәрістер, семинарлар және практикалық сабақтарда алған теориялық білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын практикалық тұрғыдан жүзеге асырады.

Педагогикалық тәжірибе, ең алдымен, шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби педагогикалық құзырлығын дамытуға ықпал етеді, оны жүзеге асырудың негізі, біздің жұмысымызда анықтағанымыздай, кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенция болып табылады. Педагогикалық тәжірибе барысында шетел тілдері педагогикалық факультет студенттері практика кезінде алғаш рет педагогикалық қызметпен танысады және сыныпқа басқа әлеуметтік рөлде - студент емес, мұғалім болып кіреді. Сондықтан студенттердің психологиялық-педагогикалық, психологиялық-әлеуметтік, педагогикалық, коммуникативтік және әдістемелік іскерліктері мен дағдыларын дамытумен қатар, университетте оқу процесінде алған теориялық білімдері мен оларда қалыптасқан практикалық дағдыларын пайдалану.

Бастауыш мектеп болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда оның құзырлы моделінің негізі болатын профильдік тұжырымдаманы енгізу қажет деп қорытындылаймыз.

2.3 Болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыруға бағытталған интегративті-интерактивті жаттығулар жүйесі.

Оқу процесінде қолданылатын оқу материалын әдістемелік ұйымдастырудың құрылымдық бірлігі жаттығу болып табылады [128].

Болашақ бастауыш мектеп ШТ мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру кәсіби тұжырымдамасы мазмұнын анықтағаннан кейін, «Ерте шетілдік білім беру әдістемесі мен технологиясы» курсы бойынша «Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерін оқыту әдістемесі» атты электронды оқулық құрастырылды. «Бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерін даярлаудың теориялық және әдістемелік негіздері» модулін жүзеге асыру бойынша кәсіби-когнитивті-

коммуникативтік бағытталған тапсырмалар мен интергративті-интерактивті жаттығулар кешені құрастырылып, енгізілді.

Алдымен «жаттығу» әдістемелік категориясының мәнін қарастырайық. Бұл ұғымды ғалымдар түрліше түсіндіреді. И.Л. Бим жаттығу ұғымын - «оқытушы мен студенттердің өзара әрекеттестігінің нысаны (өзіндік жұмыс барысында – оқу материалы арқылы жүргізілетін және стандартталған құрылымы бар, мәселені қою, оны шешу жолы мен шешімін көрсететін және бақылау (өзін-өзі бақылау)) деп анықтады» [129, б. 195]

С.Ф.Шатилов жаттығуды «білім беру жағдайында бір немесе бірнеше операцияларды немесе сөйлеу (немесе тілдік) сипаттағы әрекеттерді арнайы ұйымдастырылған бір немесе бірнеше рет орындау деп түсіндірді» [130, б. 55].

Р.К.Миньяр-Белоручев ойынша, жаттығу – бұл тілдік материалмен шектелген, мақсатты өзара байланысқан үйренушілердің ұйымдастырылған оқу әрекеті.» [131, б. 127].

Жаттығулардың әмбебап типологиясын құру мәселесі бүгінгі күнге дейін зерттеушілер үшін өзекті болып табылады. Жаттығулар жүйесін құру біз оқытатын пәнді білуге негізделуі керек. Бұл дегеніміз жаттығулардың сөйлеу әрекетінің белгілі бір түрін оқытуға ерекше назар аудару керек екенін білдіреді, сонымен қатар оның ішінде нақты сөйлеу тапсырмасы жүзеге асырылуы қажет және соңғы сөйлеу өнімі болуы керек.

Шетел тілін оқыту әдістемесінде жаттығулардың келесі түрлері бар:

- лингвистикалық, сөйлеу алды және сөйлеу;
- сөйлеуге және өзіндік сөйлеуге дайындық (И.Д. Салистра [132]);
- тілдік, сөйлеу алды және сөйлеу.
- тілдік және сөйлеу (И.В.Рахманов [133]);
- коммуникативті және коммуникативті емес (Е.П. Шубин [134]);
- шартты коммуникативті және коммуникативті;

Біздің жұмысымызда болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру үшін ЖЖОКБҰ және бастауыш мектеп шетел тілін оқыту мазмұның үлкен құрылымға біріктіруге болатын жаттығулардың тиімді жиынтығы қажет. Мұндай ұйымдастырылған құрылым - жаттығулар жүйесі болып табылады. С.Ф. Шатилов жүйені «сөйлеу әрекетінің әртүрлі түрлеріндегі дағдыларды қалыптастыру заңдылықтарын, олардың өзара әрекеттесуінде ескеретін және мүмкіндігінше барынша қамтамасыз ететіндей реттілікпен және берілген шарттарда шетел тілін меңгеру деңгейі көлемді орындалатын жаттығулардың қажетті түрлерінің жиынтығы» деп анықтады» [130, б. 59].

Болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру үшін **когнитивті-лингвомәдени, құзырлы, интерактивті дидактикалық тәсілдері** талаптарын ескере отырып интергративті-интерактивті жаттығулар жүйесін құрастырдық.

Шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыруға арналған интегративті-интерактивті жаттығулар жүйесін құру келесі ұстанымдар арқылы жүзеге асты: **когнитивтік-іс-әрекет негіздері, ақпараттық-интерактивті және селективті-коммуникативтік ұстанымы.**

Болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыруға бағытталған интегративті-интерактивті жаттығулар жүйесі:

- когнитивтік-рецептивті жаттығулар;
- репродуктивті жаттығулар;
- креативті-продуктивтік жаттығулар;
- Продуктивті-коммуникативтік жаттығуларды қамтиды.

Интегративті-интерактивті жаттығулар жүйесі келесі ережелерге негізделіп құралды:

1) рецептивті бірліктерді меңгертуде студенттердің танымдық және коммуникативтік қажеттілігі мен белсенділігіне;

2) сөздік қорды меңгертуде студенттердің когнитивтік процестеріне (қабылдау, зейін, елестету, есте сақтау, ойлау);

3) лексикалық білім мен лексикалық бірліктерді меңгеру (жинақтау), сақтау және қолданумен байланысты ақпараттық-танымдық процессіне;

4) жүйеге енгізілген жаттығулардың ЖЖОКБҰ-да шетел тілін оқытуда таным процесіне сәйкес дағдылар мен іскерліктерді қалыптастыру мақсаттарына;

5) лексикалық мақсатты жаттығулар жүйесі және оның құрамдас бөліктері болашақ маманның лингвомәдени субкомпетенциясын қалыптастыруға бағытталып;

6) оқытылып жатқан кәсіби-бағытталған мазмұн ақпараттық-интерактивті ұстанымы бойынша ұйымдастырылуы;

7) рецептивті сипаттағы лексикалық бірліктерді меңгеру, студенттердің әр түрлі компетенциялар түрлеріне (коммуникативтік, лингвистикалық, әлеуметтіклингвистикалық, әлеуметтікмәдени және т.б.) негізделуі керек;

8) продуктивтік және рецептивті лексиканы меңгеру интерактивті дидактикалық тәсілі жағдайында коммуникативтік бағыттылығы;

9) лексикалық бірліктерді продуктивті және рецептивті меңгерту студенттердің лингво-шығармашылық ойлауына негізделген бірқатар проблемалық сөйлеу-танымдық және коммуникативті тапсырмалардың шешімі ретінде қарастырылуы;

10) оқу процесінде сөйлеу әрекетінің әртүрлі түрлеріне қарай селективті-коммуникативтік ұстанымын ескере отырып жаттығулар жүйесінің құрылуы.

Болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясы дамытуға бағытталған интегративті-интерактивті жаттығулар жүйесі белгілі бір көрсеткіштермен сипатталады:

- Жаттығулар кәсіби-бағдарланған материалды меңгеруге және кәсіби педагогикалық қызмет жағдайында онымен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға бағытталған.

- Әрбір жаттығу кәсіби бағытталған шетел тілін оқыту мақсаттарымен сәйкес келетін нақты тапсырманы қамтыды. Жаттығулардың реттілігі оларда қойылған міндеттерді шешу тәртібін анықтайды, бұл негізгі мақсатқа – шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыруға тиімді қалыптастыру үшін қажет.

- Жаттығуларда белгілі бір сөйлеу әрекеті көрсетілді және оны орындаудың шарттары анықталды. Жаттығуларда тілдік материалды жүзеге асыратын АКТ қолданылды.

- Жаттығулар мәтінді тыңдап немесе оқығаннан кейін айтылған ой немесе қорытынды түрінде сөйлеу өнімін қалыптастыруға бағытталған.

- Жаттығулар келесі кезеңдер арқылы жүзеге асты: I. ұғымдық-когнитивтік, II. ақпараттық аккумулятивтік, III. прагматикалық-репрезентациялық, IV. мәнмәтіндік-коммуникативтік.

- Жаттығулар бастауыш мектеп болашақ шетел тілі мұғалімдердің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясының субкомпетенцияларын қалыптастыратын технологиялар: 1. ойын технологиясы, 2. ақпараттық-коммуникациялық технологиясы, 3. интерактивтік технологиялары арқылы практикалық семинар сабақтарында жүзеге асты.

- Студенттер жаттығуларды жеке, жұп және топ болып орындады.

- Жаттығулар коммуникативті бағыттылықпен және жағдаяттық мотивациямен сипатталады. Бұл көрсеткішті жүзеге асыру оқу процесінде нақты коммуникацияны қолдану болып табылды.

- Интегративті-интерактивті жаттығулар жүйесі болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясының құрылымдық субкомпетенцияларын: лингвомәдени, кәсіби-ақпараттық және лингводидактикалық субкомпетенцияларды қалыптастыруға бағытталды.

Жаттығулардың тақырыбы Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӨТУ-нің 2-ші курс студенттеріне арналған ағылшын тілі оқулығынан және бастауыш мектеп ағылшын тілі пәні бағдарламаларынан алынды. Кәсіби бағытталған тақырыптар бойынша ұсынылатын сөйлеу жағдаяттары студенттердің өз бетінше шығармашылық мәлімдеме жасауға ынталандыратын және нақты сөйлеу коммуникациясын имитациялауға ықпал етті.

Интегративті-интерактивті жаттығулар жүйесін құру барысында Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӨТУ-нің 2-курс студенттеріне арналған ағылшын тілі оқулығынан алынған тақырыптар: «The media», «Sport and fitness», «Successful teaching» [135].

Бастауыш мектепте 3-4 сыныптарға арналған Ағылшын пәні бойынша оқу бағдарламасындағы тақырыптар заман талабына сай (кесте 6) және

оқушылар тек ағылшын тілін ғана оқып қоймайды, сонымен қатар пәнаралық байланыста қызықты тақырыптар арқылы әлемді таниды.

Кесте 6 - 3-4 сыныптарға арналған «Ағылшын тілі» пәні бойынша оқу бағдарламасындағы тақырыптар тізімі [136].

Grade 3	Grade 4
Animals	Kazakhstan in the World of Sport
Light & Dark	Human Values in Myths and Legends
Time	Treasure and Heritage
Buildings	Professions and Ways of Communication
Art & Music	Hot and Cold
Explorers & Inventors	Healthy World
Water, water everywhere	Journey into Space
Having fun	Machines

Сонымен қатар, студенттер/болашақ бастауыш мектеп ІІТ мұғалімдері осы бағдарламадағы тақырыптар бойынша жаттығуларды орындау барысында «ағылшын тілі» пәннің негізгі мазмұның (кесте 7-8) (сөздерді, грамматикалық құрылымдарды, фразаларды) қолданды.

Кесте 7 - Оқу жоспары бойынша 3-сыныпта «ағылшын тілі» пәннің негізгі мазмұны [137, б. 64]

Unit	Active words	Structures/patterns	Passive words and phrases
1	2	3	4
1. Animals	beak <i>n</i> cloven <i>adj</i> domestic <i>adj</i> feather <i>n</i> fur <i>n</i> fin <i>n</i> female <i>n</i> habitat <i>n</i> hoof <i>n</i> male <i>n</i> mane <i>n</i> mammal <i>n</i> paw <i>n</i> snout <i>n</i> skin <i>n</i> tail <i>n</i> wing <i>n</i> wildlife <i>n</i> wild <i>adj</i>	Where is (...)? It is (...)? Where does (...) live? Does (...) live in the sea? How many (...) do (...) have? How many (...) has a (...) got?	antelope bear fin golden eagle horn saiga snow leopard scales shell tusk
2. Light and Dark	candle <i>n</i> darkness <i>n</i> darken <i>v</i> daytime <i>n</i> (the) earth <i>n</i> globe <i>n</i> (the) moon <i>n</i> night-time <i>n</i> observe <i>v</i> orbit <i>n</i> planet <i>n</i> (the) sun <i>n</i> star <i>n</i> shiny <i>adj</i> torch <i>n</i>	When does it get dark in (...)? During the day I can (...). At night I can see (...). The sun rises in the east. During the day.	life-vest lighthouse reflect runway sources police siren

7-шы кесте жалғасы

1	2	3	4
3. Time	earlier <i>adj</i> later <i>adj</i> (lots of sequences, using prepositions of time and prepositional time phrases) days of the week	When do you (...)? At what time do you (...)? How long does it take you to (...)? Do you (...) late/early on (...)? On Monday/ Tuesday. In the morning / evening. At midday / noon / night / midnight.	after before day early half hour late minute month o'clock second week year
4. Buildings	apartment <i>n</i> area <i>n</i> barn <i>n</i> bungalow <i>n</i> imaginary <i>adj</i> feature <i>n</i> floor <i>n</i> garage <i>n</i> greenhouse <i>n</i> hospital <i>n</i> lift <i>n</i> location <i>n</i> main <i>adj</i> purpose <i>n</i> size <i>n</i> shape <i>n</i> shelter <i>n</i> step <i>n</i> structure <i>n</i> tent <i>n</i>	Do the dishes. Go to the shop. Have a shower. Listen to the radio. Make breakfast. Make your bed. Tidy your room. Wash the car. Walk the dog. Water the plants.	beach hut bus shelter caravan detached house house- boat kennel marquee multi-storey car park office block pier yurt
5. Art and Music	bassoon <i>n</i> clarinet <i>n</i> design <i>n</i> drum <i>n</i> electronic <i>adj</i> feeling <i>n</i> favourite <i>adj</i> flute <i>n</i> guitar <i>n</i> harmonica <i>n</i> horn <i>n</i> instrument <i>n</i> kettledrum <i>n</i> oboe <i>n</i> performance <i>n</i> piano <i>n</i> popular <i>adj</i> shadow <i>n</i> trumpet <i>n</i> traditional <i>adj</i> violin <i>n</i>	Do you like this piece of music? I like/don't like	accordion musical extracts piece of music shadow theatre tambourine the string family

7-шы кесте жалғасы

1	2	3	4
6. Explorers and Inventors	clever <i>adj</i> cotton <i>n</i> difficult <i>adj</i> device <i>n</i> easy <i>adj</i> (to) explore <i>v</i> gold <i>n</i> invention <i>n</i> inventor <i>n</i> journey <i>n</i> nice <i>adj</i> rocket <i>n</i> patent <i>v</i> production <i>n</i> silver <i>n</i> silly <i>adj</i> space <i>n</i> spaceship <i>n</i> spice <i>n</i> useful <i>adj</i> wool <i>n</i>	Do you like the image of the (...)? Yes, I like the image of the (...) because (...). No, I don't like the image of the (...). That's silly. No it's useful. Who invented (...)? (...) is the inventor of (...)?	astronaut (the) Chinese expensive (to) export goods (to) import ivory luxury orbit porcelain route shuttle silk the silk road trade variety
7. Water, Water everywhere	aquarium <i>n</i> (to) collect <i>v</i> crab <i>n</i> creature <i>n</i> (to) dive <i>v</i> dolphin <i>n</i> (to) fish <i>v</i> jellyfish <i>n</i> lobster <i>n</i> octopus <i>n</i> plant <i>n</i> seaside <i>n</i> (to) swim <i>v</i> (to) sunbathe <i>v</i> shell <i>n</i> shark <i>n</i> squid <i>n</i> turtle <i>n</i> wave <i>n</i> whale <i>n</i>	I can see/hear/taste/smell/feel (...). What colour is (...)? What is the colour of (...)? The colour of (...) is (...). What is (...) doing? What can you see/hear/taste/smell/feel (touch)?	clam cod ray seahorse seal starfish snake snail walrus
8. Having Fun	café <i>n</i> cinema <i>n</i> circus <i>n</i> (to) climb <i>v</i> different <i>adj</i> exhibition <i>n</i> fun <i>n</i> library <i>n</i> museum <i>n</i> pool <i>n</i> travelling <i>n</i> theatre <i>n</i>	Can you (...)? Do you like (reading)? I like the (...). Me too! I like going to the (...). I like (swimming). What's your favourite (...)?	borrow books drink juice feed animals have fun ride down throw balls visit an exhibition water slides watch plays

Кесте 8 - Оқу жоспары бойынша 4-ші сыныпта «Ағылшын тілі» пәннің негізгі мазмұны [138, б. 98]

Unit	Active words	Structures\patterns	Passive words and phrases
1	2	3	4
Unit 1: Kazakhstan in the World of Sport	card games <i>n</i> a quiz <i>n</i> a twister <i>n</i> chess <i>n</i> a hare <i>n</i> a tortoise <i>n</i> a race <i>n</i> slow <i>adj</i> to start <i>v</i>	I really like____. I like____. I don't like____. I play _ well. I play____badly. I often play_. I always play _with my friends.	a clock a duck a back a neck a jacket a pen a pencil a ruler a rubber a book a a toy a drink food animals clothes hobbies Who likes stories? Who likes stories

8-ші кесте жалғасы

1	2	3	4
	to finish <i>v</i> quickly <i>adv</i> slowly <i>adv</i> loudly <i>adv</i> quietly	It's next to/between/in front of/behind ...	about animals? Can animals speak in stories? Which animals are in stories? pigs a wolf a frog a chicken a dragon
Unit 2: Values in Myths and Legends	ugly <i>adj</i> scary <i>adj</i> a dragon <i>n</i> a forest <i>n</i> a countryside <i>n</i>	I like / don't like listening to stories. I like / don't like reading stories. I enjoy / don't enjoy writing stories. I enjoy / don't enjoy acting out stories. like/enjoy + _ing? This is my magic carpet. It's [colour] and [colour]. It's got [shape] and [shape] on it. This dragon has got _____and _____. It's got (number) (body parts) and (number) (body parts). It can _____but it can't _____.	an ogre big small fat thin clean dirty straight curly strong weak good naughty
Unit 3: Treasure and Heritage	a purse <i>n</i> jewels <i>n</i> (pl) gold <i>n, adj</i> a skull <i>n</i> buried treasure a parrot <i>n</i> a bridge <i>n</i> a cave <i>n</i> a beach <i>n</i> a pirate <i>n</i> empty <i>adj</i> a lorry <i>n</i> a lesson <i>n</i> a mirror <i>n</i> a rubber <i>n</i> rubber <i>adj</i> a letter <i>n</i> a treasure chest <i>n</i>	Is there a_? Is there any ___? Are there any_? I think there is _____. . move up/down left/right one/two/three squares a shell and a ring some gold coins some jewels	a key a coin a small box a photo trees a mountain rocks a small house a hat an elephant an island a gate a hill a tree a tower a wall

8-ші кесте жалғасы

1	2	3	4
Unit 4: Professions and Ways of Communic ation	surprised <i>adj</i> angry <i>adj</i> sorry <i>adj</i> afraid <i>adj</i> tired <i>adj</i> lips <i>n</i> (pl) a thumb <i>n</i> knees <i>n</i> (pl) a language <i>n</i> to communicate <i>v</i> a cell phone <i>n</i> a CD Player <i>n</i> an mp3 player <i>n</i> a word processor <i>n</i> a tablet <i>n</i> a game console <i>n</i> a digital watch <i>adj</i> + <i>n</i>	These are Arsen's handsbecause I want to go to_ / because I like ____/ because I can ____ ____/ because I've got_. Yes, I'm_. Oh no! I'm_. Er, I don't know. I understand/ say/ read/ write some words and sentences about body language. Who do you communicate with? I communicate with boys and girls. I think Leo is surprised. In picture 3 the adventure car has got a computer. In picture 4 there's a button. It says start.	a TV a head a face an eye an ear a nose a mouth a tooth/teeth hair a body shoulders a leg a foot/feet an arm a hand a finger colour and shape animals food and drink places a transport hobbies and sport Nice to meet you I'm from ... I can speak ... I'm a student at ____s chool. Sh, I can't hear. Over there Take it
Unit 5: HotandCol d	a volcano <i>n</i> magma <i>n</i> a vent <i>n</i> a crater <i>n</i> ash <i>n</i> lava <i>n</i>	Today, are you wearing clothes for hot weather or cold weather? I'm sad when I have a stomach- ache. There's a lot of different weather around the world today. She's got a sweater but she isn't wearing a hat.	ring vroom beep rumble roar whoosh crackle crash (sounds)

8-ші кесте жалғасы

1	2	3	4
Unit 7: Journey into Space	an alien <i>n</i> space <i>n</i> bright <i>adj</i> natural <i>adj</i> a feature <i>n</i> a habitat <i>n</i> an ordinal number <i>adj+n</i> a numeral <i>n</i>	I think the _____ is surprising. It's a/an _____ (adject ive) alien. It likes _____ ing but doesn't like _____. It would like to _____ or to _____. I like the_ and I really like the . Natural features .	a volcano an astronaut a planet the Earth the Mercury the Venus the Mars the Jupiter the Saturn the Uranus the Sun the Moon hot sad happy surprised tired
Unit 8: Machines	a crane <i>n</i> a wheelbarrow <i>n</i> a cart <i>n</i> a windmill <i>n</i> a wheelchair <i>n</i> sunrise <i>n</i> daylight <i>n</i> to slide <i>v</i> a swing <i>n</i> a roundabout <i>n</i> roundabout <i>adj</i> a see- saw <i>n</i> to test <i>v</i> to pick up <i>v</i> to carry <i>v</i>	We push and pull roundabouts In Germany, police cars have got_ but in Japan they've got_.	a bike a motor moves it up and down round and round backwards forwards How do/does this/that/these go? In my playground, this goes up and down/that goes round and round/these go backwards and forwards a roto-copter to push to pull

Болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыруға бағытталған интегративті-интерактивті жаттығулар жүйесі келесі эксперименттік-тәжірибелік тарауында көрсетіледі.

Екінші тарау қорытындысы

Кәсіби тұжырымдама «Бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерін даярлаудың теориялық және әдістемелік негіздері» модульдерімен анықталды және «кәсіби-негізделген» және «кәсіби-анықтайтын» екі блоктан тұрды. Бұл блоктардың міндеттерін жүзеге асыру кәсіби қызметтің ұғымдық-коммуникативтік жүйесін қамтамасыз етуге бағытталды. Модульге енетін пәндер болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби негізделген қатысымын қалыптастырудың әдістемелік жүйесін қамтамасыз етті. «Ерте шетел тілін оқыту әдістемесі және технологиясы» және «Шетел тілін АКТ арқылы оқыту» пәндері 1. когнитивті-ұғымдық, 2. инетрактивті-цифрлық, 3. коммуникативтік компоненттер арқылы «Бастауыш мектеп шетел тілі

мұғалімдерін даярлаудың теориялық және әдістемелік негіздері» модулінің функционалдық мазмұнын берді. Базалық шетел тілі пәннің мазмұнын ескере отырып, АКТ көмегімен қатысым мен байланыс орнатуға және алған білімдерін жинақтауға мүмкіндік берді. Кәсіби тұжырымдаманы жүзеге асыру келесі нәтижелері анықталды: 1. АКТ-ны «Базалық шетел тілі» және «Ерте шетел тілін оқыту әдістемесі мен технологиясы» пәндерінің когнитивті-ұғымдық мазмұны бар жаттығулар жүйесінде пайдалану, 2. АКТ-ны «Базалық шетел тілі» және «Ерте шетел тілін оқыту әдістемесі мен технологиясы» пәндерінің ақпараттық-аккумулятивтік мазмұны бар коммуникативті жағдаяттарда қолдану, 3. «Базалық шетел тілі» және «Ерте шетел тілін оқыту әдістемесі мен технологиясы» пәндерінің контекстік коммуникативті мазмұны бар кейстерді шешуде АКТ пайдалану. Кәсіби тұжырымдаманың нәтижелері кезеңдер (1. жағдаяттық-иллюстративтік, 2. контексті-коммуникативтік, 3. ақпараттық-аккумулятивті) арқылы жүзеге асты.

Екінші тарауда болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдердің ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастырудың моделі құрастырылып, жүзеге асырылды. ЖОО-ның оқу үдерісінде бастауыш мектеп болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру моделінің құрамдас құрылымдары: мақсатты (мақсат, Педагог стандартының талаптары), тұжырымдамалық (ғылыми тәсілдер, ұстанымдар, субкомпетенциялар және олардың мәні), процессуалдық-мазмұндық құрамдас бөлігі (технологиялар, кезеңдер, лингводидактикалық шарттар, әдістемелік тұрғысынан жұмыс мазмұны, күтілетін нәтиже) және нәтижелік-бағалау компоненті критериялды-диагностикалық мазмұнда (критерийлер, көрсеткіштер, деңгейлер, диагностикалық әдістер мен дескрипторлар) құрылған.

Зерттеудің міндеттеріне сәйкес оқу үдерісінде жаттығулар жүйесін енгізуді және субкомпетенцияларды қалыптастыру талаптарының мазмұнын толық көрсететін тәсілдер (когнитивті-лингвомәдени, құзырлық, интерактивті-дидактикалық) ұсынылды. Когнитивті-лингвомәдени тәсіл – білім алушылардың тілді мәдениет арқылы меңгеру үшін жаттығулар мазмұнын анықтайды, құзырлық тәсіл - кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыруына, интерактивті-дидактикалық тәсіл - АКТ негізінде шеттілдік сөйлеу әрекетін жетілдіруге ықпал етеді.

ЖОО-ның білім беру үдерісінде болашақ мұғалімдердің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру моделін әзірлеудің әдістемелік бағыттылығы келесі ұстанымдармен анықталды: когнитивті-іс-әрекет негіздері, ақпараттық-интерактивті және селективті-коммуникативтік.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру келесі субкомпетенциялар негізінде құралады: лингвомәдени, кәсіби-ақпараттық және лингводидактикалық.

Процессуалдық компонентте келесі технологиялар ұсынылды: ойын, ақпараттық-коммуникациялық, кейс-стади және интерактивті.

Әрі қарай, модельде АКТ арқылы болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясының лингвомәдени, кәсіби-ақпараттық және лингводидактикалық субкомпетенцияларын бірізді және сатылай қалыптастыруға бағытталған интегративті-интерактивті жаттығулар жүйесі берілген: 1) когнитивті-рецептивті жаттығулар, 2) репродуктивті жаттығулар, 3) креативті-продуктивтік жаттығулар, 4) продуктивті-коммуникативтік жаттығулар.

Бірінші лингвомәдени субкомпетенцияны қалыптастыратын ұғымдық-когнитивтік кезеңде студент тіл елінің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін, ондағы тіл иесінің вербалды және вербалды емес мінез-құлық нормаларымен танысып, білді. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тіл елінің мәдениеті туралы жаңа ақпаратты қабылдап, жүзеге асырды.

Болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-ақпараттық субкомпетенциясын қалыптастыратын екінші ақпараттық-аккумулятивтік кезеңінде студенттер мамандықтары бойынша ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын меңгеріп, бастауыш мектепте шетел тілін оқытуда қажетті теориялық білімдерін қолдана алды.

Болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімінің кәсіби-ақпараттық субкомпетенциясын қалыптастыратын үшінші прагматикалық-репрезентациялаушы кезеңінде студенттер бастауыш мектеп «Ағылшын тілі» оқулығындағы тақырыптары бойынша ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы өздерінің тапсырмаларын әзірлей алды.

Болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімінің лингводидактикалық субкомпетенциясын қалыптастыратын мәнмәтіндік-коммуникативтік кезеңінде студенттер ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы шеттілдік қатысымға түсу дағдыларын меңгерді.

3 АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ МЕКТЕП ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ-КОГНИТИВТІ-КОММУНИКАТИВТІК КОМПЕТЕНЦИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ТӘЖІРИБЕЛІК ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҰМЫСЫ

Бұл тарауда ЖЖОКБҰ студенттерінің - болашақ бастауыш шетел тілі мұғалімдерінің АКТ негізінде кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру моделін жүзеге асыратын тәжірибелік-эксперименталды жұмыс талқыланады. Тарауда АКТ арқылы болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру деңгейінің диагностикасының сипаттамасы; зерттеу әдістері, эксперимент жұмысын бағалау критерийлері; тәжірибелік-эксперимент нәтижелерін талдау және ұсынылған теориялық модельдің тиімділігі туралы тұжырымды негіздеу қарастырылады.

Тәжірибелік-эксперименттік зерттеудің мақсаты - зерттеудің бірінші және екінші тараулардағы теориялық тұрғыдан негізделген АКТ арқылы болашақ бастауыш мектеп шетел тілін оқытатын мұғалімдердің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастырудың тиімділігін тәжірибелік-эксперимент түрінде тексеру болды. Зерттеудің мақсатына жету барысында келесі міндеттер қойылды:

1. студенттердің/болашақ бастауыш мектеп шетел тілін оқытатын мұғалімдердің АКТ негізінде кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру деңгейін анықтау;
2. студенттердің/болашақ бастауыш мектеп шетел тілін оқытатын мұғалімдердің АКТ арқылы кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясының субкомпетенцияларын қалыптастырудағы бағалау критерийлерін атап көрсету;
3. ЖЖОКБҰ-да шеттілдік білім беру процесінде бастауыш мектеп болашақ шетел тілі мұғалімдерінің АКТ арқылы кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыруға бағытталған интегративті-интерактивті жаттығулар жүйесінің нәтижесін талқылау;
4. теориялық модель тиімділігін талдау және қорытынды жасау.

3.1 Болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптастыру деңгейлерін диагностикалық бағалау.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс үш жыл бойы (2017-2020 жж.) Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері Университетінің Шетел тілдері педагогикалық факультетінің 5В011900-«Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының, қазақ бөліміндегі II және III курс студенттерінің қатысуымен өткізілді. Тәжірибеге (80 студент қатысып, оның

ішінде 40 -эксперименталды топ (2-курс), 40-бақылау тобы (3-курс)) ағылшын тілі бойынша оқитын студенттер қатысты.

Тәжірибелік-экспериментте келесі теориялық және эмпирикалық әдістері қолданылды: теориялық (АКТ негізінде болашақ бастауыш шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру процесіндегі психологиялық-педагогикалық және оқу әдістемелік негізіндегі әдебиеттерді талдау, модельдеу арқылы модельді әзірлеу); эмпирикалық (сауалнама, бақылау, диагностика, нәтижелерді талдау, математикалық статистикалық әдістері).

Тәжірибелік-эксперименттік зерттеу үш негізгі кезең бойынша жүргізілді: анықтау, қалыптастырушы және қорытынды:

- I. анықтау кезеңі (2017 - 2018 жж.);
- II. қалыптастырушы (практикалық) кезеңі (2018-2019);
- III. қорытынды (бақылау) кезеңі (2019-2020).

Әрбір кезең үнемі жинақтау мен дағды қалыптасуының артуымен байланысты болды.

Анықтау кезеңі (2017-2018 жыл) барысында тәжірибелік-эксперименттік жұмыс бағдарламасын әзірлеу кезінде, факторлар, критерийлер мен көрсеткіштер, сонымен қатар құрастырылған авторлық әдістер мен диагностикалардың көмегімен АКТ арқылы болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдердің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастырудың бастапқы деңгейі анықталды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың бірінші міндетін шешу үшін анықтау кезеңінде студенттердің/болашақ бастауыш мектеп ШТ мұғалімдерінің білім деңгейлері мен сауаттылығының көрсеткіштері мен күйін бағалау үшін сауалнамалар мен диагностикалық жұмыстар жасалды. Осыған орай, тәжірибе алдында студенттерден сауалнама жұмысы алынды.

Курстың басында 2-ші және 3-ші курс студенттерінен «Ерте шетел тілдерін оқытудың әдістемелік және технологиялық негіздері» атты пәні бойынша базалық білімдерін тексеру мақсатында сауалнама жүргізілді. Осы мақсатта біз екі топта да тәжірибе алдындағы жұмыстар жүргізіп, сұрақ-жауап әдісін қолдандық.

Сауалнамалардың нәтижелері - болашақ бастауыш мектеп ШТ мұғалімдердің базалық субкомпетенцияларын қалыптасу деңгейін анықтауды қамтиды. Сонымен қатар, сауалнамалар нәтижесі бастауыш мектепте шеттілдік білім беру бойынша туындаған мәселелерді анықтауға және оларды шешу үшін оқыту бағдарламасын құрастыруға мүмкіндік берді.

Студенттердің/болашақ бастауыш шетел тілі мұғалімдерінің *лингвомәдени субкомпетенциясы* деңгейлерін бағалау үшін В.Д. Шадрикова материалдары негізінде құрастырылған №1-ші сауалнамасы ұсынылды (Қосымша А). Осы сауалнама бойынша студенттердің жоғары - (иә), орта - (жауап беруге қиналамын), төмен - (жоқ) деңгейлері анықталды.

Студенттер осы сауалнамадағы сұрақтарға жауап бергеннен кейін, нәтижелері келесі деңгейді анықтау шкаласы арқылы анықталды:

Жоғары деңгей

Оқып жатқан тіл елі бойынша берілген тапсырмаларға сәйкес оқыту әдістері мен құралдарын орынды пайдаланатын, білім берудің әдістерін меңгерген, оқушылардың жас ерекшеліктері мен оқу стильдерін және бағалаудың әртүрлі түрлері мен әдістерін білетін студенттерді сипаттайды.

Орташа деңгей

Бұл деңгейдегі студенттер оқушылардың оқу мүмкіндіктеріне сәйкес білім беру міндеттерін қоюда және оқытып жатқан тіл елінің мәдениетіне негізделген оқу процесін құруда қиындықтарға тап болуы мүмкін. Тілдік және мәдени ақпаратты қамтитын ауызша және жазбаша сөйлеуді түсінуде қиындықтарға тап болмас үшін мәдениеттің ерекшеліктері туралы жеткілікті білім деңгейі бар.

Төмен деңгей

Бұл деңгейдегі студенттер оқушылардың жас ерекшеліктерін төмен білуімен ерекшеленеді. Өзге елдің тілін және мәдениеті бойынша оқыту процесін құрудың заманауи құралдары мен әдістері туралы білімі нашар қалыптасқан. Оқып жатқан елдің тілінде қолданатын сөздері мен фразалары туралы аздап білімі бар және оның саяси-әлеуметтік құрылымы туралы жалпы түсінігі бар.

Келесі №2-ші сауалнамасы студенттердің/болашақ бастауыш шетел тілі мұғалімдерінің *кәсіби-ақпараттық субкомпетенциясы* деңгейлерін бағалау үшін құрастырылды (Қосымша Ә).

Бұл сауалнама студенттердің деңгейін (жоғары (иә), орта (ішінара/жартылай), төмен (жоқ)) анықтауды қамтыды.

Осы сауалнамадағы сұрақтарға студенттер жауап бергеннен кейін, нәтижелері келесі деңгейді анықтау шкаласы арқылы анықталды:

Жоғары деңгейі

Бұл деңгейде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың үнемі жаңартылып отыратын құралдарын өзінің кәсіби дамуында да, бастауыш сынып оқушысының оқыту процесінде де қолдануға дайын респонденттер ретінде сипатталады. Сонымен қатар, олар электрондық білім беру ресурстарын жасауға және әдістемелік тұрғыдан негіздеуге дайын.

Орта (ортайлы) деңгейі

Бұл деңгейдегі респонденттер АКТ құралдарын саналы, мақсатты және сараланған түрде таңдауға, реттеуге және пайдалануға дайын студенттер ретінде сипатталады. Бұл деңгейде болашақ мұғалімдер бастауыш мектеп оқушыларының АКТ сауаттылығын дамытудың мақсаттары, әдістері мен технологиялары туралы теориялық білім бере алады.

Төменгі деңгейі (ең төменгі)

Бастауыш мектептің ШТ оқу үдерісінде АКТ құралдарын пайдалана алуды білмейтін респонденттер ретінде жіктелді. Мұндай деңгейіндегі мұғалімдер үшін қызметтің репродуктивті түрі басым болады. Олар дәстүрлі

стандарттар аясында жұмыс істеуге дайын.

Студенттердің/болашақ бастауыш шетел тілі мұғалімдерінің *лингводидактикалық субкомпетенциясы* деңгейлерін бағалау үшін 10 сұрақтан құралған №3 сауалнамасы әзірленді (Қосымша Б).

Сауалнама 0-2 баллдық шкала бойынша бағаланды және онда берілген сұрақтарға жауап беру кезінде студенттер «иә» деп жауап берсе 2 балл, «жауап беруге қиналамын» - 1 балл және «жоқ» - 0 балл арқылы жинаған ұпай санымен нәтижесі өлшенді.

Нәтижелерді өңдеуде №3-ші сауалнаманың баллдық суммасы қарапайым математикалық есебімен жүргізілді.

10 -15 – төмен

16 - 21 – орта

22 - 27 – жоғары

Қалыптастырушы кезеңдегі (2018-2019) тәжірибелік-эксперименттік оқыту процесі кезінде АКТ арқылы болашақ бастауыш мектеп ШТ мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясы моделінің тиімділігін апробациялау мен бағалау жүзеге асты. Осы кезеңде 2.3 тараудағы әзірленген интегративті-интерактивті жаттығулар жүйесі қолданылды.

Эксперимент шарттары өзгеріссіз және өзгертілген болып бөлінеді.

Өзгеріссіз эксперимент шартында:

- сағат саны бірдей;
- оқу бағдарламасы бірдей;
- бақылау формасы бірдей;
- екі топ үшін де эксперименттің бірдей ұзақтығы.

Өзгертілген эксперимент шартына жаңа әдістер мен технологияларды, атап айтқанда интерактивті және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану енгізілді. Бақылау тобы интерактивті және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданусыз оқытылды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың екінші міндетін шешу үшін АКТ арқылы болашақ бастауыш мектеп ШТ мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясы құрамындағы субкомпетенцияларының қалыптасуын бағалайтын құралдарды қолдандық (кесте 9). Осы үш субкомпетенциялардың әрқайсысы критерийлерге (мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік және рефлексивтік) сәйкес бағаланды. Критерийлердің әрқайсысы көрсеткіштерде көрсетілген. Сонымен, *мотивациялық* критерийдің көрсеткіштері келесідей болды: тұрақты мотивация және бастауыш мектеп болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби қызметіне қызығушылық таныту және әртүрлі жағдаяттарда мәдениетаралық коммуникацияны орнату; *мазмұндық* критерийдің көрсеткіштері ретінде: ағылшын тілінде коммуникация жасай алуы, кәсіби бағытталған лексикалық бірліктерді қолдана алуы, аутентті кәсіби бағытталған мәтіндерді оқу және түсіну; *іс-әрекеттік* критерийінің көрсеткіштері мыналар болды: ағылшын

тілі (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық аспектілер) білімін жүйелеу қабілеті; ағылшын тілін пайдалана отырып, кәсіби білім мен дағдыларды қолдану; *рефлексиялық* критерийдің көрсеткіштері ретінде: коммуникация үдерісінде шетел тілін меңгеру деңгейін өздігінен талдау мүмкіндігі; бастауыш мектеп болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру деңгейін өзіндік бағалау анықталады. Анықталған критерийлер мен көрсеткіштер негізінде бастауыш мектеп болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру деңгейлері (жоғары, орташа, төмен) сипатталды.

Кесте 9 - АКТ арқылы болашақ бастауыш мектеп ШТ мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын бағалаудың диагностикалық құралдары

Бастауыш мектеп ШТ мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясы құрамындағы субкомпетенциялар	Көрсеткіштер	Субкомпетенцияларды бағалауда қолданылатын құралдар
1	2	3
Лингвомәдени	- өз елі мен өзге ел мәдениетін таныстыруға дайын болуы; - ұлттық-мәдени компоненті бар лексикалық бірліктерді, мәдени конотацияларды білуі және оларды мәдениетаралық коммуникация жағдаяттарында қолдана алуы.	Өзге тіл елінің жерімен, мәдениетімен және салт-дәстүрімен танысып, білуге бағытталған практикалық тапсырмалар және студенттердің алған білімдерін бекітуге арналған интернет–тест.
Кәсіби-ақпараттық	- шетел тілі және оқытылатын тіл елінің мәдениеті бойынша аутентті білім беру интернет-ресурстарын, соның ішінде мультимедиа технологияларын оқыту процесінде қолдана алу; - бастауыш мектеп шетілдік білім беру үдерісінде АКТ-ны қолдану дайындығы.	Бастауыш мектеп шетілдік білім беруде АКТ-ны қолдануға арналған практикалық тапсырмалар: Студенттердің бастауыш мектеп оқушыларының психологиялық және психофизиологиялық білім алу стильдеріне қарай мультимедиялық ресурстарды анықтауы. Кейс тапсырмасы - ШТ оқытуда туындаған жағдаяттарды мультимедиялық ресурстарды қолдану арқылы шешу. Бастауыш мектеп ағылшын тілі пәніндегі тақырптар бойынша оқушыларға:

9-ші кесте жалғасы

1	2	3
		-ақпарат беру үшін Онлайн презентациялар әзірлеу; -сабақты қызықты әрі бекіту үшін интерактивті онлайн ойындар құрастыру; - білім алу стильдеріне қарай мультимедиялық ресурстарды қолдану арқылы тапсырмалар дайындау; -ертегілер бойынша цифырлық әңгімелеу (digital storytelling) құру; - таңдаған ертегі бойынша драматизация ойнап, видеоға түсіру.
Лингводидактикалық	- вербалды және вербалды емес коммуникация түрлерін қолдана отырып, қатысымға түсе алуы; бастауыш мектеп шеттілдік білім беру процесін АКТ құралдары арқылы интерактивтік ұйымдастыру дайындығы.	Болашақ мәдениетаралық кәсіби бағытталған іс-әрекет мамандықтарына қатысты сұрақтарға студенттердің жауап беруі. Бастауыш мектеп ағылшын тілі пәніндегі тақырп бойынша оқушыларға қатысымдық онлайн чаттар, форумдар, вебинар, және конференциялар құру.

Аталған көрсеткіштер негізінде болашақ бастауыш мектеп ШТ мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын АКТ арқылы қалыптастыру деңгейлері анықталды (кесте 10).

Кесте 10 - Бастауыш мектеп ШТ мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясының субкомпетенцияларын АКТ арқылы қалыптастыру деңгейлері

Субкомпетенциялар	Көрсеткіштер	Деңгейлер		
		Жоғары	Орташа	Төмен
1	2	3	4	5
Лингвомәдени	- өз елі мен өзге ел мәдениетін таныстыруға дайын болуы; - ұлттық-мәдени компоненті бар лексикалық бірліктерді,	- өз елі мен өзге ел мәдениетін таныстыруға дайын; - ұлттық-мәдени компоненті бар лексикалық	- өз елі мен өзге ел мәдениетін таныстыруға жеткілікті дайын; - ұлттық-мәдени	- өз елі мен өзге ел мәдениетін таныстыруға дайын емес; - ұлттық-мәдени компоненті

10-шы кесте жалғасы

1	2	3	4	5
	мәдени конотацияларды білуі және оларды мәдениетаралық коммуникация жағдаяттарында қолдана алуы.	бірліктерді, мәдени конотацияларды біледі және оларды мәдениетаралық коммуникация жағдаяттарында қолдана алады.	компоненті бар лексикалық бірліктерді, мәдени конотацияларды жеткілікті біледі және оларды мәдениетаралық коммуникация жағдаяттарында жеткілікті қолдана алады.	бар лексикалық бірліктерді, мәдени конотацияларды нашар біледі және оларды мәдениетаралық коммуникация жағдаяттарында қолдануға дайын емес.
Кәсіби-ақпараттық	- шетел тілі және оқытылатын тіл елінің мәдениеті бойынша аутентті білім беру интернет-ресурстарын, соның ішінде мультимедиа технологияларын оқыту процесінде қолдана алу; - бастауыш мектеп шеттілдік білім беру үдерісінде АКТ-ны қолдану дайындығы.	- шетел тілі және оқытылатын тіл елінің мәдениеті бойынша аутентті білім беру интернет-ресурстарын, соның ішінде мультимедиа технологияларын оқыту процесінде қолдана алады; - бастауыш мектеп шеттілдік білім беру үдерісінде АКТ-ны қолдануға дайын.	- шетел тілі және оқытылатын тіл елінің мәдениеті бойынша аутентті білім беру интернет-ресурстарын, соның ішінде мультимедиа технологияларын оқыту процесінде жеткілікті қолдана алады; - бастауыш мектеп шеттілдік білім беру үдерісінде АКТ-ны жеткілікті қолдануға дайын.	- шетел тілі және оқытылатын тіл елінің мәдениеті бойынша аутентті білім беру интернет-ресурстарын, соның ішінде мультимедиа технологияларын оқыту процесінде қолдана алмайды; - бастауыш мектеп шеттілдік білім беру үдерісінде АКТ-ны қолдануға дайын емес.

10-шы кесте жалғасы

1	2	3	4	5
Лингодидактикалық	- вербалды және вербалды емес коммуникация түрлерін қолдана отырып, қатысымға түсе алуы; бастауыш мектеп шеттілдік білім беру процесін АКТ құралдары арқылы интерактивтік ұйымдастыру дайындығы.	- вербалды және вербалды емес коммуникация түрлерін қолдана отырып, қатысымға түсе алады; - бастауыш мектеп шеттілдік білім беру процесін АКТ құралдары арқылы интерактивтік ұйымдастыру дайындығы. интерактивтік ұйымдастыруға дайын.	- вербалды және вербалды емес коммуникация түрлерін қолдана отырып, жеткілікті қатысымға түсе алады; - бастауыш мектеп шеттілдік білім беру процесін АКТ құралдары арқылы интерактивтік ұйымдастыруға жеткілікті дайындығы.	- вербалды және вербалды емес коммуникация түрлерін қолдана отырып, қатысымға түсуге дайын емес; - бастауыш мектеп шеттілдік білім беру процесін АКТ құралдары арқылы интерактивтік ұйымдастыруға дайын емес.

Әрбір субкомпетенцияларды қалыптастыратын жоғарыда айтылған критерийлер бойынша студенттердің орташа баллдарын шығару үшін әр студенттердің жинаған баллдарын пайызбен есептеп, гистограммасын құрдық. Математикалық есептеу 11-ші кестеде келтірілген.

Кесте 11 - Бастауыш мектеп ШТ мұғалімдерінің кәсіби-когнитивтік-коммуникативтік компетенциясының субкомпетенцияларын АКТ арқылы қалыптастыру деңгейлерінің шкаласы

Барлық студент	Олардың ішінде орындағандары						Сапалы көрсеткіші		Орта балл
	"жоғары"		"орта"		"төмен"				
	Студ-р саны	%	Студ-р саны	%	Студ-р саны	%	Студ-р саны	%	
40							40		

Әр деңгей бойынша студенттер жинаған максималды балл саны - 25. Жалпы жинаған балл саны 100 құрайды (кесте 12).

Кесте 12 - Жаттығуларды бағалау критерийлері

Жаттығулар	Қолданылған ресурстар	Дескрипторлар	Балл
1	2	3	4
Когнитивті-рецептивті жаттығулар	LearningApps интернет программасындағы ойындар	1 жаттығу. Студент - медиа түрлерін еске түсіреді; - сөздер мен суреттерді дұрыс сәйкестендіреді; - жұпта медиа түрлерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін талқылайды. 2 жаттығу. Студент - «Welcome to Britain!» тақырыбында интернеттен ақпарат жинайды; - «Country travel brochure» (елге саяхат) брошюрасын толтырады; - Ұлыбритания мәдениетімен өз елінің мәдениетін салыстырып, дискуссия құрады. 3 жаттығу. Студент - қалып кеткен сөздердің дұрыс жауабын табады.	25
Репродуктивті жаттығулар	Pixabay, Canva, Youtube,	1 жаттығу. Студент - YouTube арқылы бастауыш сынып оқушыларына арналған әңгімелер бойынша үш видео көреді; - оқушылардың білімді қабылдау стильдеріне: визуалдық, аудиалдық және кинестетикалық (тактильдық) қажетті мультимедиялық ресурстарды анықтайды; - әр әңгіме бойынша оқушылардың оқу стильдеріне қарай мультимедиялық ресурстарды кестеде толтырып шығады. 2 жаттығу. Студент - бастауыш мектеп оқулығынан алынған суретті сөздіктер қаншалықты көрнекті түрде көрсетілгенің анықтайды; - оқулықтағы суретті сөздік элементтері бойынша оқушыларға сұрақтар тізімін құрады;	25

12-ші кесте жалғасы

1	2	3	4
		- сұрақтар тізімін топтағы студенттермен бөліседі; - оқушылардың сөздік қорын дамыту үшін кітапта берілген тапсырмаға интернет ресурстарын (Pixabay, Canva Animator) қолдану арқылы қосымша тапсырмалар құрастырады.	
Креативті-продуктивтік жаттығулар;	Sway, Prezi, Google Slides, D-ID Vimeo, Screencastomatic, Camtasia, Captivate (for e-learning)	1 жаттығу. Студент - 4-сынып ағылшын тіліндегі “Healthy World” тақырыбында ақпарат беру үшін Sway, Prezi немесе Google Slides біреуін қолдану арқылы онлайн презентация құрайды; - дайындаған онлайн презентацияларының қолдану маңыздылығын келесі сабақта ауызша дәлелдейді; 2 жаттығу. Студент - интерактивті онлайн ойындардың тиімділігін топта талқылайды; - 3-сынып ағылшын тіліндегі “Art and Music” тақырыбы бойынша LearningApps.org бағдарламасын қолдана отырып, интерактивті онлайн ойындар құрастырады. 3 жаттығу. Студент - 3-сыныпқа арналған “Explorers and Inventors” тақырыбында мультимедиялық ресурстарды қолдана отырып, бастауыш оқушыларының әр бір оқу стиліне қарай 3 тапсырмадан әзірлейді; - топта бастауыш оқушыларының әр бір оқу стиліне қарай мультимедиялық ресурстарды не үшін қолданғандарын талқылайды. 4 жаттығу. Студент - берілген ертегілер тізімінен біреуін таңдайды; - ертегі бойынша D-ID жасанды интеллект	25

12-ші кесте жалғасы

1	2	3	4
		- технологиясын қолдану арқылы цифырлық әңгімелеу (digital storytelling) құрайды; - цифырлық әңгімелеу тиімділігін айтып береді. 5 жаттығу. Студент 4-жаттығуда таңдаған ертегі бойынша рөлдік-ойын ойнайды; рөлдік-ойынды видео жазатын құралдарды қолдану арқылы видеоға түсіреді, түсірген видеоларын сабақ барысында көрсетеді.	
Продуктивті-коммуникативтік жаттығулар	Twitter, Microsoft Teams, Zoom, Skype, Webinar, Cisco Webex. Twitter polls, Padlet	1 жаттығу. Студент - 2-курс ағылшын тіліліндегі «Successful teaching» бойынша берілген сұрақтарды вебинарда (Zoom) және форумда (Twitter) талқылайды. 2 жаттығу. Студент - 4-сынып ағылшын тіліндегі “Professions and Ways of Communication” тақырыбы бойынша қатысымдық онлайн чаттар, форумдар, вебинар, және конференцияларды цифырлық құралдарды қолдану бойынша топта талқылап, өздері құрайды. 3 жаттығу. Студент - Twitter сауалнамасын пайдалана отырып, өз тобыңыздағы студенттерге «Buildings» тақырыбында (3-сынып) сауалнама жасайды; - Socrative пайдалана отырып, «Animals» тақырыбына (3-сынып) онлайн тест құрайды; - «Hot and Cold» тақырыбына (4-сынып) жаттығу дайындап, жиынтық бағалау критерийлерінің кестесін құрастырады. Кестені Padlet онлайн тақтасына салады; Padlet арқылы басқа студенттердің бағалау кестелері бойынша жазбаша кері байланыс береді.	25
		Барлығы	100

3.2 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру әдістемесі.

Алдыңғы тарауда әзірлеген кәсіби тұжырымдамасы тақырыптары бойынша студенттерге «Ерте шеттілдік білім беру әдістемесі мен технологиясы» пәнінде теориялық білімдер лекцияларда беріліп, практикалық сабақтарда бекітілді (2 ECTS кредит (60 сағат), оның ішінде: лекциялар – 15 сағат, практикалық сабақтар – 5 сағат, СӨЖО – 20 сағат, СӨЖ – 20 сағат.).

Практикалық/семинар сабақтары мен СӨЖ барысында кәсіби тұжырымдамасы көрсетілген үш пән бойынша болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясының субкомпетенцияларын АКТ арқылы қалыптастыру үшін интегративті-интерактивті жаттығулар жүйесін енгіздік.


Болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімнің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру үшін біз интегративті-интерактивті жаттығулар жүйесін лингвомәдени, кәсіби-ақпараттық және лингводидактикалық субкомпетенцияларына сәйкес құрастырдық.

Бірінші лингвомәдени субкомпетенция ұғымдық-когнитивтік кезеңмен байланысты. Осы кезеңде біз LearningApps.org интерактивті бағдарламасын қолдандық, себебі бұл интерактивті бағдарлама студенттерге бастауыш мектеп ағылшын тілі мәдениеті туралы жаңа сөздерді ойын технологиясы арқылы бекітуге мүмкіндік береді.

LearningApps.org - бұл шетел тілін оқуды және оқытуды жүзеге асырудағы интерактивті жаттығулар жасауға арналған Web 2.0 қосымшасы. Ол 2009 жылы Берндегі білім беру университетімен әзірленген.


Бұл таптырмайтын авторлық құрал мұғалімдерге сабақ барысында тікелей қолдануға немесе Moodle сияқты оқу платформаларына енгізуге мүмкіндік береді [139].

Осы бағдарламаның бас мәзірінің үстінгі жағында «барлық жаттығулар» батырмасын басқан кезде алдын ала құрастырылған әр сыныпқа және әр сөздік пен грамматикаға дайын жаттығулар берілген (сурет 5).



Сурет 5 – Алдын ала құрастырылған жаттығулар

Ал «жаңа жаттығулар» батырмасын басқан кезде студенттер/болашақ бастауыш мектеп мұғалімдері өздерінің интерактивтік жаттығуларын құрастырып, жасай алады (сурет 6).




Сурет 6 – Жаңа жаттығулар құрастыру құрылғылары

LearningApps лексикалық және грамматикалық ойындарын құру үшін әртүрлі интерактивті жаттығулар типтері мен үлгілерін (жиырмадан астам) ұсынады:

- жауап таңдауға арналған тест + «Кім миллионер болғысы келеді?» ойыны;
- мәтіннен сөздерді таңдау;
- тордан жұп пен сәйкесін табыңыз (аудио немесе видеоға сәйкес келетін суреттердің атауы);
- суреттерді сұрыптау (кескін элементтерінің аттарын таңдаңыз);
- өз орнына қойып шық (мәтіндерді, суреттерді, аудио немесе бейнені дұрыс ретпен қойып шығу);
- кроссвордтар;
- бәйге жарысы (ойыншылар қателіктердің ең аз санымен бірнеше сұрақтарға жауап беруі керек онлайн-ойын) [140].

Мұнда интерактивті жаттығуларды қолдану мен өзіндік құру үшін ең алдымен тіркелу қажет. Тіркелу тегін. Тіркелу үшін жарамды электрондық пошта мекенжайы және кілтсөз керек. Төмендегі суретте LearningApps-та қалай тіркелу керектігі көрсетілген (сурет 7):




Сурет 7 - LearningApps-та тіркелу

Осы интерактивтік бағдарлама арқылы бірінші ұғымдық-когнитивтік сатыда біз ойын технологиясын қолдана отырып, келесі когнитивтік-рецептивті жаттығуларды енгіздік.

Бірінші миға шабуыл (brainstorming) жаттығуында студенттер *LearningApps.org* (немесе т.б. Қосымша В-ғы онлайн ойындарын құру үшін басқа веб-сайттарды қолданады) интерактивті бағдарламасында жасалған 2-ші курс Ағылшын тіліндегі "Медиа" тақырыбындағы сөздіктер бойынша суреттермен сәйкестендірді (сурет 8).

a) Match the words with the pictures.

In pairs discuss the advantages and disadvantages of different types of media.



Сурет 8 – LearningApps.org интерактивті бағдарламасында жасалған "Медиа" тақырыбындағы сөздік жаттығу [141]

Дескриптор:

Студент

- медиа түрлерін еске түсіреді;

- сөздер мен суреттерді дұрыс сәйкестендіреді;
- жұпта медиа түрлерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін талқылайды.

Екінші жаттығуда студенттер алдын ала берілген «Welcome to Britain!» тақырыбында БАҚ құралдарынан (Қосымша Г) аутентті мәтіндерді оқып, ақпарат жинап, «Country travel brochure» (елге саяхат) брошюрасын (сурет 9) толтырды. Осы жаттығу бойынша студенттер Ұлыбритания елімен, жерімен, мәдениетімен және салт-дәстүрімен танысты.

b) *Look for information on the theme: «Welcome to Britain!» from the Internet and complete tourist information brochure.*

Country _____ Surrounding countries: Population: Religion(s): Capital city: Surrounding Oceans/Seas: Things to see	Things to do The Seasons / Climate	Food Traditions Local language
---	--	---

Сурет 9 – «Country travel brochure» брошюрасы


Дескриптор:

Студент

- «Welcome to Britain!» тақырыбында интернеттен ақпарат жинайды;
- «Country travel brochure» (елге саяхат) брошюрасын толтырады;
- Ұлыбритания мәдениетімен өз елінің мәдениетін салыстырып, дискуссия құрады.

Үшінші жаттығуда студенттердің білімін бекіту үшін *LearningApps.org* интерактивті бағдарламасындағы «бәйге жарысы» (сурет 10) деп аталатын интерактивті ойынды өткіздік.

c) *Answer the questions and win the race!*



Сурет 10 – LearningApps.org интерактивті бағдарламасындағы «бәйге жарысы» ойыны.

Дескриптор:

Студент

- қалып кеткен сөздердің дұрыс жауабын табады.

Болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімнің кәсіби-ақпараттық субкомпетенциясын қалыптастыратын екінші ақпараттық-аккумулятивтік (жинақтаушы) кезеңінде ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдана отырып, Репродуктивті жаттығуларды ұсындық.

Бұл сатыда біз жаттығуларды мультимедиялық ресурстарын/құралдарын соның ішінде видеоны қолдану арқылы әзірледік.


М. В. Еременко және Ю. С. Пашукевич, келесі «аудио және видео материалдарды (әндер, әртүрлі тақырыптық бағыттағы оқу фильмдері, жаңалықтар бағдарламалары, теледидарлық бағдарламалар, жарнамалық роликтер және т.б.) сабақтарда қолдану оқу іс-әрекетінің алуан түрлілігіне ықпал етеді және оқып жатқан елдің тілдік ортасын құруға мүмкіндік береді, осылайша, тек тілдік ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік-мәдени компетенцияны қалыптастырады» - дейді [142].

Осыған орай, жаттығуларда видео материалдарды көрсету үшін YouTube видеохостингін тандадық. Себебі, *Youtube* - ең танымал веб-ресурстардың бірі және шеттілдік білім беруде студенттердің аутентикалық сөздерді есту мен оларды дұрыс айту дағдыларын дамыту үшін ұсындық.

Осы кезеңде айтылған мультимедиялық ресурстарды қолдану арқылы біз келесі жаттығуды өзектендірілдік:

Бірінші жаттығуда студенттер YouTube каналы арқылы видеоларды көріп (сурет 11, 12, 13), оқушылардың білімді қабылдау стильдерін: визуалдық, аудиалдық және кинестетикалық (тактильдық) ескере отырып, мультимедиялық ресурстарды анықтап, кестені толтырды (кесте 13).

a) Watch and listen to the three stories which you want to read in class. To make the language understandable to all students, you need to convey and present the story using all four learning styles (auditory, visual, tactile and kinesthetic). Recall the type of visual aids that make each story understandable to students with different reading styles. Write them in the table below. (тағы басқа ертегілерді ҚОСЫМША F қараңыз)



Brown Bear, Brown Bear, What Do You See Read Aloud



Ten Seeds

<https://www.youtube.com/watch?v=Fbeo2jurFMh><https://www.youtube.com/watch?v=WST-B8zQleM>



Quack and Count

<https://www.youtube.com/watch?v=qyFWbhR7MOA>

Сурет 11, 12, 13 – YouTube каналындағы үш әңгіме видеосы

Кесте 13 – Оқушылардың білімді қабылдау стильдерін: визуалдық, аудиалдық және кинестетикалық (тактильдық) ескере отырып, мультимедиялық ресурстарды анықтап, кестені толтырды

Story	Visual learners	Auditory learners	Tactile learners
Ten seeds			
Brown Bear, Brown Bear, What Do You See?			
Quack and Count			

Дескриптор:

Студент

- YouTube арқылы бастауыш сынып оқушыларына арналған әңгімелер бойынша үш видео көреді;

- оқушылардың білімді қабылдау стильдеріне: визуалдық, аудиалдық және кинестетикалық (тактильдық) қажетті мультимедиялық ресурстарды анықтайды;

- әр әңгіме бойынша оқушылардың оқу стильдеріне қарай мультимедиялық ресурстарды кестеде толтырып шығады.


Екінші жаттығуда студенттер бастауыш мектеп Ағылшын тілі бойынша кейстерді шешті:

Кейс 2.1: 14-ші сурет бастауыш мектеп оқулығынан алынған. Суретті сөздіктер өте құнды құрал бола алады. Осы суреттегі суреттер кітап бетінде қаншалықты көрнекті түрде көрсетілетініне назар аударыңыз. Берілген тапсырма бойынша бастауыш мектеп оқушыларына суретті сөздік элементтерін әрқайсысын көрсетіп, қайталау өте оңай болар еді. Оқушыларға 14-ші суреттегі суретті сөздік элементтері бойынша сұрақтар тізімін құрыңыз. Жауабыңызды топтағы студенттермен бөлісіңіз.

Case-study 2.1

Description: Example 1 is from a primary school coursebook. It is used with nine-year-old or ten-year-old children. Picture dictionaries can be a very valuable tool. Note how prominently these items are displayed on the page. It would be very easy to have the young learners point and repeat to each of the vocabulary items.

Task: Make a list of questions that would help learners personalize the vocabulary items in Example 1. Share your answer with your groupmate.



Сурет 14 - Суретті сөздік тапсырмасы [143]

2.1.1 Оқушылардың сөздік қорын дамыту үшін 1-мысалдағы тапсырмаға қосымша сөздік тапсырмаларын беріңіз. Тапсырмаларда суреттерді көрсету үшін келесі интернет ресурстарын қолданыңыз:

– Pixabay – суреттер мен бейнелерді тегін жүктеуге арналған креативті бағдарламалардың бірі. Барлық мазмұн Pixabay компаниясынан лицензияланған, сондықтан оны автордың рұқсатын сұрамай-ақ немесе ақысыз пайдалануға болады [144].

– *Canva Animator* - онлайн графикалық дизайн жасайтын бағдарлама. Өзіңіздің суреттеріңіз бен құжаттарыңызды үнемі жоғары сапада жобалау үшін Canva компаниясының онлайн сурет редакторы мен кәсіби макеттерін қолданасыз [145].

2.1.1: Make a list of other vocabulary activities using the Pixabay and Canva Animator. Share your activities with your groupmate.

Questions:

- 1. How could you introduce the topic?*
- 2. What kind of visuals could you use?*
- 3. What kinds of hands-on materials could you use?*

Дескриптор:

Студент

- бастауыш мектеп оқулығынан алынған суретті сөздіктер қаншалықты көрнекті түрде көрсетілегенін анықтайды;

- оқулықтағы суретті сөздік элементтері бойынша оқушыларға сұрақтар тізімін құрады;

- сұрақтар тізімін топтағы студенттермен бөліседі;

- оқушылардың сөздік қорын дамыту үшін кітапта берілген тапсырмаға интернет ресурстарын (Pixabay, Canva Animator) қолдану арқылы қосымша тапсырмалар құрастырады;

- сұрақтарға жауап береді.

Болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімнің кәсіби-ақпараттық субкомпетенциясын қалыптастыратын үшінші прагматикалық-репрезентациялаушы кезеңінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, келесі креативті-продуктивтік жаттығуларды ұсындық:

Бірінші жаттығуда студенттер 4-сынып ағылшын тіліндегі “Healthy World” тақырыбында ақпарат беру үшін онлайн презентация жасады. Дайындаған онлайн презентацияларын келесі сабақта айтып, көрсетті.

a) Create an online presentation (Sway, Prezi, Google Slides) on the topic: “Healthy World ” (for the 4th grade) that demonstrates learning activities and the value of learning opportunities for students.

b) Present orally your online presentation to your groupmates.

Студенттер бірінші жаттығуды орындау үшін онлайн-презентация жасайтын келесі цифрлық құралдарды қолданды:

– *Sway* – арқылы әртүрлі қызметтер мен құралдарды пайдалана отырып, интернетте ақысыз түрде онлайн режимінде интерактивті баяндамалар, презентациялар, фото-хикаялар құра алады.

– *Prezi* -бұл интерактивті презентациялар жасау үшін бұлттық қызмет. Бұл құралды қолдануды бастау үшін [//prezi.com](https://prezi.com) сайтына өтіп,

карапайым тіркеуден өтесіз. Мұны электрондық пошта мекенжайын немесе Facebook тіркелу деректерін пайдалану арқылы жасауға болады.

– *Google Slides*

Google Слайдтары - түрлі-түсті презентациялар жасауға, оларды әртүрлі құрылғыларда өңдеуге және кез-келген экрандарға таратуға арналған Google компаниясының тегін қосымшасы.

Дескриптор: студент

- 4-сынып ағылшын тіліндегі “Healthy World” тақырыбында ақпарат беру үшін Sway, Prezi немесе Google Slides біреуін қолдану арқылы онлайн презентация құрайды;

- дайындаған онлайн презентацияларының қолдану маңыздылығын келесі сабақта ауызша дәлелдейді;

Екінші жаттығуда студенттер 3 сынып ағылшын тілін оқыту бойынша LearningApps.org бағдарламасын қолдана отырып, "Art and Music" тақырыбына интерактивті онлайн ойындар құрастырды.

c) *In groups of three students create and demonstrate an interactive didactic game using a variety of templates from the LearningApps.org for the 3rd grade learners on the theme "Art and Music".*

Дескриптор:

Студент

- интерактивті онлайн ойындардың тиімділігін топта талқылайды;

- 3-сынып ағылшын тіліндегі “Art and Music” тақырыбы бойынша LearningApps.org бағдарламасын қолдана отырып, интерактивті онлайн ойындар құрастырады.

Үшінші жаттығуда студенттер 3-сыныпқа арналған "Explorers and Inventors" тақырыбында әр бір оқу стиліне 3 тапсырма әзірледі.

d) *Using the multimedia tools prepare 3 activities appropriate for each learning style (visual/ auditory/ kinesthetic) for the 3rd-grade learners on the theme "Explorers and Inventors". Rate posts with 1-5 stars.*

Дескриптор:

Студент

- 3-сыныпқа арналған "Explorers and Inventors" тақырыбында мультимедиялық ресурстарды қолдана отырып, бастауыш оқушыларының әр бір оқу стиліне қарай 3 тапсырмадан әзірлейді;

- топта бастауыш оқушыларының әр бір оқу стиліне қарай мультимедиялық ресурстарды не үшін қолданғандарын талқылайды.

Төртінші жаттығуда студенттер келесі ертегілерден біреуін таңдап, цифырлық әңгімелеу (digital storytelling) құрды.

e) *Choose a famous English fairy tale and create a digital story.*

- Goldilocks and the three bears
- Snow White and the Seven Dwarfs

- The Wolf and the Seven Little Kids
- The Three Little Pigs
- Little Red Riding Hood
- Cinderella

Цифырлық әңгімелеу - бұл бастауыш мектеп оқушыларын шетел тілін оқыту барысында оқу, жазу дағдыларын дамыту мен цифырлық сауаттылықпен байланыстырудың тиімді жолы. Бастауыш сынып оқушылары өздігінен оқып, жазғаннан гөрі қызықты әңгімелерді көп көргенді ұнатады, ал қазіргі цифырлық құралдар жаңадан өз әңгімесін құруға және жариялауға көмектеседі.

Цифырлық әңгімелеу құралдары (Қосымша Д) бастауыш сынып оқушыларына өз идеяларын қарапайым түрде суреттер қосу және өздері жасаған суреттерді сипаттау үшін жазып, әңгімелеу арқылы бастауға мүмкіндік береді.

Нақты оқи алмайтын немесе сенімді сөйлей алмайтын немесе ағылшын тілін жетік білмейтін студенттер мен оқушылар үшін цифрлық әңгімелер еркін сөйлеуге мүмкіндік береді.

Демек, цифырлық әңгімелеуді оқушыға берместен бұрын шетел тілі мұғалімдері бірінші өзі қалай құратынын және сабақта қолдана алуын білу керек.

Осыған орай, бесінші жаттығуда цифырлық әңгімелеу құру үшін студенттер D-ID жасанды интеллект (ағылш. artificial intelligence) технологиясын қолданды. Себебі, D-ID – оқушыларға өте қызықты. Ол пайдаланушыларға жасанды интеллект бейнені құрайтын суретті (портрет) жүктеуге және мәтінді жазуға мүмкіндік береді [146]. Мұнда әңгімелер жасау, бөлісу және оқу кезінде қолдану ақысыз. Ағылшын тілі мұғалімдері, студенттер және оқушылар үшін *D-ID* - бұл тілдік білімді, әсіресе оқумен жазу дағдыларын дамытудың онлайн құралы. Сонымен қатар осы бағдарлама арқылы студенттер және болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдері цифырлық әңгімелерді өздері құрастыра алады.

Дескриптор:

Студент

- берілген ертегілер тізімінен біреуін таңдайды;
- ертегі бойынша D-ID жасанды интеллект технологиясын қолдану арқылы цифырлық әңгімелеу (digital storytelling) құрайды;
- цифырлық әңгімелеу тиімділігін айтып береді.

Бесінші жаттығуда 4-жаттығуда таңдаған ертегі бойынша драматизация ойнап, видеоға түсіріп, көрсетті.

f) Using the digital video program role-play your chosen fairy tales (group work).

Цифырлық видео және скринкаст жасауда студенттер келесі видео жазатын құралдарды қолданды.

– *Vimeo* – арқылы жоғары сапалы бейнелер жасауға, тікелей эфирге шығуға, командамен бірлесіп жұмыс істеуге және кез келген жерде бөлісуге болады.

– *Screencastomatic* - скринкастарды қарапайым және ыңғайлы жазуға арналған қосымша. Бұл компьютер экранынан және веб-камерадан бейне түсіруге арналған қарапайым және қолдануға болатын бағдарлама. Оның көмегімен демонстрациялар түсіруге болады, және оларды Интернетке жүктеуге немесе дискіге сақтауға болады. *Screencastomatic* бір уақытта қосылған веб-камерадан бейнені және микрофоннан дыбыс жазуға мүмкіндік береді.

– *Camtasia / SnagIt (TechSmith products)* - экранда жоғары сапалы бейне жазуға және қызықты эффекттермен, анимациялармен, және басқа құралдармен әрі қарай өңдеуге ыңғайлы қосымша.

– *Captivate (for e-learning)* - бұл редактордың бастапқыда экранды түсіру құралы ретінде жасалғанына қарамастан, өнімнің соңғы нұсқасында заманауи электронды курстарды құруға мүмкіндік беретін көптеген функциялар бар қосымша.

Дескриптор:

Студенттер

- 4-жаттығуда таңдаған ертегі бойынша рөлдік-ойын ойнайды;
- рөлдік-ойынды видео жазатын құралдарды қолдану арқылы видеоға түсіреді,
- түсірген видеоларын сабақ барысында көрсетеді.

Болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімінің лингводидактикалық субкомпетенциясын қалыптастыратын мәнмәтіндік-коммуникативтік кезеңінде интерактивтік технологияны қолдану арқылы келесі Продуктивті-коммуникативтік жаттығуларды құрастырдык:

Бірінші жаттығуда 2-курс ағылшын тіліліндегі «Successful teaching» бойынша студенттер келесі сұрақтарды вебинарда (Zoom) және форумда (Twitter) талқылады.

a) Discuss the following questions with your groupmates.

1. *What are the skills of the 21st century teachers?*
2. *What are the modern teaching methods in the 21st century?*
3. *What is the importance of ICT?*
4. *What is the professional development of teachers?*
5. *How do you create a professional growth plan for teachers?*

Дескриптор:

Студенттер

- 2-курс ағылшын тіліліндегі «Successful teaching» бойынша берілген сұрақтарды вебинарда (Zoom) және форумда (Twitter) талқылайды.

Екінші жаттығуда студенттер 4-сынып ағылшын тіліндегі “Professions and Ways of Communication” тақырыбы бойынша қатысымдық онлайн чаттар, форумдар, вебинар, және конференциялар құрды.

Create communicative online chats, forums, webinars, and conferences for the 4th grade learners on the topic “Professions and Ways of Communication”.

Студенттер онлайн чаттар және форумдарды құру үшін келесі цифырлық құралдарды қолданды:

– *Twitter* - кез-келген жастағы Интернет пайдаланушылары үшін веб-интерфейсті, SMS немесе лездік хабар алмаса отырып, көпшілікке хабарлама жіберуге арналған әлеуметтік желі.

– *Microsoft Teams* - корпоративті топтық жұмыс (чаттар, конференциялар, файл алмасу және т.б.) жасауға арналған бағдарлама.

– *Zoom* - компьютерде конференция өткізу бағдарламасы. Ол жоғары сапалы бейне қоңырау шалуды қамтамасыз етеді және 100-ге дейін адамдарды бір уақытта қосу қызметі бар.

– *Skype* - қолдана отырып, компьютерлер арасында Интернет арқылы мәтінді, дауыстық және онлайн видео байланыстарды қамтамасыз ететін, ақысыз бағдарлама.

– *Cisco Webex* - бұлтты платформа негізінде вебинарлар мен бейнеконференцияларды ұйымдастырудың ыңғайлы бағдарламасы. Ол сонымен қатар сөйлесуге, аудио қоңыраулар жасауға және файлдарды ортақ пайдалануға мүмкіндік береді. Қосымша корпоративті пайдаланушыларға, сонымен қатар кәсіпкерлерге, мұғалімдерге және қашықтықтан оқытуға арналған.

Дескриптор:

Студенттер

- 4-сынып ағылшын тіліндегі “Professions and Ways of Communication” тақырыбы бойынша қатысымдық онлайн чаттар, форумдар, вебинар, және конференцияларды цифырлық құралдарды қолдану бойынша топта талқылап, өздері құрайды.

Үшінші жаттығуда бастауыш мектепте ағылшын тілін оқытуда бақылау мен бағалау бойынша студенттер сауалнама және тест құрды.

a) Using the Twitter polls create a survey for students in your group on the topic “Buildings” (for the 3rd grade).

ә) Create an online test using the Socrative on the topic “Animals” (for the 3rd grade).

б) Prepare an exercise on the topic “ Hot and Cold ” (for the 4th grade) and create a table of summative assessment criteria. Insert the table into the Padlet online digital tool.

в) Give feedback on other students' assessment tables through Padlet.

Онлайн формативті бағалау мен кері байланыс беру үшін студенттер келесі цифрлық құралдарды қолданды:

– *Twitter polls* - аудиториямен қатысым жасаудың, және адамдардың пікірлерін түсінудің оңай әдісі. Бұл сауалнама (сурет 15) қызметін атқарып, сынып үшін өте пайдалы. Пайдалануы өте оңай және жылдам ақпарат жинаудың тамаша тәсілі.



Сурет 15 – Twitter polls-тағы сауалнамасы

– *Padlet* - бұл басқалармен мәтіндік хабарламалар, фотосуреттер, сілтемелер және т.б. арқылы өзара қатысым жасауға және бір бірінің жұмыстарын бағалауға мүмкіндік беретін веб-сайт (сурет 16).



Сурет 16 – Padlet тақташасы

– *Socrative* - сабақтағы нақты уақыт режимінде тестер, сұрақтар және рефлексиялық сұрақтар арқылы оқушылардың түсіну мен алға жылжуын көмектесетін қалыптастырушы бағалау құралы.

Дескриптор:

Студенттер

- Twitter сауалнамасын пайдалана отырып, өз тобыңыздағы студенттерге «Buildings» тақырыбында (3-ші сынып) сауалнама жасайды;
- Socrative пайдалана отырып, «Animals» тақырыбына (3-ші сынып) онлайн тест құрайды;
- «Hot and Cold» тақырыбына (4-ші сынып) жаттығу дайындап, жиынтық бағалау критерийлерінің кестесін құрастырады. Кестені Padlet онлайн тақтасына салады;
- Padlet арқылы басқа студенттердің бағалау кестелері бойынша жазбаша кері байланыс береді.

Болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру үшін әзірленген жаттығулардың тиімділігі диссертациялық зерттеудің келесі тарауында эксперименттік зерттеу барысында анықталды.

3.3 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастырудың тәжірибелік-эксперименттік нәтижесін талдау.


3.3.1. Эксперименттік-тәжірибенің анықтау кезеңінің нәтижелері

Эксперименттің анықтау кезеңінде болашақ бастауыш мектеп ШТ мұғалімдерінің білім деңгейлерінің көрсеткіштерін анықтайтын үш сауалнама жұмысы жүргізілді.

Эксперименталды (40 студент) және бақылау (40 студент) тобындағы студенттер №1, №2 және №3 сауалнамаларға жауап беру арқылы өз-өздерінің білім деңгейлерін бағалады. №1 сауалнама нәтижесі 14-ші кестеде және 17-ші суретте ұсынылды.

Кесте 14 - Студенттердің/болашақ бастауыш шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени субкомпетенциясы деңгейлерін бағалау сауалнамасы нәтижесі

	Төмен		Орта		Жоғары	
Деңгейлер	Б.Т.	Э.Т.	Б.Т.	Э.Т.	Б.Т.	Э.Т.
Студенттер саны	13	31	11	7	16	2
Критерий бойынша жалпы балл (пайыз)	32,5%	77,5 %	27,5 %	17,5 %	40%	5%




Сурет 17 – Сауалнама жұмысының диаграммалық нәтижесі

Студенттердің/болашақ бастауыш шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени субкомпетенциясы деңгейлерін бағалауға арналған №1 сауалнама нәтижесі бойынша жоғары деңгейде бақылау тобындағы респонденттердің 40% оқып жатқан тіл елі бойынша берілген тапсырмаларға сәйкес оқыту әдістері мен құралдарын орынды пайдаланатының, білім берудің әдістерін меңгерген, оқушылардың жас ерекшеліктері мен оқу стильдерін және бағалаудың әртүрлі түрлері мен әдістерін білетінің білдірсе, эксперименттік тобындағы студенттер 77,5 % өзге елдің тілін және мәдениеті бойынша оқыту процесін құрудың заманауи құралдары мен әдістері туралы білімі нашар қалыптасқан және оқып жатқан елдің тілінде қолданатын сөздері мен фразалары туралы аздап білімі бар төмен деңгейде өздерін бағалады. Осылайша, №1 сауалнама «Студенттердің/болашақ бастауыш шетел тілі мұғалімдерінің лингвомәдени субкомпетенциясы деңгейлерін бағалау» бойынша эксперименттік тобындағы студенттер тіл мен мәдениет арасындағы байланысы мен болашақ мамандықтарында осы компоненттердің маңыздылығы жайлы нақты түсінбегенің көреміз.

№2 сауалнама нәтижесі 15-ші кестеде және 18-ші суретте көрсетілді.

Кесте 15 - Студенттердің/болашақ бастауыш шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-ақпараттық субкомпетенциясы деңгейлерін бағалау сауалнамасы нәтижесі

	Төмен		Орта		Жоғары	
Деңгейлер	Б.Т.	Э.Т.	Б.Т.	Э.Т.	Б.Т.	Э.Т.
Студенттер саны	25	29	15	10	0	1
Критерий бойынша жалпы балл (%)	62,5%	72,5 %	37,5 %	25 %	0%	2,5 %




Сурет 18 – Сауалнама жұмысының диаграммалық нәтижесі

№2 сауалнама нәтижесі бойынша бақылау және эксперименттік топ студенттерінің бастауыш мектепте шетел тілін АКТ арқылы оқу процесін ұйымдастыруда қиындықтарға тап болғандығын көрсетті. Осылайша, екі топ студенттері/болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдері барлығы дерлік кәсіби-ақпараттық субкомпетенциясы деңгейлерінің төмен екенің білдірді.

Соңғы №3 сауалнама нәтижесі 16-шы кестеде және 19-шы суретте ұсынылды.

Кесте 16 - Студенттердің/болашақ бастауыш шетел тілі мұғалімдерінің лингводидактикалық субкомпетенциясы деңгейлерін бағалау сауалнамасы нәтижесі

	Төмен 10-15		Орта 16-21		Жоғары 22-27	
	Б.Т.	Э.Т.	Б.Т.	Э.Т.	Б.Т.	Э.Т.
Студенттер саны	24	23	14	15	2	2
Критерий бойынша жалпы балл (пайыз)	60%	57,5 %	35 %	37,5 %	5%	5 %



Сурет 19 – Сауалнама жұмысының диаграммалық нәтижесі

Студенттердің/болашақ бастауыш шетел тілі мұғалімдерінің лингводидактикалық субкомпетенциясы деңгейлерін бағалау бойынша №3 сауалнама нәтижесінде көптеген студенттер болашақ мамандықтарында қатысымда қолданатын тілдік даярлықтарын білдірді. Осылайша, №1 сауалнама сияқты №3 сауалнама бойынша студенттер тіл мен мәдениет арасындағы байланысы мен болашақ мамандықтарында осы компоненттердің маңыздылығы жайлы нақты түсінбеді деп қорытынды жасауға мүмкіндік берді.


3.3.2. Эксперименттік-тәжірибенің қалыптастырушы кезеңінің нәтижелері

Эксперименттің қалыптастырушы кезеңінде АКТ арқылы бастауыш мектеп болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру үлгісін енгізу жүзеге асырылды. 9-10 кестелерде келтірілген критерийлер мен құралдар бойынша АКТ арқылы бастауыш мектеп болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясы деңгейінің диагностикасы жүргізілді.

Лингвомәдени субкомпетенцияны қалыптастыру барысында студенттердің орындаған тапсырмалар нәтижесі 17-ші кестеде және 20-шы суреттегі диаграммада көрсетілген.

Кесте 17 - Лингвомәдени субкомпетенцияны қалыптастыру нәтижесі

	Бақылау тобы			Эксперименталды топ		
Деңгейлер	<i>төмен</i>	<i>орта</i>	<i>жоғары</i>	<i>төмен</i>	<i>орта</i>	<i>жоғары</i>
Критерий	Лингвомәдени					
Балл	0-9	8-16	17-25	0-9	8-16	17-25
Студенттер саны	10	3	27	2	8	30
Критерий бойынша жалпы балл (пайыз)	25%	7,5%	67,5%	5%	20%	75%




Сурет 20 – Лингвомәдени субкомпетенцияны қалыптастыру нәтижесі

Диаграмманың бірінші критерийі бойынша екі топта жоғары балл жинағаның көрсетеді. Алайда, эксперимент тобының студенттерінде оқытудың сапалық көрсеткіштері бақылау тобының студенттеріне қарағанда 10-15% жоғары. Осыған сүйене отырып, эксперименттік топ студенттері өздерінің кәсіби әдістемелік және АКТ құралдарын қолдана отырып жүзеге асыруға дайын деп қорытынды жасауға болады.

Кәсіби-ақпараттық субкомпетенцияны қалыптастыру барысында студенттердің орындаған тапсырмалар нәтижесі 18-ші кестеде және 21-ші суреттегі диаграммада көрсетілген.

Кесте 18 - Кәсіби-ақпараттық субкомпетенцияны қалыптастыру нәтижесі

Деңгейлер	Бақылау тобы			Эксперименталды топ		
	<i>төмен</i>	<i>орта</i>	<i>жоғары</i>	<i>төмен</i>	<i>орта</i>	<i>жоғары</i>
Критерий	Кәсіби-ақпараттық					
Балл	0-9	8-16	17-25	0-9	8-16	17-25
Студенттер саны	10	5	25	2	7	31
Критерий бойынша жалпы балл (пайыз)	25%	12,5%	62,5%	5%	17,5%	77,5%




Сурет 21 – Кәсіби-ақпараттық субкомпетенцияны қалыптастыру нәтижесі

Диаграммада осы критерий бойынша эксперимент тобындағы көптеген студенттер бақылау тобының көрсеткіштерінен жоғары 77,5 % жинады, бұл бақылау тобының көрсеткіштерінен қарағанда едәуір жоғары. Осыған сүйене отырып, эксперименттік топтың студенттері бақылау тобындағы студенттерге қарағанда АКТ құралдарын бастауыш мектептің шетел тілі оқу процесіне енгізуге көбірек дайын деген қорытынды жасауға болады.

Кәсіби-ақпараттық субкомпетенцияны қалыптастыру барысында студенттердің орындаған тапсырмалар нәтижесі 19-шы кесте және 22-ші суреттегі диаграммада көрсетілген.

Кесте 19 - Кәсіби-ақпараттық субкомпетенцияны қалыптастыру нәтижесі

	Бақылау тобы			Эксперименталды топ		
Деңгейлер	<i>төмен</i>	<i>орта</i>	<i>жоғары</i>	<i>төмен</i>	<i>орта</i>	<i>жоғары</i>
Критерий	Кәсіби-ақпараттық					
Балл	0-9	8-16	17-25	0-9	8-16	17-25
Студенттер саны	7	7	26	3	4	33
Критерий бойынша жалпы балл (пайыз)	17,5%	17,5%	65%	7,5%	10%	82,5%




Сурет 22 – Кәсіби-ақпараттық субкомпетенцияны қалыптастыру нәтижесі

Диаграммада эксперимент тобының көптеген студенттері осы критерий бойынша 16-20 баллдан 82,5% жинады, бұл бақылау тобының көрсеткіштерінен едәуір асып түседі. Ал, орташа өлшем көрсеткіші бойынша керісінше бақылау тобындағы студенттер эксперименттік топқа қарағанда 11-15 балл жоғары алған.

Лингводидактикалық субкомпетенция қалыптастыру барысында студенттердің орындаған тапсырмалар нәтижесі 20-шы кесте және 23-ші суреттегі диаграммада көрсетілген.

Кесте 20 - Лингводидактикалық субкомпетенция қалыптастыру нәтижесі

	Бақылау тобы			Эксперименталды топ		
Деңгейлер	<i>төмен</i>	<i>орта</i>	<i>жоғары</i>	<i>төмен</i>	<i>орта</i>	<i>жоғары</i>
Критерий	Лингводидактикалық					
Балл	0-9	8-16	17-25	0-9	8-16	17-25
Студенттер саны	11	5	24	1	5	34
Критерий бойынша жалпы балл (пайыз)	27,5%	12,5%	57,5%	2,5%	12,5%	85%



Сурет 23 – Лингводидактикалық субкомпетенциясын қалыптастыру нәтижесі

Диаграммадан осы критерий бойынша эксперимент тобының студенттері айтарлықтай жоғары балл жинағаның көруге болады. Осы топ студенттерінің 85%-ы 16-20 балл жинап, бастауыш мектепте шеттілдік білім беруде жаңа бағдарламалық құралдарды қолдану арқылы жоғары дайындық деңгейін көрсетті. Осы өлшем бойынша эксперименттік топпен бақылау тобындағы орташа көрсеткіштер бірдей балл жинағының көреміз.

Эксперименттің қалыптастырушы кезеңіндегі студенттердің - болашақ бастауыш мектеп ШТ мұғалімдерінің АКТ негізінде кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенция қалыптастырудың барлық субкомпетенцияларын бағалау нәтижелері -шы кестеде көрсетілген.

Кесте 21 - Эксперименттің қалыптастырушы кезеңіндегі студенттердің АКТ негізін де кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенцияның субкомпетенцияларын бағалау нәтижелері

	Бақылау тобы			Эксперименталды топ		
	<i>төмен</i>	<i>орта</i>	<i>жоғары</i>	<i>төмен</i>	<i>орта</i>	<i>жоғары</i>
1	2	3	4	5	6	7
Критерий	Лингвомәдени					

21-ші кесте жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
Балл	0-9	8-16	17-25	0-9	8-16	17-25
Студенттер саны	10	3	27	2	8	30
Критерий бойынша жалпы балл (пайыз)	25%	7,5%	67,5%	5%	20%	75%
Критерий	Кәсіби-ақпараттық					
Балл	0-9	8-16	17-25	0-9	8-16	17-25
Студенттер саны	10	5	25	2	7	31
Критерий бойынша жалпы балл (пайыз)	25%	12,5%	62,5%	5%	17,5%	77,5%
Критерий	Кәсіби-ақпараттық					
Балл	0-9	8-16	17-25	0-9	8-16	17-25
Студенттер саны	7	7	26	3	4	33
Критерий бойынша жалпы балл (пайыз)	17,5%	17,5%	65%	7,5%	10%	82,5%
Критерий	Лингводидактикалық					
Балл	0-9	8-16	17-25	0-9	8-16	17-25
Студенттер саны	11	5	24	1	5	34
Критерий бойынша жалпы балл (пайыз)	27,5%	12,5%	57,5%	2,5%	12,5%	85%

Алға қойылған гипотезаны критерийлерді есептеу үшін О. В. Баранова жұмысында берген формуланы қолданамыз [147], және тексеру әдістемесін біз келесідей береміз:

Бақылау тобының n -деңгейлері: n_1 -төмен, n_2 -орта, n_3 -жоғары деңгейлер және C -критерийлер: C_1 -лингвомәдени, C_2 -кәсіби-ақпараттық, C_3 -кәсіби-ақпараттық, C_4 - лингводидактикалық:

$$n_{1-3} = \frac{C_1 + C_2 + C_3 + C_4}{4}$$

$$n_1 = \frac{25+25+17,5+27,5}{4} = 23,7\%$$

$$n_2 = \frac{7,5+12,5+17,5+12,5}{4} = 12,5$$

$$n_3 = \frac{67,5+62,5+65+57,5}{4} = 63,1\%$$

Эксперименттік тобының m-деңгейлері: m₁-төмен, m₂-орта, m₃-жоғары, C-критерийлер: C₁ -лингвомәдени, C₂ -кәсіби-ақпараттық, C₃-кәсіби-ақпараттық, C₄ - лингводидактикалық.

$$m_{1-3} = \frac{C_1+C_2+C_3+C_4}{4}$$

$$m_1 = \frac{5+5+7,5+2,5}{4} = 5\%$$

$$m_2 = \frac{20+17,5+10+12,5}{4} = 15\%$$


$$m_3 = \frac{75+77,5+82,5+85}{4} = 80\%$$

3.3.3. Эксперименттің анықтаушы және қалыптастырушы кезеңдерінің нәтижелерін салыстыру

Эксперимент жұмысынан алынған цифырлық көрсеткіштерді Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ бастауыш мектеп ШТ мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастырудың деңгейіне аудару негізінде бақылау және эксперименттік топтардың нәтижелерін салыстырдық. Салыстырмалы нәтижелер 22-ші кестеде және 24-ші суреттің диаграммасында келтірілген.

Кесте 22 - Бақылау және эксперименттік топ студенттерінің - болашақ бастауыш мектеп ШТ мұғалімдерінің АКТ арқылы қалыптасқан кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенция нәтижелері

Эксперимент кезеңі	Болашақ бастауыш мектеп ШТ мұғалімдерінің АКТ арқылы қалыптасқан кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясы деңгейлері					
	Төмен		Орта		Жоғары	
	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ
Эксперимент алдындағы	51,7%	69,2 %	33,3 %	26,7 %	15%	4,2 %
Эксперимент соңындағы	23,7%	5%	12,5%	15%	63,1%	80%



Сурет 24 – Бақылау және эксперименттік топ студенттерінің - болашақ бастауыш мектептегі ШТ мұғалімдерінің АКТ негізінде қалыптасқан кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясы нәтижелері

24-ші суреттің диаграммасында келтірілген эксперименттік мәліметтер эксперименттік топ болашақ бастауыш мектеп шетел тілдері мұғалімдерінің эксперимент барысында Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясы деңгейі бақылау тобының студенттеріне қарағанда едәуір жоғарылағанын айқын көрсетті.

Жалпы айтқанда, эксперименттік топ студенттерінің АКТ қолдануы бақылау тобына қарағанда жоғары болды. Себебі бақылау тобының студенттері АКТ-ны қолданусыз оқытылды. Оның орнына олар тәжірибе кезінде тек дәстүрлі құралдар түрлерін пайдаланды.

Эксперимент нәтижелері болашақ бастауыш мектеп ШТ мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптастыру әдістемесінің тиімділігін көрсетті.

Үшінші тарау қорытындысы

Бастауыш мектеп болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясының бастапқы даму деңгейін анықтау мақсатында төрт бағалау критерийі анықталды: мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік және рефлексивтік. Критерийлердің әрқайсысы көрсеткіштерде көрсетілген. Сонымен, *мотивациялық* критерийдің көрсеткіштері келесідей болды: тұрақты мотивация және бастауыш мектеп болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби қызметіне қызығушылық таныту және әртүрлі жағдаяттарда мәдениетаралық коммуникацияны орнату; *мазмұндық* критерийдің көрсеткіштері ретінде: ағылшын тілінде коммуникация жасай

алуы, кәсіби бағытталған лексикалық бірліктерді қолдана алуы, аутентті кәсіби бағытталған мәтіндерді оқу және түсіну; *іс-әрекеттік* критерийінің көрсеткіштері мыналар болды: ағылшын тілі (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық аспектілер) білімін жүйелеу қабілеті; ағылшын тілін пайдалана отырып, кәсіби білім мен дағдыларды қолдану; *рефлексиялық* критерийдің көрсеткіштері ретінде: коммуникация үдерісінде шетел тілін меңгеру деңгейін өздігінен талдау мүмкіндігі; бастауыш мектеп болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру деңгейін өзіндік бағалау анықталады. Анықталған критерийлер мен көрсеткіштер негізінде бастауыш мектеп болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру деңгейлері (жоғары, орташа, төмен) сипатталды. Бастауыш мектеп болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастырудың *жоғары деңгейі* әртүрлі жағдаяттарда мәдениетаралық коммуникация орнататын мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіне тұрақты мотивация және қызығушылықпен сипатталды; коммуникацияны ағылшын тілінде жүргізу; кәсіби бағытталған лексикалық бірліктерді қолдану, кәсіби бағдарланған мәтіндерді оқу және түсіну; ағылшын тілі (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық аспектілер) бойынша білімдерін жүйелеу; ағылшын тілін қолдана отырып, кәсіби білім мен іскерліктерді қолдану; шетел тілін меңгеру деңгейін өздігінен талдау қабілеті; бастауыш мектеп болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру деңгейін өзіндік бағалау. Кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастырудың орташа деңгейінде болашақ мұғалімдер кәсіби іс-әрекетіне және мәдениетаралық коммуникация орнатуына фрагменттік қызығушылық танытты. Тәжірибе барысында студенттермен әртүрлі кәсіби бағдарланған жағдаяттарда сөйлестік. Олардың ағылшын тілін орташа деңгейде меңгергені анықталды. Студенттер ағылшын тілін үйренуде АКТ-ны қолдану арқылы кәсіби білім мен дағдыларды қолдануда қиындықтарға тап болды. *Мотивациялық* критерийдің көрсеткіштері сауалнамалар мен студенттердің мектеп өндірістік практикасы кезінде бақылау арқылы тексерілді. Мазмұндық критерийлерді қалыптастыратын көрсеткіштерін анықтау үшін YouTube арнасында «Аутентті мәтінді оқуға кәсіби бағытталған дағдыларын қалыптастыру әдістемесі» тақырыбында шетелдік профессорлар мен практик оқытушылардың қаралған подкасттары мен дәрістерінің мазмұны бойынша талқылаулар өткізілді.

Анықтаушы эксперимент кезеңінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясы субкомпетенцияларын қалыптастырудың базалық деңгейлерін анықтау үшін екі топқа да сауалнама әдісі арқылы талдау жүргізілді. Талдау нәтижесі бойынша студенттердің бастауыш мектепте шетел тілін оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану деңгейлерінің төмен болғанын

және №1 сауалнама мен №3 сауалнамаларда студенттер болашақ мамандытарында тіл мен мәдениет арасындағы байланысының маңыздылығы жайлы нақты түсінбегендерін білдірді.

Эксперименттің қалыптастырушы кезеңінің нәтижелері эксперимент тобындағы студенттердің 80% -ы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясының жоғары деңгейіне жеткендігін көрсетті. Бұл зерттеу гипотезасын нақтылауға мүмкіндік берді.

Сипатталған эксперименттік жұмыстың нәтижесі студенттердің ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясы деңгейінің едәуір жоғарылауымен қатар, оқуға деген мотивацияларын қалыптастырумен өтті; бақылау тобымен салыстырғанда эксперименттік топ студенттері ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, бастауыш мектеп оқу үдерісінде жүзеге асыра алатын қабілеттерін көрсетті (Қосымша Е).

ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық зерттеуде университеттің оқу үдерісінде болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын АКТ арқылы қалыптастыру проблемасын шешудің механизмдері ұсынылған.

Құралған лингводидактикалық шарттарды негіздеу мен эксперименттік тұрғысынан тексеру және болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру моделі мен оны жүзеге асыру технологиялары оған дәлел. Тәжірибелік эксперимент жұмысы барысында зерттеу мақсатына қол жеткізілгенін және қойылған міндеттердің шешімін растайтын нәтижелер алынды, бұл келесі тенденцияларды анықтауға мүмкіндік берді:

1. Болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздерін әзірлеу үшін жоғары шеттілдік кәсіби білім беруді дамытудың қазіргі заманғы тенденцияларын анықтадық:

1) «Мұғалім» стандартындағы оқытушылардың компетенциялары мен индикаторларына қойылатын талаптарын жүзеге асыру;

2) АКТ негізінде ерте білім беру үшін жоғары шеттілдік кәсіби білім беру құзыреттілік парадигмасының қалыптасуын;

3) әдістемелік цикл және АКТ пәндерінің пәндік-тілдік интеграциясында біртұтас оқу үдерісін модельдеуге пәнаралық тәсілді жүзеге асыру;

4) шетел тілін ерте оқыту үшін кәсіби-бағытталған шеттілдік білім беруде жүзеге асырылатын бастауыш мектеп болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлаудың кәсіби бағдарын.

Бұл диссертация жоғарыда аталған тенденцияларды біріктіруге негізделген.

2. Бастауыш мектеп болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлаудың зерттеу мәселесі осы деңгейдегі мамандарға әлеуметтік қажеттіліктен туындайды. «Педагог» кәсіби стандартын және жоғарғы оқу орнындарындағы бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерін даярлау бағдарламаларын талдау негізінде болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби даярлығының келесідей ерекшеліктері: болашақ мұғалімдердің ерте жастан оқыту психологиясын, даму физиологиясын, оқытатын шетел тілін меңгеру деңгейлерін; оқушылармен тиімді өзара әрекеттесуді құру және оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, сабақ жоспарын құру, оқыту үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану, сондай-ақ өзін-өзі рефлексиялық бағалау мен мұғалімдердің озық тәжірибесін «сабақты зерделеу/Lesson study» әдісі арқылы саралау қажеттілігі айқындалды.

3. Болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптастыру мәні мен құрылымы ашылды. «Кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясының» негізгі ұғымы құрамына

болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби қызмет жағдаяттарына байланысты мәдени және лингвистикалық білімдерді, шетел тілін оқыту үдерісінде құралдарды соның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кәсіби қолдану дағдылар жиынтығын қамтитын көп өлшемді феномен ретінде қарастырып, құрамдас субкомпетенцияларын (лингвомәдени, кәсіби-ақпараттық, лингводидактикалық) енгіздік.

4. Болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздеріне бағдарланған лингводидактикалық шарттары негізделді және сипатталды. Біздің зерттеуіміз үшін келесі лингводидактикалық шарттар маңызды: а) бастауыш мектепте шетел тілін оқыту мәселелерін шешуге дайын шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлау сапасын арттырудағы білім беру бағдарламасының бағыт-бағдары; ә) болашақ мұғалімдерді шетел тіліндегі коммуникативтік-когнитивтік іс-әрекетке баулу; б) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізіндегі оқу үдерісінің шығармашылық бағыттылығы.

5. Кәсіби тұжырымдама «Бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерін даярлаудың теориялық және әдістемелік негіздері» модульдерімен анықталды және «кәсіби-негізделген» және «кәсіби-анықтайтын» екі блоктан тұрды. Бұл блоктардың міндеттерін жүзеге асыру кәсіби қызметтің ұғымдық-коммуникативтік жүйесін қамтамасыз етуге бағытталды. Модульге енетін пәндер болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби негізделген қатысымын қалыптастырудың әдістемелік жүйесін қамтамасыз етті. «Ерте шетел тілін оқыту әдістемесі және технологиясы» және «Шетел тілін АКТ арқылы оқыту» пәндері 1. когнитивті-ұғымдық, 2. инетрактивті-цифырлық, 3. коммуникативтік компоненттер арқылы «Бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерін даярлаудың теориялық және әдістемелік негіздері» модулінің функционалдық мазмұнын берді. Базалық шетел тілі пәннің мазмұнын ескере отырып, АКТ көмегімен қатысым мен байланыс орнатуға және алған білімдерін жинақтауға мүмкіндік берді. Кәсіби тұжырымдаманы жүзеге асыру келесі нәтижелері анықталды: 1. АКТ-ны «Базалық шетел тілі» және «Ерте шетел тілін оқыту әдістемесі мен технологиясы» пәндерінің когнитивті-ұғымдық мазмұны бар жаттығулар жүйесінде пайдалану, 2. АКТ-ны «Базалық шетел тілі» және «Ерте шетел тілін оқыту әдістемесі мен технологиясы» пәндерінің ақпараттық-аккумулятивтік мазмұны бар коммуникативті жағдаяттарда қолдану, 3. «Базалық шетел тілі» және «Ерте шетел тілін оқыту әдістемесі мен технологиясы» пәндерінің контекстік коммуникативті мазмұны бар кейстерді шешуде АКТ пайдалану. Кәсіби тұжырымдаманың нәтижелері кезеңдер (1. жағдаяттық-иллюстративтік, 2. контексті-коммуникативтік, 3. ақпараттық-аккумулятивті) арқылы жүзеге асты.

6. Бастауыш мектеп болашақ шетел тілі мұғалімдерінің ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы кәсіби-когнитивті-

коммуникативтік компетенциясын қалыптастырудың әдістемелік моделі әзірленді. Модель шеттілдік білім берудің инновациялық технологияларына деген қоғамның объективті қажеттіліктерін ашатын және оның мәнді, мазмұндық және әдістемелік сипаттамаларын көрсететін және нәтиже ретінде бастауыш мектеп болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастырудың әдістемелік жүйесін қамтамасыз етуге арналған. Ұсынылған модель аясында болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастырудың теориялық базасы негізінде зерттеу жұмысымыздың әдістемесі, мазмұны мен функционалдық құрамдас бөліктері, сонымен қатар, осы үдересті жүзеге асыру практикалық технологиялары мен бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерін тиімді даярлау жолдары.

Әдістемелік модель келесі тәсілдерге негізделген тұжырымдамалық-теориялық тұжырымдамасында жүзеге асырылды: когнитивті-лингвомәдени, құзырлы, интерактивті-дидактикалық тәсілдер болып табылады. Кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру моделі когнитивтік-іс-әрекет, ақпараттық-интерактивті және селективті-коммуникативтік ұстанымдарын ескере отырып әзірленді. Осы тәсілдер мен ұстанымдарымен байланыстағы бастауыш мектеп болашақ ағылшын тілі мұғалімдерін даярлаудың кәсіби тұжырымдамасы анықталып, сипаттама берілді. Келесі кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру моделін жүзеге асыратын технологиялар (ойын, интерактивті, ақпараттық-коммуникациялық, кейс) мен кезеңдері (ұғымдық –когнитивтік, ақпараттық-аккумулятивтік, прагматикалық-репрезентациялаушы, мәнмәтіндік-коммуникативтік) анықталды.

Интегративті технологиялар - бастауыш мектеп болашақ шетел тілі мұғалімдерімен жұмыс істеу әдістемесінде пәнаралық зерттеудің жалпы ғылыми инновациялық әдістерін қолдану перспективасын ашады, материалға қызығушылықты, тұлғалық маңызды мазмұнды қабылдауды, шығармашылық белсенділікке жетелейтін оқу мотивациясын оятуға, бастауыш мектеп болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыруды жүзеге асыруға көмектесетін кешенді, жүйелі педагогикалық үдерісі. Сонымен қатар, шеттілдік білім беру үдерісінде әртүрлі вариацияларда қолданылатын, базалық шетел тілі және АКТ арқылы ерте шеттілдік білім беру әдістері мен технологиялары пәндерінің интегративті факторы болып табылады.

Ұсынылған модель аясында базалық шетел тілі және АКТ негізінде ерте шеттілдік білім беру әдістемесі мен технологиялары пәндерінің мазмұнын қамтитын кәсіби лингводидактикалық модульді әзірлей отырып, болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясының субкомпетенцияларын қалыптастыруға бағытталған интегративті-интерактивті жаттығулар жүйесі мен тапсырмалар кешені әзірленіп, оқу үдерісіне енгізілді.

